КӘДІМГІ



СӘБЕҢ

КӘДІМГІ СӘБЕҢ

СӘБИТ МҰҚАНОВҚА АРНАЛҒАН ЖЫРЛАР

1940 – 2005

Алматы
«Дәуір»
2008

ББК 83. 3 (5 Қаз)
К 24

Алматы қаласының Мәдениет басқармасы
С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің мемлекеттік
әдеби-мемориалдық мұражай кешені

Құрастырған, алғы сөзін жазған әрі
жауапты редакторы Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВ

Кәдімгі Сәбең. С. Мұқановқа арналған жырлар.
Құраст. Ә. Қайырбеков. – Алматы. ЖШС РПБК
«Дәуір», 2008, – 192 б.

ISBN 978-601-217-045-0

Қазақ әдебиетінің классигі, академик-жазушы Сәбит Мұқановтың асыл бейнесі оның өмірі мен шығармашылығына тәнті болған замандас жыр жүйріктерінің, қарапайым оқырмандарының арнау өлеңдерінен де көрініс тапқан. Жинаққа топтастырылған өлеңдер әр жылдарда, әр кезеңдерде жазылған. Уақыттың табы, заманның лебі, мезгілдің бояуы бар.

45739

ББК 83. 3 (5 Қаз)

4603020000
К ----------
00 (05)-08

ISBN 978-601-217-045-0

@Кәдімгі Сәбең, 2008

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

СӘЛЕМ СӨЗ

Қазақ поэзиясында арнау өлеңдердің де алатын өз орны бар. Арнау өлеңдердің сонау көне түрік сарындарынан тамыр тартатынын бағамдай отырып, XY–XIX ғасырлардағы қазақ халық лирикасы, жыраулар поэзиясы тұтастай алып қарағанда арнау өлеңдердің асыл-ақықтарына тұнып тұрғанын аңғарамыз. Арнау өлеңдерді ауыз әдебиетінен де, кейінгі жазба әдебиетінен де молынан ұшырастырамыз. Арнау өлеңді Байрон да, Пушкин де жазған, Абай да, Мағжан да жазған. Арнаудың арнасы кең. Арнау өлең жазбаған ақын бар ма екен...

Қазақ поэзиясында жеке тұлғаларға өлең арнау дәстүрі XX ғасырда да кең көрініс тапты, XXI ғасырда да жалғасты болуда.

Өмір бақи шумақ-шумақ жыр шашуға оранған алыптардың бірі – қазақ әдебиетінің классигі, академик-жазушы Сәбит Мұқанов еді. 50-60-70 жылдық мерейтойларында ол арнау өлеңдерді өз құлағымен естіп, өз көзімен оқып, жылы сөзге жаны жадыраса, 80-90-100 жылдық мерейтойларында оқылған арнау жырлар оның рухына бағышталды. ЮНЕСКО шешімімен ұлықталған 100 жылдық мерейтойына арнайы мүшәйра да өткізілді.

М.Әуезов 1946 жылы «Жолы кең жазушы» деп мақала жазғанда Сәбең әлі елуге де толмаған екен-ау. Өзі «Жол таптым бар қазақтың жүрегіне!» деп қалай батыл айтқан! Шынында да өз халқының шын ықыласына бөленген азаматқа ғана жырдан ағыл-тегіл алғыс-рахмет жауса керек.

XX ғасырда ең көп оқылған жазушы, қазақ қауымына кең танылған, әрбір оқушы, малшы, механизатор, мұғалім, дәрігер, инженерлердің сырласы болған, мұңдасы болған жазушы Сәбең – Сәбит Мұқанов еді ғой. Сондықтан оған хат таныған бүлдіршіннен бастап, аңыз-абыз қариялларға дейін жыр арнаған. Қатарлас, қаламдас, қанаттас ақын аға-інілері де халқының сүйіспеншілігіне бөленген жазушыға деген ыстық ықылас-құрметтерін жырмен өрнектеп жеткізуге жарыса атсалысқан.

Қазақ жазба поэзиясындағы арнау өлеңдердің табиғаты күрделі, алуан қырлы. Көбіне ақындар өлең арнаған адамымен сырласуға, ой-арманын бөлісуге, тіпті, іштегі шер-мұңын жеткізуге де ұмтылатынын байқаймыз. Сәбит Мұқанов өзі де ақын, жазушы болғандықтан, оған өлең арнаушы ақынға қойылар талап та жоғары

болмақ. Дегенмен, арнау өлеңдердің бәрі бірдей інжу-маржан деуден аулақпыз. Рас, арнау өлеңдердің бәрінің басын жинақтап, іріктеп, сұрыптап ұсынғандағы мақсат, осы туындылардың өзін салыстыра қарап, сана сүзгісінен өткізіп, Сәбеңнің сом тұлғасын жасауға қаншалықты септігі тиіп тұрғанын оқырманның өзі анықтар деген ой.

Бір көңіл аударарлық жайт, өлең арнаушы ақындар Сәбит Мұқановқа деген ізет пен ілтипатын алуан түрлі тақырыптық, мазмұндық, түрлік ізденістер арқылы жеткізеді. С.Мұқановтың адамгершілік, шығармашылық ғұмырбаянының іздері айқындала түседі. Мінез қырлары, кісілік болмысы ашыла түседі.

Зерттеушілер арнау өлеңдердің сыңар диалог екендігіне жиі назар аудартады. Егер өзіне арнаған әрбір өлеңге Сәбең де өлеңмен жауап қатып отырса, қалай болар еді?! Әлемде теңдесі жоқ айтыс өнеріміздің бастауы сол сұрақ-жауап түріндегі өлеңмен тіл қатысу ғой! Кезінде Ахмет Байтұрсынұлының арнау өлеңдерді – сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау – деп үшке бөлуі бекер емес.

Қазіргі қазақ поэзиясында арнау өлеңдердің небір үздік үлгілері бар. Соның табиғатын тану, ғибрат тұту, рухани ләззат алу да бір ғанибет.

Ғабит Мүсіреповтің сөзімен айтқанда: «Жазушы Сәбит Мұқановтың қолынан туған еңбектер өз алдына бір энциклопедия». Ал сондай күрделі де кесек тұлғаның бейнесін ақындар жырмен қалай сомдап шыққанына осы арнау өлеңдер жинағын оқып шығып баға берерсіз, ойлы оқырман!

Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВ,
С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің мемлекеттік
әдеби-мемориалдық мұражай кешенінің директоры,
филология ғылымдарының кандидаты.

1940 - 1949

Қасым АМАНЖОЛОВ

СӘБИТКЕ

Ішімде жанар таудай жатыр жырым,
Ұшқындап, іште қайнап, сұрапылым,
Көрерсіз соның бұрқап атылғанын,
Жаңғыртып жан түкпірін, ойдың шыңын.
Өлеңнің қаптатармын отты селін,
Толассыз топанындай ертегінің.
Білерсіз кім екенін сонда, Сәке,
Бұл күнде от шайнаған тентек інің.

1942 ж.

АҚЫНДАР БЕСЖЫЛДЫҒЫ

(Достық әзіл)

"Сұлушаш" қашты шошып "Ақ аюдан",
Сәкең жоқ қашқан қызды соңынан қуған.
Сырласып Асқар, Темір, Балуанмен,
Сәкеңнің жүрген жері күнде думан.
"Сөз – советтік Армия" сапын құрған,
"Біздің заман батыры" мына тұрған.
"Есілдей" есіп жатқан көңілі бар,
Сәкеңе өкпелейтін "қай антұрған?"

1945 ж.

Есенби ОМАРОВ

СӘБИТКЕ

Оқысам тәтті жырың көңілім тасып,
Самалдай шалықтаймын белден асып.
Кешегі жалшы Сәбит, қойшы Сәбит,
Бүгін жүр нұрлы өмірде алшаң басып.

Халықтың бұлбұл ұлы, ақын аға,
Тағы да шарықтай түс қанат қаға.
Советтік поэзия мұрасы боп,
Әлі де туа берсін жырлар жаңа.

1947 ж.

1950 - 1959

Жақан СЫЗДЫҚОВ

СӘБИТКЕ

Елу жыл келді еленбеп,
Қырауын қара, сақалдың.
Үміт етіп сенен көп
"Кәдімгі Сәбит" атандың.

Жүрегіңнен жыр тасып,
Жорғалай басты қаламың.
Тұлғасымен ұштасып
Советтік ұлы заманның.

Ақтарып алтын сырыңды,
Көсемнің қолын ұстадың.
Тұңғыш жазған жырыңды
"Басылсын!" – деді Сталин!

Жылжыды жылдар, зырлады ай,
Келіп те қалдың елуге.
"Шашың – январь, көңілің – май"
Кәдімгі Сәбит елуде.

Бер, қолыңды тағы да
Білдірдік достық көңілді.
Елдің жасап бағына
Бақытты бол, өмірлі!

1950 ж.

Ғаббас ЖҰМАБАЕВ

СӘБИТ АҒАЙҒА

Жас, албырт жүрегімді шаттық кернеп,
Алдыңа асқақ жыршы келдім, аға.
Тапсырды Сізге айрықша сәлем бер деп,
Алтын Арқа, бақытты қала, дала.

Мұхиттай терең ойдың арнасына,
Бұлақ боп осы азғантай ақсын жырым.
Мәңгі өшпес қасиетті Парнасыңа
Үздіксіз бақыт күні төккен нұрын.

Шығандап шыңға өрлеп шықсын даңқың,
Адам жанын тебірентіп сөзің асыл.
Сені де хұрметтейді туған халқың,
Мадақтап еске алады талай ғасыр.

Қызыл туға бөленген еңбегіңнің
Жеңісі жылдан-жылға тассын шалқып.
Қасиетті керуені келер күннің
Тың жолмен алға тартсын жырыңды артып.

1950 ж.

Қасым АМАНЖОЛОВ

* * *

Тыңдаңыздар, артқы іні, алғы аға;
Жеңгейлерден жырым бүгін, ал баға.
Арналады жүрегімнің бұл күйі,
Мұқанова Сәбитовна Жаннаға.

Кіп-кішкене балапаны Сәкеңнің,
Шақырыпсың тойына сен әкеңнің,
Түсінемін бақытыңды, қарағым,
Қолда барым – осы өлеңді әкелдім.

Сәкең, Мәкең арасында өскен гүл,
Саған лебін тигізсін де дос көңіл,

Жайқалғын, өс, жақсы әкенің ұрпағы,
Сақтап, жаттап, жыр қуатын өс те біл.

Бұл ағаңның аз сыйлығын мол сана,
Мол сыйлықтар үйлеріңе толса да;
Келші, достар, алшы тосты, ішелік,
Жанна алдында ұятырақ болса да.
1950 ж.

Сырбай МӘУЛЕНОВ

СӘБИТКЕ

Ерттеп мініп елуді,
Жүзге тартып жөнелдің.
Жырмен тербеп еліңді,
Махаббатқа бөлендің.
Қар жамылған шыңдардай
Көріскенде жүзбенен.
Жиырма бесте тұрғандай
Бірге аттарсыз бізбенен.
Сол күндерге айнымай,
Жас қалпында жетерсің.
Өленді кең жаныңдай
Елге тарту етерсің!
1950 ж.

Мәриям ХАКІМЖАНОВА

АҚЫНҒА

Ой кеудесін серпіп,
Шындық шырқап жөнелді.
Күй сандығын шертіп,
Қуанышқа кенелді.

Салмағы бар сөздерім,
Таразыға тартылып.

Қатарынан өзгенің
Кетпесе де артылып.

Ақын аға атыңа,
Ұсынылды жүректен.
Еңбек еттің халқыңа,
Адал, әділ жүрекпен.

Арды ту ғып қолыңа,
Антпен жуып ұстадың.
Коммунизм жолына
Барды жайып тастадың.

Толқынды ұлы Тобылдың
Толқынында жыр төккен.
Тартысында өмірдің
Талай асу жолды өткен.

Октябрьдің таңынан
Қуат алдың, от алдың.
Жарқ етіп, жалшы табынан,
Коммунист, ақын атандың.

Дұшпандарды тіліңмен
Найзаладың, түйредің.
Советтік сара жырыңмен,
Сан жасты алға сүйредің.

Басшы болып сол көпке.
Ақындық туын көтердің.
Еңбегің кетпес құр текке,
Халық сенімін өтедің.

Сондықтан да халық сені,
Ақыным деп мәпеледі,
Елу жылдық мерекеңді
Атап өтті совет елі.

1951 ж.

Әбу СӘРСЕНБАЕВ

КӨКТЕМГІ ТАСҚЫН

Жел, дүлей жел, ажылдап дем алады,
Буырқанып бұлт қанатын қағады.
Көкжал толқын күрсінеді дөңбекшіп,
Құлайды да теуіп биік жағаны.

Кейде жарды үңгиді де етектеп,
Жөнеледі үйдей сеңді жетектеп.
Шуылдайды кейде аспанға шаншыла
Төмен шөккен бұлтты мұзбен кесектеп.

Ойпаң тұсты омырып та барады,
Сел қаптаған ағыл-тегіл даланы.
Құрау, құрау, құла бие, құлыншақ!
Қайда өздері? Сең баспаса жарады!

Бұлт пен толқын кетердей-ақ тоғысып,
Күтірлейді сең толқында соғысып.
Ақын аға, жылқы іздеген жалғызды
Кетпегей тек көктем селі тоғытып.

Кешір, аға, кең тынысты әрқашан,
"Есіліңді" жөн болар ед жалғасаң.
Алғыстар ек, әдемі бір дастанды
Жаңа келген жас күштерге арнасаң!

Жел, дүлей жел, бұлт жыртылып көктегі,
Мұз шатырлап мөңкиді апайтөстегі.
Түптен терең сапырылған қатерлі
Есілден біз тұрмыз қазір өткелі.

1954-1958 ж.ж.

1960 - 1969

Кенен ӘЗІРБАЕВ

СӘБИТКЕ

Келдің бе, Сәбит, Мария, есен-аман?
Тілектес болып жаттық біз де саған.
Аралап жердің жүзін саяхаттап,
Көрдіңдер талай қала, талай адам.

Аман ба, бала-шаға, аймақтарың,
Кілегей сүт бетінде қаймақтарың.
Асылып мойыныңа, ата-аналап,
Қуанып бота көзің – тайлақтарың.

Ұшады аққу, қаздар көлін аңсап,
Желеді тұлпар туған жерін аңсап.
Өз үйің ұшқан ұя, қандай қызық,
Келгенде алыс жолдан арып-шаршап.

Хат-хабар ала алмадық ала жаздай,
Қалайша болды екен деп, сәлем жазбай?
Еріксіз еске түсед еңбектерің,
Еңкейіп отырғанда қабақ жазбай.

Ден саулық – үлкен байлық, болсақ аман.
Халыққа бейбітшілік болсын заман.
Сыйласып өткізелік бұл өмірді,
Атанбай аттанғанда «жаман адам».

Адамға әркім құмар аты шыққан,
Өзіңді көруге әуес жұрт сондықтан.
Тең басып үзеңгіні, ақсақал бол,
Ұқсамай жез бен мысқа таты шыққан.

Сағынып біз де жүрміз келеді деп,
Келіп сәлем шалына береді деп.

Сондағы айтқан өлең әлі есімде,
Қыдырып біздің үйді көреді деп.

Арнайы шақырғаным кеп кетіңдер!
Сыбаға бұйырғанын жеп кетіңдер.
Көркемжан армияға кетіп қалды,
Бір ақыл Насиқаға деп кетіңдер.

Насиқа екеуміз де қашықтадық,
Көжедей күбідегі ашып қалдық.
Көңілді құры өрге айдағанмен,
Кездіктей жанымаған жасып қалдық...

Всеволод РОЖДЕСТВЕНСКИЙ

У ОЗЕРА БАЛХАШ

Памяти Сабита Муканова

Кошмою разостлана Бет-Пак-Дала,
И нет ни единой в ней травки овечьей.
Пустыня, сожженная солнцем дотла,
Вздымает холмов невысокие плечи.

Остались вдали Ала-Тау хребты,
Повис самолет в вечеряющей сини,
И вот уже смутно горит с высоты
Балхаш – изумруд на запястье пустыни.

Сюда даже горы дойти не могли,
От века с песками солеными в ссоре.
Одна лишь серебряной ниткой Или
Ползет, извиваясь, в зеленом море.

Расстаться с трясиной она не спешит,
Шурша камышами в разливах низинных.
Твои здесь охотились предки, Сабит,
И тратили стрелы колчанов старинных.

Сказал ты, что в зарослях, джунглям сродни,
Стонали тогда комариные орды.
И тигры, бесшумно ступая в тени,
Купали в затонах усатые морды.

Что тайных гнездовий там было не счесть,
А пойма от всплесков сазаньих кипела.
И гуси летели – крылатая весть
О том, что к предгорьям весна подоспела.

Я помню беседы под звездным шатром,
Где месяц обтачивал облака грани,
Тянуло с востока сухим чабрецом
И терпкой полынью забытых преданий.

Когда бы опять эти звезды зажглись
И сели бы мы у костра, как бывало,
Чтоб вновь веселил наше сердце кумыс
И, словно кузнечик, домбра стрекотала!

Но нет ни тебя, ни скитальческих дней,
А степи накрыла туманная Осень…
Вот только стал запах полыни сильней,
И ветер его издалека доносит.

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

СӘБЕҢЕ

Қазақ деген қатар тұрып ұлы атпен,
Еліне тән ұшқыр, қайсар қуатпен,
Сәбең бүгін ең биіктен қарайды,
Күндей көркем күлімдеген шуақпен.

Оянбаған, ұйықтап жатқан бала едім,
Мен естідім көкті кезген әдемі үн.
Ол әдемі үн Сұлушаштың даусы екен
Көкірегіме соны сақтап келемін.

Ботакөзді іздедім мен өмірден,
Ботакөз деп талай қызға телмігем.
Ел басқарып сөз сөйлейді мінбеден
Сұлушаштар, Ботакөздер мен білген.

Сол сұлулар Сәбең жанын күлдірсін,
Мейлі, мейлі бөбек болсын бүлдіршін.
Адам досы ұлы жүрек жазушы,
Қартаймайтын шығар бәлкім кім білсін.

Сондықтан да көрген сәтте Сәбеңді
Қайтқанында саяхаттап сан елді.
Жан жоқ дейміз білмейтұғын қазақты
Қазақ жүріп өтті дейміз әлемді.

Қарапайым ол елінің солдаты,
Шыңға шыққан, болдырмаған жолда аты.
Сәбитімен қазақ халқы бақытты,
Сұлу шығар Сәбитімен Алматы.
1960 ж.

Нұрбек СЕЙІЛХАН

СӘБИТ АҒА

Ескенде түнек елге таң самалы,
Жеткенде көптен күткен аңсағаны.
Бұлбұлдай таң алдында Сәбит ағай,
"Жаңа өмір, жаңа өмір" деп жар салады.

Жатқанда "Сұлушаштай" жыр бұлағың,
Сырқырап сай сүйегім қынжыламын.
Бейнесін ескі өмірдің осыдан көр,
Жаңа өмір жайраңдатқан құрбыларым.

Дастандар туды, міне, сан алуан,
Сәбеңнің мұқалмаған қаламынан.

Бүгін ол елімдегі бір бәйтерек,
Көгеріп жеміс берген сабағынан.

Тек өзі қара нар боп арқалады,
Қазақтың қырық жылын арқадағы.
Жастар гүл сол себептен ұсынады,
Елімнің ерекше атап барша адамы.

Құттықтап өлеңіммен гүл берейін,
Газетке Сәбеңе арнап жыр берейін.
Қаламы кәрілікпен мұқалмасын,
Жамбылдай жорғаласын жүзге дейін.

1960 ж.

Балғожа ЖҰМАҒҰЛОВ

АЛПЫСТАҒЫ АТАМА

Кез болған жастай тағдыр мазағына,
Көрмеген мойып оның азабына.
Жетімдік тақсыретін тартып өскен,
Қарашы бүгін қырдың қазағына.

Өмірден бір минут те қалыспаған,
Өнермен қиялаған, қарыштаған.
Жылытқан жырларымен адам жанын,
Ежелден осы бейне таныс маған.

Халқына тартуы көп, көп істері,
Есепсіз еңбегінің жемістері.
Әкеткен оқырманын еліктіріп,
Жырлары, романы, повестері.

Мазасыз ой-қиялы шарықтаған,
Жырлауға өмір сырын жалықпаған.
Уа, ата, кім таласар өнеріңе,
Сөзіңе кім бар сенің қанықпаған.

Северо-Казахстанская областная библиотека
им. С. МУКАНОВА

Әлемді орап алып сыр тағы да,
Гүлдерін қарай қалды қыр тағына.
Тойында қуаныштан ұрпағыңның,
Оралды жүрегіне жыр тағы да.

Алпысқа ардақтаймын келген, ата,
Қаламың қалай жүйрік желген, ата!
Жаза бер, өмір сырын өрнектей бер,
Айтарым мәңгі жаса елмен, ата!

1960 ж.

Еркеш ИБРАҺИМ

ПОЭЗИЯ МАРШАЛЫНЫҢ БІРІСІҢ

Күнде бізді сағындырған дауысың,
Жыр бұлытың күнде жауған жауынсың.
Өмірің бар ертегідей таусылмас
Сәбит аға, бейне Көкшетауымсың.

Жаның жалын, жаудыраған көктемсің,
Талай күрес, айқастардан өткенсің.
Көкірегің күлімдеген мың бұлақ,
Сәбит аға, бейне менің Көкшемсің.

Жігерің бір бөгеу бермес ағындай,
Ақ көңілің – жайма шуақ жазымдай.
Ақ пейілің – шалқып жатқан даламдай,
Күйі бұлбұл домбыраның сазындай.
Ақ жүрегің мөлдіреген күлімдей,
Сергек ойың – таңның самал желіндей.
Өзіңе ұқсап Ботакөзің, Бәтесің
Таң атқанша сыр шертеді көз ілмей.

Келем тыңдап сәбиімнен сол үнді,
Келем шарлап солар өскен даламды.
Келем жүзіп мөлдіріне ойыңның
Мадақтаған, ардақтаған адамды.

Сексен көлдің толқынына үңілсем
Сексен тілде күбірлейсің бүгін сен.
Жете алмаймын балағымды түрінсем,
Жете алмаймын жалаң аяқ жүгірсем.

Өлең жырдың бізге ашқан қақпасын
Сонау белде желкілдейді ақ шашың.
Тілегім сол тағы алпыс жыл өткенше
Тарта көрме, тарта көрме ат басын.

Бағбан болып өлең сөзден гүл ектің,
Ғасыр сырын көкірегіңе түнеттің.
Балбыратып нәзік жырын жүректің
Талай жасты балапандай түлеттің.

Өлең сөздің өткелінен өтерде
Суреттеуге өзіңді тіл жетер ме.
Алатаудай салмағыңнан жаншылып
Тынық мұхит тебіренбеді бекерге.

Әдебиет әлемінің шыңысың,
Өз еліңнің шежіресі, жырысың.
Талай-талай майдандарда шыңдалған
Поэзия маршалының бірісің.

1961 ж.

ҰЙҒЫН

ӨЛЕҢНІҢ КӨГІНДЕГІ ҚЫРАНДАЙСЫҢ

Жырларың заманаңың айғағындай,
Жүрегің махаббаттың қайнарындай,
Ойларың даналардың ойларындай,
Сөздерің өткір алмас айбарындай.

Еліңе дүрді ғаһар жыр арнайсың,
Өлеңнің көгіндегі қырандайсың,
Мойымай болат топшың шығандайсың,
Өзгеден өзгеше, өзгеден өзгеше сайын бір армайсың.

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
2-1029

45239

Бұл жолың – құтты сапар, нұрлы сапар.
Бұл жолда әсте сені кім мұқатар,
Еліңнің көңілі саған гүлді баһар,
Томдарың сол көңілмен тұрды қатар.

Халқымыз құшақ жайып тұрар саған,
Ал бізден қалауыңды шын аңсаған,
Тілесең, айды алқа ғып таға салам,
Емеспін дос дегенде сірә сараң.

Сөз бе екен алпыс деген ер кісіге,
Өзіңдей жаны жомарт кең кісіге,
Жүзге жет, жігеріңмен сен күшіңе!
Бұл жырды сол тілектің белгісі де.

1962 ж.

Қуанычбек МАЛИКОВ

АҒАҒА

Сыр емес бұл мен тапқан бүгін ғана,
Сізге айтар бір сөзім бар, Сәбит аға.
Асуын алпыс жастың асар кезде
Жақсы сөз, жастық құрмет – бізден баға.

Сен – қазақ, мен – қырғызбын, түбім – туған,
Бақытты бірге алғанбыз қызыл тудан.
Таң нұры көктен жанған Октябрьде
Алатау, Сарыарқаны нұрмен жуған!

Жетіліп Октябрьде жайдың қанат,
Қарманып қан қайданда аштың сабат.
Қолымен большевиктің жауға аттанды
Сендегі батыр мінез, балуан талант!

Тап үшін бала күннен кештің майдан,
Сөзіңмен қара қазақ қайраттанған!
Адамға шындықты айту өзі бақыт
Саған ұқсап халыққа еңбек қылған!

Жасыңнан жақсыға әуес қаныңда бар,
Айнымас әділеттік жаныңда бар!
Заманның "Ботакөзін" өзің жаздың
Жас қазақ әр сөзінен тағлым алар!

Сапарлап алпыс аттап алыс бастың,
Арқанмен халық жүгін арқаластың.
Ұлы іске жас пен кәрі жұмылғанда
Сәке, сен арасында болдың жастың.

Көңілің атаң қазақ көңіліндей,
Өмірің шахтерлердің өміріндей.
Ұлымын мен де өзіңдей бір кедейдің
Сондықтан тұра алмаймын сені сүймей.

Басқан жол қалың қазақ сенің жолың,
Халқыңа жеміс берген ақыл-ойың.
Туысқан ел мен жұрттан сәлем айтам
Болғанда 60 жылдық бүгін тойың.

1962 ж.

Жаңабай САПАРОВ

ҚАРАҚАЛПАҚ СӘЛЕМІ

О, жырдың Алатауы – ақын аға,
Дос, бауыр, әкеміздей жақын аға.
Қарақалпақ көгінің жұлдызындай
Өлкемде жарқырайды атың аға.
"Құтты болсын!" – осы жырым саған,
Тебіренбей қалай жатар туыс қадам?!
Сыйлар ед құшағыңа шоқ-шоғымен
Қарақалпақ өлкесі гүлін саған!
Өзіңсің өлеңдегі батыр анық
Жырларың жан жайлауын жатыр алып.
Тойыңа мол шашуын төгетіндей
Эму де барады, әне, шалқып ағып.
Мәңгілік жырларыңды бақшам етем!

Құрдас бол жалын жүзді жастарға сен.
Халқыңның пейіліндей жырға жомарт
Алыпқа алпыс, сірә, жас па екен?!
1962 ж.

Кенен ӘЗІРБАЕВ

ІНІМЕ!

Жыл құсы әдебиеттің, ардақты інім,
Өнерге үлес қосқан саңлақты інім,
Халықшыл қарапайым, кіші пейіл
Жарқын жүз, бала мінез, шын жақсы інім.

Сайраған Ұлы Отанға бұлбұл болдың,
Атақты бәйге алған дүлдүл болдың.
Қазақтың қайраткері қаламың бал,
Алпысқа адал жолмен биыл толдың.

Ол күнде торсық едің, саба болдың,
Шапанның етегі едің, жаға болдың.
Еңбегің елге сіңген ер атанып,
Үлкенге іні, жастарға аға болдың.

Партия сом болатпен тағалады,
Ел-жұртың қасиетпен бағалады.
Атағың жер шарына мәлім болып
Ұл-қыздар үлгі үйреніп ағалады.
1962 ж.

Ғабдіман ИГЕНСАРТОВ

ӨМІР АКАДЕМИГІ

ЖЕТІМ

Ол кезде өгей дүние жан десін бе,
Бір жетім жатты түнде жар шетінде.
Тап сондай өз басымнан өткен шақтар
Менің де әлі күнге қалды есімде.

Кешірген қисығын да, шәлкесін де,
Ананың көрген жоқ ол әлпешін де.
Оранып қу жоқтықтың құндағына
Тап болды шыр еткеннен тар кешуге.

Түскенше күнде байдың тепкісіне,
Келеді – ол өзін жоқ еткісі де.
Әп-сәтте сәби ойы айнып одан
Келеді көз көрмеске кеткісі де.
"Ағайын" дейтіндерден шегіп жапа
Дариға, сол жетімнің жаны қапа.
Толқиды тағы, міне, өйтер болса,
Шіркін-ай, күңіренбей ме қайран апа?

Ойлап ол абзал туыс Ұлтуғанды,
Жас қуат жалын атып, күш бұрқанды.
Кіжініп әлдекімге іштен сыбап
Кеудеде ызалы кек дүбір салды.
Жетімді сыртқа теуіп өгей заман,
Тағдырдың езгісінде өксіді жан.
Сонда да жас үмітін етіп талшық
Жүргенде таяп қалды жұрт күткен таң.

О, шіркін, нелер ауыр күндер өтті,
Жылдарда аласапыран ол ержетті.
Алыстан азаттықтың естіп үнін
Жанына Ленин атын медет етті.

ӨНЕГЕЛІ САЙЫСКЕР

Жеткенде нұрын төгіп сол күткен таң,
"Бастауға бас қойғандай шөлдеген жан".
Өзінің қатарынан оза тартып
Ой салды сан жалшыға Сәбит ағаң.
Бөгеуін ағытқандай тасып жас күш,
Ол тартты, өрлеп биік өмір басқыш,
Сайысқа түсті "кедей ақыны" боп

“Бауырымдап” күңіренгенде кейбір қақпыш.
Кезенген жауынгерлік қару қолда,
Ол шықты әнтек қиыс ұстап солға.
“Әттең” – деп, азу басқан таптық кегі
Жасынан сонша мығым еді онда.

Туғанда келелі сөз – қызып егес,
Ол, сірә, жарты сөйлеп көрген емес.
Бұлтақсыз мойындайтын мүлт кеткенін,
Шақырып секретарь берсе кеңес.

Жарамсақ жан емеспін тегінде мен,
Сәкеңе ерте күннен еліктегем.
Қақпақыл болмау үшін қалжыңқойға,
Дәлелдеп бұл сөзімді берем немен?..

Ең алғаш оқығанда “Сұлушашты”
Сеңгірге ауып мүлде ықыласым.
Ойлаушы ем “аққан жастың сорасы” деп
Көргенде айғыз бетті сұрғылт тысын.

Жүргенде жаздың сейіл-серуенінде,
“Шайтанды көлге” бірде келгенімде.
Алысқан жолбарыспен Алтай құсап
Балаша бұтақ “қанжар” сермедім де…

“Бұзар деп тұнығымды жер тайпағы,
(Қасқаның қолын бұлғап өр қайқаңы,)
Нөсерлі бұлтпен сырлас болу үшін
Кеткен бе шыңға шығып көл шайтаны.
Атағы аңыз болған осы көлді,
Сәкендей сан сұңғыла айтар тағы”.

Деп жазғам, куәм бүгін сол өлеңім,
Шыным бұл, қуған емен сөз желеуін.
Сіңлісін жырлаймын деп – “Сұлушаштың”
Көңілдің мінгем талай көк дөненін.

СҰҢҒЫЛА

Ол ақын. Кейінгі ұрпақ сан мұрасын –
Оқыр да, табар талай жан сырласын.
Алтайды аяп кетіп Париж қызы
Егіле төгіпті ғой көздің жасын.

Осындай нелер сұлу берген дастан,
Сұңғыла "Ақ аюдың" сырын ашқан.
Ол шебер – қара сөзден жібек өрген,
Ол көпшіл, көппен бірге бала жастан.

Ол көпке жанмен жақын
Байқап көргем –
Білгірсіп болып-толған емес кердең.
Халқының мұрасына, тарихына –
Ол жетік, асыл тасын түгел терген.

Егерде кетсе бойлап баяғыға
Алдыңа тарих бетін жаяды да.
Қатық қып ұйытады көкейіңе
Өзін де қосып сөздің аяғына.

Талдайтын шытырманның соңын ұға,
Шежіре бүгінгіге, бұрынғыға.
Боласың жерді сен де суарғандай,
Ол айтса сонау қалған шығырды да.

Ол ғалым. Сөз бастаса шақпақ тастан,
Соңы кеп атомына тоқайласқан.
Арнаға, әлеуметтік академик
Сол жолда басын әппақ қырау басқан.

Емес ол шар тартқан бір күйкі шалың,
Әлі де жас уытты, жаны жалын.
Алдыңғы сапта болып қырық жылдай,
Алпысқа толды биыл осы ғалым.

1962 ж.

Ғали ОРМАНОВ

АҚЫН АҒА, СӘБИТКЕ!

Алдыңғының жөні деп,
Арнады хат іниіңіз.
Жүрегінің лебі деп
Жазған сөзін біліңіз.

Бар өмірін бағыштар,
Ол өнерін төгуге.
Өзіңізше қарыштап
Намыстанып желуге.

Талап тасып, күш артар,
Жан сүйсінген зейнетпен.
Сізді әлі де жасартар,
Еңбегіңіз елге еткен.

Халқыңыз да болысып,
Келді,Сәке, бабыңыз.
Ақыл, қайрат толысып,
Тас түйілген шағыңыз.

1962 ж.

Тайыр ЖАРОКОВ

СӘБИТКЕ

Қашан да кеудесінен өлең тасқан
Ақын бұл маған таныс бала жастан.
Қаламын – найза, сөзін – етіп бомба,
Дауылда жауға қарсы араласқан!

Тонының жортуылда шаңын сілкіп,
Жолдарға кедір-бұдыр қарамастан,
Болғанша қара шашын қырау шалып,
Асылын аймағына аямастан –

Шарықтай берді шыңға қанат қаға,
Қияға құлаштаса қаламы асқан!

Секілді Көкшетаудың күміс көлі
Құйылтты сөз мөлдірін мәрмәр шашқан.
Жаны жас, жүзі жарқын жақсы ағаны
Дер едім – өзі де бір жатқан дастан!

1962 ж.

Дихан ӘБІЛЕВ

ПОЭЗИЯ АЛЫБЫ

Өмірдің мектебінде өтіп сыннан
Пушкиндей мәңгі ескерткіш құйып жырдан;
Халқының, заманының құшағында
Бір Алып біздің Сәкең шыңда тұрған.

Әрине, туған жоқ ол Алып болып,
Ол жалшы ед, ашты жауға халық жорық,
Сол дауыл кәрі әлемді күйреткендей
Жас Сәбит жарқ етті жас тарих болып!

Күн болып күркіреді толас жерде,
Күн болып күркіреді талас жерде.
Тап туын, жеңіс туын жоғары ұстап
Күресті ол... Сәбитімен санасты ел де.

Жас Сәбит бұрын көзге шалынбаған,
Секілді өзі бүкіл ағын заман;
Жыр болып жүрегіне құйылды елдің,
Ең ыстық махаббатпен қабылдаған.

Емендей соқса дауыл иілмеген.
Бақ үшін бояма тон киінбеген.
Досқа бал, дұшпанға у жан сөзінен
Жүректің жүйткіп соққан күйін көрем.

Піл кеуде, жыр қазына дауылдаған.
Күні жоқ көтергенін ауырлаған;
Большевик ары таза, арманы ірі,
Бұл Сәкең ақын ұстаз, бауыр маған!

Отанын сүйеді ол өз анасындай,
Ұрпағын сүйеді өз баласындай.
Күн серігі секілді қимылы ұшқыр,
Жаны кең Қазақстан даласындай.

Сәбитке жыр арнаған кейбір ақын,
Ол жазған еңбектердің тіркепті атын.
Мен өйтпедім... жұрт өзі жақсы білер,
Өзінің күрес жолын, махаббатын.

Алпыс жасы – алпыс жыл айнасындай,
Адал тері – өнімі бай ғасырдай
Сәкеңнің қаламынан туған томдар.
Көркем ойдың көрікті Парнасындай!

Кім айтар кәрісің деп алпыстағы,
Оралып сонау отты алыс шағы.
Ақындай жиырма беске жаңа келген
Сәкеңнің сөзсіз әлі қарыштауы!

Өмірдің мектебінде өтіп сыннан,
Пушкиндей өзі ескерткіш құйып жырдан.
Халқының, заманының құшағында
Бір Алып біздің Сәкең шыңда тұрған.

1962 ж.

Сырбай МӘУЛЕНОВ

СӘБИТ АУЫЛЫНДА

Қадалған қырда жалаулар,
Қанаты күнге жалтылдап.
Ошақтан ұшқын алаулар
Шашқандай көкке алтынды ап.

Айнадай аппақ кәдімгі,
Аспан бір тұнған ағын су.
Қапсырып алған ауылды
Қарағай орман қалың ну.

Орталық салып адырдан,
Орнаған тыңның совхозы.
Жаңа үйін Сәбең ауылдан
Әреңдеп іздеп тапты өзі.

Ескі көң көрдей албары,
Іздері құрып жоғалған.
Бұрынғы жұрттан қалғаны:
Ойдағы көл мен көк орман.

Шыныдай аспан жүзінде
Сусыған тұрмай бұлт – сынап,
Сол бұлттай әйнек көзіне
Тірелген бидай мұрт сылап.

Жайқалған орман егіндік,
Дәндерден өніп құп-құйттай.
Моншағы тұрған төгіліп,
Дала бір меруерт мұхиттай.

Бүгін той мұнда тамаша,
Құйылған халық алаңға.
Ескі ауыл жаңа қалаша,
Жұлдыздар ілген бағанға.

Кең дала – қазір үй осы
Қыздырған ән мен жұрт ойын.
Ортада Сәбең – иесі
Бұл тамаша, бұл тойдың.

Ертең түс бәйге кезегі,
Көтермек көңіл ел тағы.

Аяңдап қырды кезеді,
Жүйріктер қызыл ленталы.

Әр жерде шырқап тасқын үн,
Бір кезде тоқтап тұнады.
Еліріп жүрген жастардың
Езуде екі құлағы.

Алақан бір кез сарт етіп,
Аңырап қалды тұрған көп.
Алаңға шықты жарқ етіп,
Кәдімгі біздің Құрманбек.

Бәріне таныс ол өзі,
Білмейтін оны жоқ қазақ.
Әуелеп көкке әуезі,
Астына мінген "Ақбозат".

Қызды іздеп белге аялдап,
Қуалап бекер құм көшін.
Ақбозат баяу аяңдап,
Құртады-ау жұрттың діңкесін.

Ол бітті, көнбес қолқаға,
Соққанмен қанша алақан.
Шығады енді ортаға
Жүсекең біздің сал Ақан.

Жүйткіп шыға сермеген,
Нақышты әннің зергері.
Өткенде "Құлагерменен"
Бұлдырар Арқа белдері.

Соғатын сермеп аңқытып,
Дүкені неше түрлі әннің
Толқытып, жанды балқытып
Өзіндей шырқар Біржанның.

Домбыра тартып бір жігіт,
Көлкітіп жатыр күйді де.
Тыңдап ап оны күллі жұрт,
Қадайды көзін киноға.

Ақылшы алқа қотанға,
Жұлдызы жарық халқының.
Қарайды дана Шоқанға,
Далада Шоқан – Жантөрин.

Болмаса мұрты, түрі өзге,
Бола ма Шоқан жай кісі,
Боп кетті сыйлы ілезде,
Көптеген жеңгей қайнысы.

Күндізгі кешін созғандай
Бұл бір күн мыңға пара пар.
Әлі отыр Сәбең қозғалмай
Болса да шағы таң атар.

Сап-салқын таңның самалы
Еседі қырда еркіндеп.
Ойнайды қырдың жалауы,
Қызғалдаққа ұқсап желкілдеп.

– Жалықпас Сәбең жан екен,
Талмаған таңды атырып,
Жүрейік, – дейді Ғабекең,
Аулына бізді шақырып.

1962 ж.

САРҒАЙЫП ТАҢ АТҚАН ШАҚТА

Сарғайып таң атқан шақта
Әлем әлі қалғыған.
Ақын ойы шартарапта,
Өтеді өмір алдынан.

Ол өзімен өзі ғана,
Тауып алған көп қызық.
Шашырап күн көзі жаңа
Көрінеді от сызық.

Алматының тап қасында
Тігілгендей ақ отау.
Ұқсап шығыс қақпасына
Асқақтайды Алатау.

Тау етегін тасалаған
Таңғы тұман тұйықтап.
Жатыр ұябасар ғана
Ұясында ұйықтап.

Толқыр таңғы самалменен
Қазақстан қырлары.
Самалменен тарар өлең,
Тыңдар малшы құмдағы.

Терер ақын ерте, кеште
Түнгі ойының жемісін.
Осылай ол еңбек етсе
Арманы не ел үшін.

1962 ж.

Тыңбай МҰҚАНОВ

ІНІЛІК ІЗГІ ТІЛЕКПЕН

I

Елуді тастап еңсеріп
Аттадың, аға, алпысқа.
Қайтпастан жүзі семсерің
Сілтенді талай тартыста.

Ұрандап таптың намысын,
Алдаспандай жарқылдап,

Үдеді артып шабысың
"Қара айғырдай"аршындап.

"Ақ аю" сазын домбыраң
Желпінтіп жанға жаққанда,
"Сөз – Советтік армияң"
Тізілгенде саптарға.

Батыр "Балуан шолағың"
Татымды болып мақтанға,
Бойдағы жырың мол ағын
Сөз фонтанын атқанда.

"Тыңдағы толқын" бой бермей
Кемерінен асқанда,
"Қазақ вальсі" көкке өрлей
Шырқағанда аспанға.

Даусыңа шыққан саңқылдап
Қойсын ба жұртың қосылмай.
Сауықшыл, жаны жарқылдақ
"Колхозды аулың осындай"!

II

Мүліктей қымбат жиылып,
Алдымда жатыр томдарың.
Оқимын оймен үңіліп,
Әр бетін, әрбір жолдарын.

Желісі ойдың тізіліп,
Бермейді дамыл жаныма.
Оқыған сайын қызығып
Оқығым келер тағы да.

Бар ма екен арман өзіңде,
Дейміз біз кейде ойласып.
Геройыңменен өмірде,
Бір жүрсең – біте қайнасып!

III

Жұлдызын жердің айға атқан
Қазақтың бүгін қыр, ойы.
Дәм-тұзын өзің көп татқан
Қарашы, қандай Сыр бойы!

Дегені болды жастардың
Жойылып қасірет жалғаны.
Алтай мен Сұлушаштардың
Жоқ шығар енді арманы!

Академик – Асқарың,
Ботагөз бүгін – педагог.
Бақыт құшқан жастарың,
Мұңлық та жоқ, Зарлық жоқ.

Қозыбақ енді ел билеп,
Төраға болып төрде отыр.
"Жалауың жұмбақ" желкілдеп
Нұр беріп қырға өрде тұр.

Бәтестің бақыт тапқаны
Қуантпас қалай шалқытып.
Шоқпытың – елдің мақтаны,
Болатты құйды балқытып.

Сенеміз кәміл, әрине,
Аз емес әлі бермегің.
Болады куә бәріне
Қос-қостан таққан орденің.

IV

Көз алмай, аға, қараймыз
Ақ қыраулатқан шашыңа.
Ниетпен ізгі қалаймыз
Жамбылдың ас деп жасынан.

Інілік ізгі тілекпен,
Сүйеміз сізді, наныңыз!
Сезесің бәрін жүрекпен,
Жаңаға құмар жаныңыз!

Көңіліңді қиқулатады
Қиялға біткен қос қанат.
Бойыңнан жалын атады
Өмірге мөлдір махаббат!

Жыры бұл жазған іниңнің
Жүректен толған, сізге арнап.
Баурыңның мен де бірімін –
Артыңда өскен қызғалдақ!

1962 ж.

ТОСТ КӨТЕРЕРДЕ

Туындап томдар қалың туып жатсын,
Жолыңды жеткіншектер қуып жатсын,
Жүлде алып бәйге сайын тарланыңыз,
Аспанын Алматының дуылдатсын!

Қадамың басқан құтты бола берсін,
Ордендер омырауыңа тола берсін.
Мерейі достарыңның үстем болып,
Дұшпанның іші күйіп қала берсін.

Әлемге кете берсін даңқың асып,
Тойыңыз, міне, осылай тойға ұласып.
Келіп тұр домбыраның құлақ күйі,
Сол күйге жіберші, аға, басып-басып!

1962 ж.

Мұзафар ӘЛІМБАЕВ

ҚҰРМЕТ ЛЕБІЗІ

Тізгінін тежеп құр аттың
Отарын көрген ораған.
Алтайы қызыл тымақты
Қойшыны көрсем даладан
Әкем бе деп те қаламын,
Сәкең бе деп те қаламын.

Олпы да солпы қалпынан
Айнымас, аңғал пішінде
Ғалымды көрсем, шалқыған
Ой дүниесі ішінде.
Әкем бе деп те қаламын,
Сәкең бе деп те қаламын.

Балуан білек күшімен,
От өзек бұрғы ұшымен,
Құлатып тауды түсірген
Кеншінің көрсем түсін мен
Әкем бе деп те қаламын,
Сәкең бе деп те қаламын.
1962 ж.

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

ШӘКІРТ СӨЗІ

Қазақ деген қатар тұрып ұлы атпен,
Еліне тән ұшқыр, қайсар қуатпен.
Сәбең бүгін ең биіктен қарайды,
Ақын жаны неткен әсем, шуақты ең!

Оянбаған ұйықтап жатқан бала едім,
Мен естідім көкте кезген әдемі үн.
Ол әдемі үн Сұлушаштың даусы екен,
Көкірегіме соны сақтап келемін.

Ботакөзді іздедім мен өмірден,
Ботакөз деп талай қызға телміргем.
Ел басқарып сөз сөйлейді мінбеден
Сұлушаштар, Ботакөздер мен білген.

Сол сұлулар Сәбең жанын күлдірсін,
Мейлі, мейлі бөбек болсын бүлдіршін.
Адамдарды сүйген ұлы жазушы,
Қартаймайтын шығар бәлкім кім білсін.

Сондықтан да көрген сәтте Сәбеңді
Қайтқанында саяхаттап көп елді.
Жан жоқ дейміз білмейтұғын қазақты,
Қазақ жүріп өтті дейміз әлемді.

Қарапайым елінің ол солдаты,
Шыңға шыққан, болдырмаған жолда аты.
Сәбитімен қазақ халқы бақытты,
Сұлу шығар Сәбитімен Алматы.

1962 ж.

Жақан СЫЗДЫҚОВ

ҚАЛАМДАС ДОСҚА

Қырық жыл бойы қаламды,
Түйредік жауға. Күрестік.
Қарсы алып таңды. Заманды.
Қатарда тұрдық. Бірге өстік.
Жайнап келген өмірге,
Алаңсыз болып шаттандық,
Сақталмай кіршік көңілге,
Адалдан сырды ақтардық.
Айналып артқа қарасақ,
Соқпағын жолдың көреміз.
Дабылын қағып болашақ,
Ілгері жүзді кемеміз.
Ініміз шырқап әр тұста:

Орындап Отан тілегін,
Келіп те қалдың алпысқа.
Жайнаған жаздай жүрегің,
Жасыңды біраз оздырған,
"Қажыдым" деме, Алпыс – де.
Алпыс тонды тоздырған.
Алпысым менің – талтүс – де.

Қырық жыл бойы қаламды,
Қағаздан алмай күрестік.
Мерейлі, ғажап заманды,
Қарсы алып күліп, бірге өстік.
Жылжып жылдар, ай зулап,
Алмасып өтер ұшқыр күн.
Бақытқа балқып көп жылдар,
Жасай бер, Сәбит! Дос, құрбым!

1962 ж.

Кенжеғали РАЙБАЕВ

СЫЙЛЫҒЫМ

Сәбит аға, айтарым көп ойымда
Салтанатты, мерекелі тойында.
Менен бүгін сыйлық саған – жүрегім,
Қуанышпен тұрған симай қойныма.

Октябрьдің зор дауылы шағында,
Шолақ тонды, тапаншасы жанында.
Көргеміз біз жас Сәбитті майданда,
Жауға аттанған Ленин тобы жағында.

Майдан тынды. Майса жапты даламды,
Жаңа өмірдің негіздері қаланды.
Сол өмірдің жаршысы боп майданға,
Тағы шықтың қайрап алып қаламды.

1962 ж.

Ғұбай ӘБІЛОВ

БІЗДІҢ СӘБИТ

Көз жасы көл боп ағып Жаманшұбар,
Кедейің аһ ұрып дем алған шығар.
Бір кезде көл болыпты Сарыарқада
Өнерді, өмірді де жалмаушылар...
Қайтпаған алған беттен, талабынан,
Аттанып Дос көлінің алабынан.
Аралап шықты Сәкең жарты әлемді,
Бұл күнде томдар туып қаламынан.
Бір кезде болса Мұқан жалғыз ұлы,
Әлдінің, әкімдердің "байғұс" құлы.
Бұл күнде біздің Сәбең ел басқарған
Елім деп ақтарылып алғыс жыры.

Бір кезде болса Мұқан баласы ол,
Жүректе қасіреттің жарасы мол.
Бұл күнде біздің Сәкең халық ұлы,
Дүниеге бересі де аласы мол.
Алпыстың артта қалды атырабы,
Жайнаған алда ертеңнің жатыр бағы.
Ел сүйген Сәбит жазар тақырыптар
Қол бұлғап, бізге кел деп шақырады.
Тайсалып, қаймығатын Сәкең емес,
Мынауың маған ауыр екен демес.
Жүз жасап, әлі туар талай кітап,
Жастарға үлгі-өнеге, беріп кеңес.

1962 ж.

Нұрғожа ОРАЗОВ

ЕЛ АҒАСЫ

Ақ шалса азаматтың сақал-шашын,
Теңеме кәрілікке келген жасын.
Азамат деген атты ақтады ма,
Тек соны салмақтасын, ел байқасын.

Ел салса таразыға ердің басын,
Жанашыр көп болғаны ақылдасың.
Атаса азаматтың мүшел жасын,
Еңбекпен жауап беру ақынға сын.
Сол сәтте ақын жаны жалындасын,
Олқылық ойға әсте алынбасын.
Ақын сол – қалтқысыз тек адалдықпен
Шын сүйген қалың елін – қарындасын.
Таңдантып шеберлікпен қаламдасын,
Талғамы түйдек сөзден жаралғасын,
Жүйткіп жұлдыздайын ағындамай,
Несіне ондай ақын аландасын.
Сәкеңдей ақылшысын, ел ағасын,
Дарын деп сол жүйрікке бағаласын,
Жазады, жүз жасайды, қажымайды,
Ел болып саушылығын қалағасын.
Ғасырдың жүзін аудың, алпыстасың,
Құрметтер қариядай бар тұстасын,
Өйткені сөз зердесін сомдап соққан,
Өз елі, өз жерінде қарт ұстасың.

1962 ж.

Назипа ЕРҒАЛИЕВА

ХАЛЫҚ АРДАҚТЫСЫ

Кеше жетім – бағасы жоқ басының,
Кеше жалшы – қатығы жоқ асының.
Елі сүйіп, халқы сыйлар әрдайым,
Ардақтысы бүгін кәрі-жасының.

Халқы үшін қамал бұзып жол салған,
Көппен бірге жеңіс туын қолға алған.
Жаңа өмір, жаңа тарих жыршысы,
Асқар белсің қаламыңнан бал тамған.

Қаламыңнан туған дастан, томдарың,
Баян етер талай өмір жолдарын.

Одақ түгіл әлем жүзін шарлады,
Тіл үйрілтіп, жан сүйсінткен жырларың.

Зергері өзің асыл сөздің ғажайып,
Елдің ұлы деген атқа ылайық.
Тың шығарма, отты жырлар әлі де,
Берер-ау деп күтіп отыр халайық.

Алпыс астың, жетпіс жетіп, сексен де,
Келсін мейлі, қажыта алмас, сескенбе.
Жүзден де әрі аттап өтші, әз аға,
Берері мол асыл дәннің сепкенге.

1962 ж.

Ісләм ЗІКІБАЕВ

ЖАСАЙ БЕР!

Бөгеттің ешбірін аялдамай,
Өтеді жылдар жылжып, аспандап ай.
Тірліктің тыпыршыған қызығымен,
Бірін де қаламыз-ау, уай, аңдамай.

Өмірдің оқып ауыр мектебінен,
Сабақ алған тағдырдың от лебінен.
Сәбеңді құттықтайды әлем бүкіл
Алпыста балауса атқан көктемімен.

Жыр тұнған кеудесінің ақ сандығын,
Кенелтіп барша жұртқа ашқан бүгін.
Кең пейіл, жаны – жайлау, ойы – дария,
Сәбеңдей құрмет тұтпас от жанды кім?

Алпыстың тұрса да асып асуынан,
Қартайып мұқалмайтын жаны – гүл жан.
Тастаса көз қиығын төңкеріп бір,
Табылар Бәтестердің саны қырдан.

Келеді Ботакөзі Асқарымен,
Шырқатып шаттық әнін асқан үнмен.
Қуантты Сәбең тағы оқушысын
Мөп-мөлдір махаббаттың дастанымен.

Па, Сәбе, өз орның бар әр қайда да,
Әкесіз Сұлушаш пен Алтайға да.
Әр елдің Сізден күтер жемісі көп
Алпыс тұрып, жүзде де қартайма, аға!

1962 ж.

Ғаббас ЖҰМАБАЕВ

ЖҮЗ ЖАСА

Даңқымен дауылдатқан дүйім елді,
Қыранның қанатындай құйын желді.
Қар басқан Алатаудай ақ бас аға,
Алпысқа ақын Сәбит биыл келді.

Оянып он жетіде үкі балақ,
Есілден көтерілді шүйілгелі.
Айырды дос пен қасты жіті қарап,
Таптардың тартысында иілмеді.

Жалшылық жалбыр тонын жұлып тастап,
Өлеңнің от семсерін үйірді енді.
Ұрандап революция жырын асқақ
Халқының қошеметін, сиын көрді.

Кезінде жер қайысқан ұлы тасқын,
Сол сайыс жылдарының сырын аштың.
Жарыққа жанталасқан ару жаны,
Үнімен дабыл қақты Сұлушаштың.

Өмірді өзгертетін өршіл талап
Қайратын шыңдағанда не бір жастың.
Отырмай ошарыла жер сипалап
Соңынан ермеді ме Теміртастың.

Неге ақ кірді дейсің шаштарыңа,
Қиялың талай қырдан аспады ма.
Ойменен отырдың ғой талай түндер,
Бақ тілеп Ботакөз бен Асқарыңа.

Заманның кең тынысын мол ұғына,
Елінің ерлік ісін шолыды да.
Ерттеп ап "Ақ аюдың" асыл жырын,
Ал, салды "Челюскиннің" жорығына.

Өмірдің қаламадың кем үлесін,
Әр бетін ашқан сайын егілесің.
Сыр шертті сіздің үйде "Адасқандар"
Баяндап Бүркіт-Бәтес шежіресін.

Одан соң толқытты да "Сырдария",
Ойынды отты жылда қылған ұя.
Жаһандай жалпақ кеудең балауса боп,
Алдында жайылды кең гүл жазира.

Адам бар әшейінде жәй арманды,
Жақсы ғой жапырағын жаяр мәңгі.
Қытайға жол-сапарың құтты болып
"Алыптың адымдары" аяндады.

Шықтың сен "Адам-ата шоқысына"
Оқыса, жұрт осыны оқысын да.
Цейлонның таңғажайып табиғатын,
Оқушым, Көкшетаудан олқысынба.

Адамсыз, Сәбе, өзіңіз жойқын жанды,
Ғажап қой сіз ойлаған ой тыңдағы.
Ой салар талай дүмше басшыларға
Арқаның "Тыңда туған толқындары".

Ол бір заң – күн артынан күн асатын,
Інілік базына етті бір жас ақын.

Күн тусын "Тыңда туған толқындар" кеп,
"Меруерт мұхитына" ұласатын.

Кезің ғой алпыста бұл құрсанатын,
Өмірдің текке өткізбе бір сағатын.
Үнемі романға "құл" болғанша,
Бір мезгіл сапырсаңшы жыр сабатын.

Алпыстың асуынан асқаныңда
Тілегім менің-дағы, басқаның да,
Жамбылдай жүз жыл жасап, шырқа мәңгі!
Әлемі әдебиет аспанында.

1962 ж.

Семен АНИСИМОВ

ЖАҢА РОМАН, ЖАҚСЫ ЖЫРДЫҢ АВТОРЫ

Өмір – көпір. Бір кезеңнен тағы астың,
Жақсы еттің, етер бұған талас кім!
Қырық жасқа шықса туған өз елің,
Сен қырық жыл жырлар жаздың жарасты.

Қойшы болып, жалшы болып өтер ең,
Өміріңде жарық көрмей кетер ең.
Октябрьдің таңы атпаса жарқырап,
Болмаса Ленин жеңіс туын көтерген.

Октябрьдің таңы атпаса нұрланып,
Жүрер едің бар бақытқа құр қалып,
Онда Сәбит болмас еді жазушы,
Онда халқы жатпас еді жырланып.

Енді, міне, көтеріңкі көңілің,
Еркін бастың өр талаптың көрігін.
Қазақстан орнағалы қырық жыл,
Сол қырық жыл нағыз абзал өмірің.

Өттің нелер борандардан, дауылдан,
Жоқсың қажып, мұңайған да шағылған.
Сондықтан да шықты халық көңлінен
"Ботакөзің" шын өмірден алынған.

Арпалысып ел жауымен шептегі,
Қай күресте жастық шағың өтпеді.
Сондықтан да, кейінгіге өнеге,
Өзің жазған "Өміріңнің мектебі".

Жаңа роман, жақсы жырдың шебері,
Шығрманның қандай әсем бедері.
Сондықтан да, құштар қанша сөзіңе
"Көп болсын, – деп, – жазушының берері!"

Жамбылдайын шабытты бол, асылы,
Жасың болсын бақыттылық ғасыры.
Елің сүйген академик-жазушы
Біз тілейміз ел атынан осыны.

1962 ж.

БӘТИМА БАТЫРБЕКОВА

СӘБИТ АҒАЙҒА

Тұрсаңыз да алпыстың
Тақиясын киіп-ап,
Кәрілік жатыр алыс тым,
Қарт деп айту қиын-ақ.
Мінезің жарқын көпке үлгі,
Көрік берген арайлы.
Өзіңізше көңілді,
Өмір күліп қарайды.
Жылдан жылға ашылып,
Жарқылдады талантың.
Жырлай берші асырып,
Өмір жырын сап алтын.
Керемет істер істеуде

Сіз жырлаған табымыз.
Адымдап ұлы істерге
Атады күліп таңымыз.
Жаныңыз бар жалынды,
Жүлде бермес жасқа да.
Өлеңім букет тағылды,
Жасара берші, жақсы аға!

1962 ж.

Сәду МАШАҚОВ

ШАШУЫМ

Сәбе, бүгін толдың ба алпыс жасыңа?
Бұл жылдарың татырлықтай ғасырға.
"Осыңыздың өзі дұрыс" деседі,
Сыншылар да, жазушы да, ақын да.

Жүз көрісіп сөйлеспекке асыға,
Құштарланып сіздің кеңес, ақылға,
Кім бармаған сынатуға сөздерін
Деп мынауым: "Теріс пе әлде мақұл ма?".

Өтті көп жыл, өтті күндер түнімен...
Қанат жайды бар өлкеге үнің кең.
Жемісі мол мәуелі ағаш секілді
Талай сырлар ақтарылды тіліңнен.

Батырақтан академик, зор ғалым –
Шын мақтаныш жойқын күрес жолдарың...
Көтерсе егер бір нарға жүк болғандай,
Алпыс жаста арқалаған томдарың.

Өмір тың жол – кештің нелер асуын,
Бердің елге сөздің, жырдың асылын.
Тілеп Сізге ұзақ өмір, сәтті еңбек,
Тойыңызға тартқан осы шашуым.

1962 ж.

Қ. НЫҒМАНҰЛЫ

ҚҰТТЫҚТАУЛАР ЖҮР БҮГІН

Оқумен әр кез боламын,
Томыңды Сәбит Мұқанов.
Әз аға, алтын қаламың,
Көрмеген әсте мұқалып.

Ақыл сұрап өзіңнен,
Тәрбие алған жастар бар.
Түледі "Ботакөзіңнен"
Ботакөздер, Асқарлар.

Өнерді өрге ұшырдың,
Қанат етіп жыр туын.
Романға түсірдің,
Тулап аққан Сыр суын.

Сахнаға шығардың,
Өзіміздің Шоқанды.
Жаныңменен ұға алдың
Ол көксеген Отанды.

Келіп қапсыз Сіз бүгін,
Жас еркесі – алпысқа.
Құттықтаулар жүр бүгін
Жер шарында – әр тұста.

1962 ж.

Сәбит ЖИРЕНОВ

ІНІ СӨЗІ

Еске түссе ол заманның сұр күні,
Естілгендей "Сұлушаштың" мұңлы үні,
"Бостандық" деп жар салғанда дүние,
Сыпырылды құрым үйдің түңлігі.

Бурабайдың шыңдарында кезі кеп,
"Ботакөзбен" сырласқанбыз көбірек.
Тартты бізді аясына, тербетті,
Бәтес қыздың махаббаты мөлдіреп.

Дауыс қосып жас жүректің жырына,
Аттанып ең "Туған жердің тыңына".
Суымасын елге деген еңбегің,
Алып шықсын жүз жастың да шыңына.

1962 ж.

Зал ЖҮНІСОВ

СӨЗ ЗЕРГЕРІ СӘКЕҢЕ!

Сұлушаш, Бәтесің мен Ботакөзің,
Қай жүрекке құймады асыл сезім?!
Қаламыңның ұшымен ашпадың ба,
"Махаббат мөлдірінің" қайнар көзін?!

Сөз зергері, дастаншыл абзал жансың,
Қалайша уақытқа бас ұрасың?
Мейлі жылдар өтсін шашты ағартып,
Бірақ сен еңбегіңмен жасарасың.

Жаның жас, жүрегің жас, қайратың жас,
Сен өтпейтін ғасырлы асу болмас.
Көп жасап, дастандарды жаза берші,
Тозбайтын, ескірмейтін, ұмытылмас.

1962 ж.

Ж.НҰРТАСОВ

КӨРКЕМ СӨЗ ҰСТАЗЫНА

Көкшеде, Сексенкөлде, әм Бурабай
Ревком жұмысымен елді аралай,
Ақ бақай күрең аты астында ойнап,
Жарқылдап біздің Сәбең жүрді талай.

Сол күнде-ақ сөзі жалын, жаны ақын,
Майталман жазушы боп шығарды атын.
Халқына таныстырды алып келіп,
Бәтес пен Бүркіт, Алтай, Сұлушашын.

Жыр етті Октябрьдің дауылпазын,
Күйреткен патша мен бай, би мен қазын,
Қолында Бота, Асқардың қызыл туы,
Желбіреп бейнеледі өмір жазын.

Сәбитті тағы көрдік Сырдан бір кез,
Жүргенде Сыр елімен байласып сөз.
Баяндап шебер тілмен берді талмай,
Қанғанын шөлейт жердің тандыры тез.

Ішінде ақ бидайдың толқынданған,
Сыр ұғып тұрды Сәбең, толқынды адам.
Артынша тың түлегін мақтан етті,
Кестелеп трактормен тыңды жырған.

Сүйсіне оқитындай жас пен кәрің,
Жазар ол талай роман, дастандарын.
Уа, Сәке, алғы шепте болып дәйім
Шолып қайт коммунизм асқарларын.

1962 ж.

Гүлсім СЕЙІЛЖАНОВА

СӘБИТ АҒАҒА

Төгілген тілден нөсер ұшқындаған,
Қияға сермегенде ұшты қалам.
Қиыннан қиыстырып сөз маржанын,
Халқыма асыл мұра ұсынды ағам.

Ертеден мүлгіп жатқан романды,
Өмірге гүл жайнатып нұрға малды.
Өзіңдей ақпейілді ұрпағына,
Төсіне жырдан нөсер ту қадады.

Оқысам шығармаңды сүйіктімдей,
Кеудеме тоқып алам құйып түрлей.
Артында өсіп келем асыл, аға,
Өзіңмен жаңа өмірге мен де гүлдей.

Келсең де алпыс жасқа жарасымды!
Жаңа күн жалындатсын жанарыңды.
Өлшеусіз бұл өмірде жасай бергін,
Ұштай бер, ұшқыр аға, қаламыңды!

1962 ж.

Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ

ДАЛА ЖАРТАСЫ

Құла дүз – жүз шақырым, мың шақырым,
Жүз шақыр, мың да шақыр – еш қатып үн.
Көрмеген керең дала, мылқау жазық,
Үстінен алмай ұшпас құс та тыным.

Тәуекел белбеуімен таңып белін,
Болжамай сусап талып жатар жерің.
Жаныңа жалғыз торсық қымыз байлап,
Сан жортқан сол далада атам менің.

Ат шөлдеп, сулық шайнап күн көргенде,
Ауызды алақандай тіл кергенде,
Тесіліп сағымды жеп, көз де құрғап,
Көмейден ақырғы рет үн келгенде.

Сонда да соңғы жанар сәулесімен,
Даланың сонау алыс кеудесінен.
Көретін, о, дариға, бір жартасты,
Денесін күн де сүйген, жел де сүйген.

Тебініп телқоңырды келсе жетіп,
Жарықтық со бір жартас көл селдетіп,
Сап-салқын омырауы тұрады екен,
Бір жұтса қалады екен еңсе бекіп.

Өңшең гүл, маңайының бәрі жұпар,
Сол кәрі кеудесінің нәрін жұтар.
Шілдеде екі шеке мұздай болып,
Қаңсыған сүйек жібіп, бой балқытар.

Содан соң жолаушы да жолға шығар,
Жартастан алған өмір – олжасы бар.
Кең ашып омырауын тұрар жартас,
Жүргінші шөліркеген сонда асығар.

Уа, Сәке, азырқанбай, кешір мені,
Өзге де теңеу сөздер есімде еді.
Мен үшін қарапайым жартастайсың,
Сонау бір туған дала төсіндегі.

1964 ж.

Сайфи КУДАШ

КАЗАХСКАЯ СТЕПЬ

Я снова здесь – в сентябрьских полях,
Казахской незапамятной земли.
Мальчишкой малым чувствую себя,
Как будто снова к маме привезли.

Куда б ни шел – открыты ворота,
На очаги поставлены котлы.
За домом дом и за верстой верста –
Объятия казахские светлы.

Когда-то здесь бродил я молодым,
Ночь настигала медленно меня.
Я разжигал костер, и теплый дым
Летел во тьму от красного огня.

И пусть прошло уже немало лет –
Воспоминанья в памяти живут.
И до сих пор в степи не гаснет след,
Который я давно оставил тут.

И благодарность светлую казах,
В душе своей, наверно, сохранил.
Когда-то я за совесть – не за страх,
Его ребенка грамоте учил.

Опять поет в ночи Сары-Арка…
Спасибо, друг, за хлеб и молоко.
С тобой прощаться снова нелегко.
Дай обниму, и вот моя рука –
Клянусь я в том: покуда жить дано,
Я лучший друг тебе и кровный брат.
О, степь моя – казахские ветра,
Я остаюсь в рядах твоих сынов!

1969 г.

1970 - 1979

Әділбай ОМАРОВ

ДӘУ АЗАМАТ

Көтеріп дәу баланы ана тапты.
«Табым!» деп жөргегінде бөбек жатты.
Дәу қойшы, дәу шәкірт боп және атанып,
Көзге бір елестетті дәу шолақты.

Дәу ақын, дәу журналист, дәу жазушы
Шұбырта шығарды мол дәу кітапты.
Дәу білім–оқығаны, тоқығаны
Дәу ғалым-академик парасатты.

Дәу жолдас, дәу коммунист, дәу патриот,
Дәу досты құттықтаймыз, дәу Қазақстан!

1970 ж.

Ахметжан НҰРТАЗИН

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

Сарыарқа Сәбең келсе құлпырады,
Төсіне қызыл-жасыл гүл тұнады.
Жайраңдап кәрі-жасы қол алысып,
«Аталап» жас бөбек те ұмтылады.
Ақжарқын, кішіпейіл жылы сөзбен,
Жарасады ырысты ынтымағы.
Жетпіске келген бүгін біздің Сәбең
Арқаның темір топшы бір қыраны.
Солтүстік өз ұлына мақтанады.
Томдарын ақ тілекпен ақтарады.
О, оның әрбір сөзі – саф алтын ғой,
Жадында жұртшылықтың жатталады.

Теңіздей толып жатқан қазына мол,
Сәбеңде сыры ашылмай жатқан әлі!
Томдары – тозбайтұғын мәңгі мұра,
Кіршіксіз кіл күмістей сақталады.
Сәбеңнің өмірі ерен бастан кешкен,
Өткізді ауыр күнді астан-кестен.
Жетпіске келсе-дағы дер бабында,
Қажымай қиындыққа жастан кешкен.
Сәбеңнің бар өмірі – өнегелі,
Ақындар дайын тұрған дастан дескен.
Дастан түгіл, Сәбеңдер планета ғой,
Жұлдыз жүзіп, омырауынан аспан көшкен!..

1970 ж.

Тоқаш БЕРДИЯРОВ

СӘБЕҢЕ

Сәбең деймін жусанды боз даланы,
Сәбең десем тіршілік қозғалады.
Жазды ол туған жерін, туған елін,
Мұқалып көрмеген соң өз қаламы.

Қазақтың қазынасын жұтатпады,
Сәбеңнің жүрегінің бұтақтары.
Бұл Сәбеңнің бойынан сәл биіктеу
Өзінің жаза салған кітаптары.

Өзіңді ел мақтаған, жер мақтаған,
Жамбылша жүз жас болсын, мәре саған,
Жаз, жайна, рахат алып, көсіліп өт,
Мың сәлем Оңтүстіктен, Сәбе, саған!

1970 ж.

Көпбай ӘЛІМБЕКОВ

СӨЗІ ҒАУҺАР, ТІЛІ БАЛ

Жүрекпен мәңгі жас боп жанып тұрған,
Сен келдің өз жолыңды салып тыңнан.
Жетпістің жемісі мол биігінен,
Бүгінде көрініп тұр алып тұлған.

Есімін жырға қосып еңбеккердің,
Ұстаз боп өсер ұлға өрнек бердің.
Сөзің ғауһар, тіліңнен бал тамшылап,
Жыл санап биіктерге өрлеп келдің.

Дегендей адамдықтың келбетін ұқ,
Аға боп ақыл айттың төрде отырып.
Сен бүгін жетпіс сазбен жыр оқысаң,
Туған жер тыңдайды оны тербетіліп.

Жазушы, ерен ақын, ғалым ағам,
Өзіңді бар ма екен ел танымаған.
Бірі боп сан мыңдаған шәкіртіңнің,
Мен сенің тәрбиеңнен тәлім алам.

Алтайы арыстандай жігіт өрен,
Кім жазды «Сұлушашты» сыры терең.
Сен егер зар заманда толғап кетсең,
Таудың да тас жүрегін жібітер ең!

Көлбеткен ақ отаудан көп түтінді
Дәуірі бай-болыстың өтті, тынды...
Революция жеңісін қорғау үшін
Шығардың алғы шепке «Шоқпытыңды».

«Ботакөз», «Балуан Шолақ», «Сырдария»,
Жай алып әр жүректен тұрған ұя.
Жетпісті желіп өтіп, жүзге келіп,
Болғайсың Жамбыл сынды бір кәрия!

Жалындай жас жүректен жанып ұшқын,
«Мөлдірін Махаббаттың» қанып іштім...
Сен болып сайып қыран, Сәбит аға,
Қиынның қиянына тағы да ұштың.

Жарық қып «Аққан жұлдыз» әлем көгін,
Ауызда аталып жүр әр еңбегің.
Жүректен шыққан қыруар қазынаңды
Сымбатты сырбаз сөзбен мәнерледің.

Атына атақ, даңқы сыйып тұрған
Айналдым өзің сынды сүйікті ұлдан!
Бағы үшін, туған жердің баяны үшін,
Мәңгілік бола берсін биік тұлғаң!

1970 ж.

М. ЕМЕНТАЕВ

ҚАЗАҚТЫҢ ДАЛАСЫНДАЙ КӨҢІЛІ БАР

Жасынан қомдап қанат, қалам тербеп,
Ақын боп сұлу сөзден салған өрнек,
Ел сүйген, елі сүйген Сәбит аға
Қырандай самғап кетті құлаш сермеп,

Ол – ақын қастерлеген адам атын,
Жырлары жүректерге аса жақын.

Есейіп жарқын өмір мектебінде,
Сый еткен елге мөлдір махаббатын.

Ол – ұстаз, сөз зергері, жарқын адам,
Шабыты – қайнар бұлақ сарқыраған.
«Ботагөз», «Балуан шолақ», «Аққан жұлдыз»,
Көкшенің жұлдызындай жақыраған.

Ол – адам өнегелі өмірі бар,
Үні бал, тілі майда, сөзі шынар.
Толқынды сұлу сырдай сезімі бар,
Қазақтың даласындай көңілі бар.

Саңқылдап ғалым Шоқан үн қатады,
Сұлушаш шерлі зарын тыңдатады.
Ұрпағы Асқарларды қастер тұтып,
Бәтеспен, Ботагөзбен сырласады.

Бүгінде Сәбең жырдан тартынбайды,
Шабыты меруерттей жарқылдайды.
Тасытып тағы талай жыр бұлағын,
Тұлпардай оза шапқан алқынбайды.

1970 ж.

Ғабдолла ҚОЖАБАЕВ

МИЛЛИОНДАР МАХАББАТЫ

Алатау тұлға, ақ басты,
Өзіңсің өлмес өренім.
Есімің де асқақ тым ,
Әкемдей сені көремін!
Жеңістен жеңіс қадамың,
Жауына бермес кезегін:
Қайраулы қылыш – қаламың,
Батырдай сені көремін.
Республика бесігін
Анадай тербеп өлеңмен,

Ақтаған ақын есімін,
Ақынды сенен көрем мен.
Ілгері тартса ой-арман,
Жастарды жарқын сезіммен;
Іздерің өткен ой салған,
Ұстазды көрем өзіңнен,
Өзің – мәңгі махаббат,
Көремін миллион көздерден.
Аз да емес атақ-даңқ...
Кемеңгерсің көз көрген!

1970 ж.

Мамытбек ҚАЛДЫБАЕВ

ҚЫРАН ҚҰСША САМҒАҒАН

Асқар таулар қандай көрік далаға,
Қандай бақыт бала деген анаға.
Қандай бақыт маңдайыңыз жарқырап,
Жүргеніңіз біздер үшін, жан аға.

Жалын атқан жас жанымыз сіз десе,
Мәртебеміз өскен биік жүз есе.
Сізге келсін, жалғыз ғана айтарым,
Егер де кім еңбек жырын іздесе.

Туған елдің дақ түсірмей арына,
Мойымастан дүние қайғы-зарына.
Биіктікте қыран құсша самғаған,
Ризамын сіздей аға барына.

Тауымыздай арыңыздың өрлігі
Даламыздай жаныңыздың кеңдігі.
Армандаймыз, жүректен жыр арнаймыз...
Болсақ дейміз біз де сіздей ел ұлы...

1970 ж.

Бақытжерей ЫСҚАҚОВ

СӘБИТ АТАМА

Бойдағы құштар сезім қуат алар,
Жүрегім елжіреген сырға толар.
Алдымда Алатаудай өр тұлғалы,
Өзіңдей жасай берсін ұлы аталар.

Ақтарып елің үшін шуағыңды,
Арнадың кедей тапқа жыр-әніңді.
Бар халық сүйіп оқиды Шоқпытындай,
Тұғырын теуіп ұшқан қыранының.

Жетпіс қыс, жетпіс көктем белестері,
Маған ол арман болып елестейді.
Әбділдә, Тайырларды аттандырған,
Сіз салған алтын шпал емес пе еді.

Бойында бұл тарихтың бай күші бар,
Өткеннің қуаныш пен қайғысы бар.
Аралап тыңдасаңыз әр қазақты,
Айта алмай жүрген сізге алғысы бар.

Сұлушаш армандаған сырғалы күн,
Самалмен жазираның ырға гүлін.
Сағынған Сарыарқасы Шоқаныңды
Жас шопан алып шықты қырға бүгін.

Ұрпағың жаттап сұлу, асқақ әнді,
Сіз салған сара жолмен аспақ әлі.
Осынау биігінде тұра берші,
Қазақтың Алатаудай ақсақалы.

1970 ж.

Момын ӘШІРБЕКОВ

СӘБИТКЕ

Қазақсың біз білетін қарапайым,
Әркашан ел құрметі саған дайын.
Жүйріксің қатарыннан озық тұрған,
Бәйгеден бірінші боп келген дәйім.

Сәбитсің туған елің еркелеткен,
Өнердің шыңына да ерте жеткен.
Біледі еңбегіңді кәрі мен жас,
Арнаймын жырды саған сол себептен.

Солдатсың, партияның солдатысың,
Сол сапта баяғыдан алда тұрсың.
Сен де бір Алатаусың дара туған,
Сен де бір жаннат сұлу Алматысың!

Келесің партияның жолыменен,
Қашан да қоржыныңа толып өлең.
Халқындай қайраттысың, жомартсың сен,
Еліңе сүйкімдісің сонымен.

Жетпісің құтты болсын бүгін келген,
Отырсың оны тойлап дүйім елмен.
Ақыннан озып көрген емес дәйім,
Уақыт қанша аулап жүгіргенмен.

Жүре бер, жүзге де жет, жазушы інім,
Қазақтың жүрегіне жақын інім.
Өзің де өрен жырсың бітпейтұғын,
Аңыз боп кетті сенің атың бүгін.

Өнердің Есілісің селдейтұғын,
Жамандар маңайына келмейтұғын.
Жүре бер замандастар арасында,
Қамшы бас, тұлпарыңа бермей тыным!

1970 ж.

Орынбай АЙМАҒАМБЕТОВ

СӘБЕҢЕ!

«Баспа сөзге қаламы,
Көрмеген әсте мұқалып».
Жетпіске келдің, аяулы,
Ағамыз Сәбит Мұқанов.

Құттықтаймыз, Сәбе-аға,
Сізді дархан көңілмен,
Баянды бақыт тілейміз
Мына нұрлы өмірден.

Ізің жатыр, Сәбе-аға,
Талай том боп баспада.
Мақтаны өзің халықтың,
Жарқын көңіл, жақсы аға.

Жалбыр тон киіп жасыңда,
Қозы бақтың, қой бақтың,
Қой соңында жүрсең де,
Елдің қамын ойлапсың.

«Сұлушашты» есіркеп,
«Адасқандарды» жебедің.
«Теміртасты» арқалап,
Бір шаршадым демедің.

Талай жылғы еңбегің,
Есесімен өтелді.
Оқжетпестің басына
«Жұмбақ жалау» көтердің.

Есігін аштың біздерге,
«Менің мектептерімнің».
Кәріге де, жасқа да
Ұстаз болып көріндің.

«Сыр Дарияны» аралап,
Көрдің қызық өмірді.
Өз арқанда, Сәбе-аға,
«Аққан жұлдыз» көрінді.

Тілшісі болдың тірліктің,
Мойымадың, саспадың.
Өзің туған халқыңды,
Ізгілікке бастадың.

Найзаға балап қаламды,
Жауға қарсы аттандың.
Генералдай алдында,
Жүрдің жалын жастардың.

Із қалдырып әлі де,
Томдарыңмен баспада.
Ден сау болып, жүзге жет,
Жарқын көңіл, жақсы аға.

1970 ж.

Асқар ТОҚМАҒАМБЕТОВ

ҰСТАЗ АҒА

Арман, тілек, өр талап заман туған,
Жетеледі қалаға мені қырдан.
«Ленинге арнап тұңғыш бір өлең жазып,
Інің едім ауылдан келіп тұрған».

Деп ем, мені қарсы алып жылы жүзбен,
Ауладыңыз көңілімді әзіл сөзбен.
«Жақын отыр» дедіңіз, өлеңді оқып,
Әкей-үкей боп кеттік, сөйтіп, Сізбен.

Сонан бастап Сіз маған ұстаз болдың,
Жылуы әлі кеткен жоқ қысқан қолдың.
Лүпілдеген жүрек тұр сол күйінде,
Жолаушыдай үстінде үлкен жолдың.

Мақтанарым, мен Сізбен замандаспын,
Сендер тассаң теңіздей, мен де тастым.
Қиын күнде қынжылмай бірге тұрып,
Қызық күнде ілгері бірге бастым.

Тап жауымен күрестің, тайынбадың,
Қолдан келсе қатты ұрдың, жай ұрмадың.
«Тап жаулары» дегенді сілейтіп сап,
Бай-құлаққа «жұмырық» дайындадың.

Тасқа біткен шынардай тік боп өстің,
Арыстансып келгенді бүктеп өстің.
Тірек күшің Ұлы Отан, Ленин болып,
Соларға еріп ілгері, бірге көштің.

Өтіп ауыр өмірдің өткелінен,
Өтіп ауыр өмірдің мектебінен,
Қаламыңды найза ғып жауыңа атып,
Көркейдің сен Октябрь көктемімен.

Өтті жылдар, қаламың мұқалмады,
Өтті жылдар ой, сенім жұқармады.
Шырмауықтай шырмалған ескі әдетті,
Күшті қолдар күйретті, бұтарлады.

Өрттей қаулап өрбіді өткір сезім,
Жан жүректі толқытты жазған сөзің.
Үйден-үйге қыдырды «Қыдыр» болып,
«Жұмбақ жалау», өр мінез «Ботакөзің».

Талай-талай өттік біз асулардан,
Өткендей боп мың жылдық ғасырлардан.
Сол сапарда жең түріп Сіз де жүрсіз,
Әлі алдымда дегендей асулы арман.

Сол жүріспен келесіз арымастан,
Романдар тау-тау боп бетін ашқан.
Ту бие мен бағлан қой сойылғандай,
Мариям жеңгей жас күндей қонақ тосқан.

Күнде думан, күнде той құшақтасқан,
Жылында бір роман қойнын ашқан.
«Жетпіс Сізге келді» деп кім айтады,
Кәріліктер қайқайып кейін қашқан.

Сіз жасай бер, артыңнан біз де ерейік,
Мерекені жүз жылдық бір көрейік.
Ұстаз алда тұрғанда, шәкірт сонда,
Жүзді жасап, ұрпақпен гүлденейік.

1970 ж.

Ғалым МАЛДЫБАЕВ

АҒАСЫҢ

Сәбит жолдас, маған ұстаз, ағасың,
Мейірімді көк Есілдей тазасың.
Тамырың жерді, бұтағың көкті ораған,
Көп ініңе жасыл орман панасың.

Сәбит, аян сенің өмір мектебің,
Көз алдымда ұзақ, терең өткелің.
Әлі есімде алыс қалған жылдарда,
Жүрегімде жырдың гүлін еккенсің.

Сәкен шырқап "Альбатроспен" ұшқанда.
Ер Алтайың Сұлушашты құшқанда.
Пролетарлық соққы болды күшті үндер,
Күндеп жүрген байшыл, наншыл дұшпанға.

Құлпырған ең байтақ еліміз,
Сәбит, туған өлкең біздің жеріміз.
Мың сан ғасыр жасаған биік тауларың,
Таусылмайтын алтын, күміс кеніміз.

Жетпісінде иіліп сәлем беремін,
Достан шашу осы арнаған өлеңім.
Қолың қысып, бетіңнен сүйіп құрметпен
Ұзақ жаса, сау бол, Сәбе дегенім.

1970 ж.

Игібай ӘЛІБАЕВ

ГАУҺАР ДЕРСІҢ

Сөзі оның гауһар дерсің тұнықтағы,
Тыңдайды сөйлеп кетсе тынып бәрі.
Ал, қалам кестелесе маржан зерді
Жаныңды жадыратып жылытады.

* * *

Шерткенде туған жердің қилы сырын,
Төгіліп кеткендей-ау кәусар жырың.
Тереңнен толғап, тербеп шалқығанда
Көкірекке құйылар шуақ нұрың.

* * *

Жетпістің тұғырында қыран құстай,
Не тұр дейсіз заңғарға самғап ұшпай,
Асыл сөздің атасы, қолыңды бер,
Қатты қысып, тұра алман сүйіп, құшпай.

1970 ж.

Сәду МАШАҚОВ

ШЫНАРДАЙ БИІК

Қазақтың байтақ жері де,
Жомарт-ақ өзен, көлі де.
Таулары асқақ қазыналы
Мақтаныш болған көңілге.

Байсалды осы өңірдей,
Табанды, берік темірдей.

Ойынан өрген маржан сөз
Жаңбырлы жылғы егіндей.

Қарымы кең де мол Сәбең,
Жетпіске толды сол Сәбең.
Орманда жүрсем ойланам,
Шынар тұр биік бойлаған.
Жасыл жапырақ бұтағы,
Күн нұрына тоймаған.

Шынардай биік әр уақта,
Бұтағын жайған жан-жаққа.
Жеткізген талай дарынды
Өсірген жандай бау-бақша.
Талапты жасқа дос Сәбең,
Солардан бүгін көп сәлем.

Дем беріп Ленин, Октябрь
Күреске, іске жекті өмір,
Ағылды роман, жыр, дастан.
Жасаңыз тағы жетпіс жыл.
Ойыңыз өрнек тынбастан,
Тозбасын қалам, үніңіз,
Ту ұстап алда жүріңіз,
Жетінші он жасында
Кемімей тартар жүгіңіз –
Басыңыз жерді нық тіреп,
Айтсын жұрт Сәбең мықты деп.

1970 ж.

Қуаныш БАЙМАҒАМБЕТОВ

АҒА ТІЛЕГІ

Сәбитжан, арнау жаздым жетпісіңе,
Қонар ма алғыс, құрмет тек кісіге.
Талантың тас қияға көтеріліп,
Атыңды таныстырды көп кісіге.

Шаттанып құттықтайды сұлу далам,
Қызылорда – қымбат тұтар тұңғыш қалаң.
Ағадан арма демек қазақ салты,
Ағалық тілегімді айтам саған.
Шапаным саған жапқан шат боп аса,
Дос жүрек қарлығаштай бір тамаша.
Деген бар "асыл азбас, алтын тозбас",
Жасайды заман мәңгі, сен де жаса!
1970 ж.

Сабырхан АСАНОВ

"ДҰРЫС"

Бұл Сәбеңнің жалғыз ауыз сөзі бар.
Оның атын жұрт біледі: "дұрыс" деп.
"Дұрыс" жайын Сәбең жалғыз өзі ұғар.
Көп "дұрысты" айтып қойып бір үстеп.
"Әке" десе біреу, тұрар: "дұрыс" деп.
Сіздің үйден шәй ішіп бір қайталық,
Сәбе, десе, тұрар және: "дұрыс" деп...
Осы "дұрыс" – бұл Сәбеңнің арманы,
өнген бақша, өскен бағы, орманы.
Осы "дұрыс" – бұл Сәбеңнің тынысы,
Осы "дұрыс" – бұл Сәбеңнің қорғаны,
Осы "дұрыс" – жаны оның жайдары.
Осы "дұрыс" – жарқыраған айдары.
Осы "дұрыс" – бұл Сәбеңнің әр күнгі
бөлінбеген, бұзылмаған ойлары.
Осы "дұрыс" – жаны ашырдың дабылы,
кішіпейіл жанның шыққан дабыры.
Осы "дұрыс" – бұл Сәбеңнің қашаннан
келе жатқан, шайқалмаған сабыры.
Осы "дұрыс" – істің бітіп қалмағы,
Әділеттің әбден белең алмағы.
Таразының ауыр жағын басатын,
Осы "дұрыс" Сәбеңнің зор салмағы...
1970 ж.

Н. АБИЛЕВА

ПО ДЕЛАМ – ПОЧЕТ

Воспевать привычно мне, акыну,
Тех джигитов на конях степных,
Что соперникам в байге покажут спину,
Да оставят только пыль из-под копыт.
И сквозь ураганные обвалы
До любых поднимутся вершин,
Где орлы лишь гордые бывают,
Вечный снег нетронутый лежит.
И в степи моей народ недаром
Сотни лет обычай предков чтит,
По делам – почет, всегда на торе
Самый уважаемый джигит.
А сегодня здесь сидит по праву,
Пусть не будет путь его забыт,
Семьдесят годов труда и славы,
Партии солдат, поэт Сабит.
Воспитали степи Казахстана
В сыне свое мужество и щедрость,
И сейчас за юбилейным дастарханом
Все аулы, города и села.
Годы быстро мимо пролетели,
Но поэта время не обгонит,
Ничего, что годы сединой осели.
Будь и в сто душою вечно молод.

1970 г.

Момын ӘШІРБЕКОВ

АЛҒЫС

Сәбеңсің – туған елің еркелеткен,
Ғылымның шыңына да ерте жеткен.
Біледі еңбегіңді ұлы Отаның,
Арнайды атыңа алғыс сол себептен.

Сәбеңсің – партияның солдатысың,
Сен әмән ақжарқын жолда тұрсың.
Сен деген Алатаусың дара туған,
Сен деген жәннат шаһар Алматысың.

Келесің партияның жолыменен,
Қашанда қоржыныңа толып өлең.
Халқыңдай қаһармансың, қайраттысың,
Мәңгілік мақтанысың сонымен.

Жүре бер, жүзге де жет, ақын інім,
Жұртшылық жүрегіне жақын інім.
Өзің де өнер-жырсың өшпейтұғын,
Аңыз боп кетті сенің атың бүгін!

1970 ж.

Константин АЛТАЙСКИЙ

БАТЫР С ПЕРОМ В РУКЕ

От всей души своей я радуюсь тому,
Что аксакалы и джигиты, даже дети,
Желают Вам, Сабит, в семидесятилетье
Здоровья, счастья, сил, как деду своему.

Серебряно-седой и добрым сердцем юн,
И зорок, словно беркут в густо синей выси,
Акын и романист, историк и трибун,
Ученый, драматург и мудрый летописец.

Вы показали всем Советский Казахстан,
С гуртами, с домнами, с пшеницей золотою,
И тех, кто превысил пятилетний план,
Людей с их мощью, с их душевной красотою.

Казахский златоуст, наш дорогой Саке,
Родного языка гранильщик и волшебник.

На все хватило Вас, батыр с пером в руке,
На песню и роман, на пьесу и учебник.

На вахте трудовой без отдыха, без смен,
И, сердце закала Абая светлым жаром.
Вы дописали то, что не успел Сакен,
Что не успел Ильяс с Беймбетом и Мухтаром.

Вы с партией навек связали жизнь свою,
Потомственный кедей пастушеского рода.
Вы полстолетия шагаете в строю,
Певцом народа и глашатаем народа.

И если спросит Вас читательская рать:
"Чем дышишь ты, Сабит, что сердце твое движет?"
Вы с гордостью гражданской можете поднять,
Как партбилет, все сто томов партийных книжек!

1970 г.

Еркеш ИБРАҺИМ

ЖЕТПІСКЕ КЕЛГЕН СӘБЕМЕ

Қылшылдап дәйім тұратын,
Жиырма бестегі кезіндей.
Жетпіске келсе бір ақын,
Жетпіске келсін өзіндей.
Телегей-теңіз шабытпен,
Шайқалып, шалқып, бұрқырап,
Қашан да бірге халықпен,
Үйіршіл үнің шұрқырап.

Толғанған шағың, тегінде,
Тартатын болар жетпіс балл.
Өзіндей болсын еліне
Маңдайдың терін төккіш шал.
Аңсағыш жастар ерлікті,

Өзіңнен алсын ғибырат.
Малшытып терге терлікті,
Қырқалар артқа зымырап,
Лениндік мандат қалтанда,
Күйреткен заман қапасын.
Бандалар тобын талқандап,
Құйындап бара жатасың.

Сол құйын әлі сол екпін,
Сол ағын әлі ағының.
Әлі де алда керек күн,
Ақыны кедей табының.
Ерлікке толы жылдарың,
Қалдырған артқа көз ілмей.
Жаудырып тұрған жырларың
Қазақтың қара көзіндей.

Ақ қырау-сынды ақ шашың,
Атамның аппақ шашындай.
Бір өлеңді сатпас ем,
Алтынға аттың басындай.
Өн бойың толы ағын жыр,
Ағыл да тегіл ақындық.
Жұлдыздай аққан шаңың бұл,
Сүйсініп айтсам – батырлық.
Қылшылдап дәйім тұратын,
Жиырма бестегі кезіндей.
Бар қазақ туса бір ақын
Ақын боп тусын өзіндей.

1970 ж.

Фариза ОҢҒАРСЫНОВА

ЖАЛҒЫЗ ЖАЛАУ

Мен бала едім,
албырт көңілім теңіз боп тыншымаған,
(теңіз боп толқымаса, құрсын адам),

Сұлушашыңа қосылып күрсінгенімде,
Күңіренгендей болатын жыршы далам.

Мен жүрмін ылғи өзіңді
Сан сәйгүлікке жеткізбес тұлпар жорып,
қазақтың аспанындағы сұңқар көріп.
Әлі күнге жігіттер жүрген шығар-ау
Ботакөзіңе ынтығып, іңкәр болып.

Бір жасап қалам оқысам,
Көкірегіме кеткендей далам қонып.
Менің басымнан өткендей сонау жорық.
Көрінетінсің, ағажан, сонда маған,
"Оқжетпестегі" шаншылған жалау болып.

Жетпіс деген немене?
Ол – шыңдары шаншылған Алатаудағы
Жеткізбей жүрген шабыттың дара саңлағы.
Біз дегеніміз – кешегі жыр тілеп ұшқан
"Менің мектептерімнің" балапандары.

Сіздегі дарын сарқылмас
Көктемдегі нөсердей селдетіп алмай.
Құлпырып сонда кетеді жер беті қандай!
Мен шалқайып қараймын сонау шыңдарға,
Өзіңіз шыққан биікте мен де тұрғандай.

1970 ж.

Құмар ЖҮСІПОВ

СӘБИТКЕ

Академик Сәбе, ақыным,
Қаламды ерте ұштадың,
Мұқалған жоқсың жас кезде,
Көрсең де өмір қыспағын.
Халқыңның әнін тыңдадың,
Жатқа оқып талай киссаны,
Талантыңды шыңдадың.

Ұлы Октябрь болмаса,
Бір жырау болып қалар ма ең,
Ұлы Октябрь болмаса,
Академик атақ алар ма ең.
Сенің өмірбаяның,
Октябрьден басталған,
Сендегі көзін таланттың,
Ұлы Октябрь ақтарған.

Сенің жазған жырларың,
Қуат берген еліме.
Сенің жазған тарихың,
Ол бір жатқан шежіре.
Зергер тілді ұстазсың,
Қиыннан қиыс табатын.
Мәуесі бітік жеміссің,
Бұтағы бұлтты шалатын.
Сен бір аққан дариясың,
Шөлдеген жандар қанатын.

Туынды бердің ғажайып,
Өмірде мәңгі қалатын.
Әдебиет өнердің,
Жасастың алтын құндағын,
Суреттей білдің көркемдеп
Ғасырдың ғажап сырларын.
Шыңдалып келеді шеберлік,
Бассаң да жетпіс қырларын.

Әлі де тағы толғай түс,
Өмірдің тәтті жырларын.
Тағы да жетпіс жасаңыз,
Соған түгел тілектес,
Өзіңді сүйген әлеумет,
Жетілген ұл-қыздарың.

1970 ж.

Тұрар ҚҰРМАНҒАЛИЕВ

БИІК ТҰР ЕЛДІҢ ТІЛЕГІ

Сау – саламат, жақсымысыз,
Құрмет тұтқан ағайын!
Болсын сыйым, асыл бұйым,
Өлеңге өрнек салайын.
Бұрын сізді, сіз де бізді,
Көрмесек те кездесіп,
Сөзіңізге жеткен бізге,
Келіп едік жүздесіп.
Оқып шықтық, сөзін ұқтық,
Роман, поэма еңбекті.
Шебер сөздер, кейіпкерлер,
Жүрек қылын тербетті.
Байжан, Гүлнар, Ботакөз, Асқар,
Шығар емес есімнен.
Үлгі алар жандай, ауыздан қалмай,
Солармен бірге өстім мен.
Бұлардың бәрі аз деймін әлі,
Үлкен бір еңбек бөлегі.
Демеңіз қате, ардақты Сәке!
Биік тұр елдің тілегі.

1970 ж.

Қалихан АЛТЫНБАЕВ

СӘБИТ МҰҚАНОВҚА АРЫЗ

1972 жылғы июнь айында, Алматыда өткізілген Жамбылдың 120 жылдық тойында, Қазақ ССР ғылым Академиясының үлкен залында ақындар айтысы үстінде айтылды.

Уа, Сәбе, атың шықты алты Алашқа.
Мерейің үстем болды тайталаста.
Сан адам саясына паналайтын,
Бәйтерек сізді ұқсатам қара ағашқа.

Уа, Сәбе, даңқың кетті жарты әлемге,
Танылған тарлан едің кең көлемге.
Басқалар ұсақ адыр, төбе болса,
Асқар тау сізді ұқсатам көк белеңге.

Жетпісте құтты болды қадамыңыз,
Жүзде де мұқалмасын қаламыңыз!
Шыққанда сонау жылдар "Жұмбақ жалау",
Қаршадай мектептегі баламыз біз.

"Теміртас", "Адасқандар", "Жұмбақ жалау",
Шоқ тастап, жүрегіме жаққан алау.
Тигізбей қолдан-қолға қағып алып,
Болушы ек оқығанша қызыл танау.

Дүкеннен зорға сатып алғаным бар,
Бола алмай "Балуан шолақ" арманым бар.
Еліктеп, ауыр тасты көтерем деп,
Мертігіп бір жұмадай қалғаным бар.

Ең алғаш оқығанда "Сұлушашты",
Ғашық боп бір жұмадай ұйқым қашты.
Көз ілсем-ақ тұрады қарсы алдымда,
Сұлу қыз камшат бөрік, қиғаш қасты.

Келеді қимылдамай жата бергім,
Сол түстің қызығына бата бергім.
Оянсам – сұлу түгіл сайтан да жоқ.
Өмірден мен осындай жапа көрдім.

Кісі едіңіз осылай әсер еткен,
Ақын ғып, аузымнан жыр нөсерлеткен.
Уа, Сәбе, мен саржолтай бауырыңмын,
"Жазушы" баспасында есем кеткен.

Одақтың қаулы алған соң хатшылары,
Көп болды жинағымды тапсырғалы.

Алматы өзін ғана жақсы танып,
Қалайша қыр қазағын жатсынбағы?

Болды ғой жата-жата "сары жамбас",
Дегенге "бес жыл жатты" ешкім нанбас.
Барған сайын қу шөппен ауыз сүртіп,
Сырғытып сала берер, жүзі жанбас.

Бұл өмір құрылған ба ылғи баққа?
Қор болдым қолым жетпей бір жинаққа.
Өрмелеп өрге қарай ұмтылсам да,
Домалап кете берем ылди жаққа.

Керейде Қошқарұлы ер Жәнібек,
Кеудесін адам баспас өр Жәнібек.
Төмпешік топырақ басып жатыр "Шарда",
Елім деп еңіреген алып жүрек.

Ол жатыр тарихқа біліне алмай,
Мен жүрмін ілтипатқа іліне алмай.
Ол жатыр сәл қозғалып тіріле алмай,
Мен жүрмін тіршіліктен түк ұға алмай.

Одақ барсам: "Қартамыс, қартсың" дейді,
Жырау боп аулында жатсың дейді.
Шалдардың барар жері – Академия,
Ат басын бізден аулақ тартсын дейді.

Академия: "Сен әлі жассың" дейді,
Жастықтың қызуына массың дейді.
Сонан соң халық ақыны деп саналық,
Әуелі жинағыңды бассын дейді.

Сонымен, менің күнім шөре-шөре,
Бұл дауға табылмай жүр әділ төре.
Қазаққа қарқарадай Сәбең едің,
Шынымен өлемін бе сізді көре?

Одаққа әлі күнге мүше емеспін,
Мүшеге лайықсыз кісі емеспін.
Кейіннен жасым кіші болса болар,
Өнерде ешқайсынан кіші емеспін.

Уа, Сәбе, арызымды құп алыңыз,
Тарқады сізді көріп құмарымыз.
"Жазушы" баспасына қозғау салып,
Не бүге, не шүге ғып шығарыңыз.

Не мені қаудыраған шал қылыңыз,
Меңіреу, түк білмейтін мал қылыңыз!
Сарғайып көшкен жұртта мен қалайын
Біржола жапырылып шалғынымыз.

Не мені қылшылдаған жас қылыңыз,
Жас қылып, кітабымды бастырыңыз!
"Қыдыр деп қырықтың бірі" айтқан қазақ,
Себеп боп бақытымды аштырыңыз!

Уа, Сәбе, атың шықты алты Алашқа.
Мерейің үстем болды тайталаста.
Сан адам саясына паналайтын,
Бәйтерек сізді ұқсатам қара ағашқа.

1972 ж.

Кенен ӘЗІРБАЕВ

ҚОШ, СӘБИТ

Жасасып келіп еді бұл ғасырмен,
О, Сәбит, бауырым ең, сырласым ең.
Шынымен қоштасам ба, сенбей тұрмын,
Сәбиттің қайталанбас тұлғасымен.

Ұлы едің құшағы кең сар даланың,
Қорғаған коммунистің ар-ожданын.
Қазақтың бірі сенсің, тарих куә,
Көтерген әдебиеттің шаңырағын.

Шығарған жанның бірі қазақ атын,
Жазушы, сөз зергері, ғажап ақын.
Орыны толмайтұғын бір өкініш,
Қош, Сәбит, қош аяулы азаматым!

1973 ж.

Сейтен САУЫТБЕКОВ

ҰМЫТПАН МӘҢГІ АТЫҢДЫ

Көк жүзі күңгірт, тұр налып.
Жұлдыздар неге санама?
Япыр-ау! Жел зарланып,
Жылайды ғой мұңдана!

Толассыз жырлап бар жырау,
Толқығандай кең дала.
Неткен мұңды зар жылау,
Табиғат неге тым нала?

Өзендер асып арнадан,
Көл суы неге көп бүгін?
Сәбеңе нұрын арнаған,
Сарыққандай көкте күн.

Зар күйін тартып зарлаған,
Жел емес. Елдің үні екен.
Тасыса сулар тартылмай,
Құйылған көздің селі екен.

Күндей нұрлы кеудеден,
Соңғы демі шығыпты.
Үстем болып емдеуден,
Алыпты ажал жығыпты.

Ел қуанса тілінен,
Бал тамызған баласы.
Ел күйзелсе, ділінен
Қан тамызған данасы.

Солтүстіктен жайнаған,
"Темір қазық" – жұлдызы.
Сандуғаш күнде сайраған,
Әр сөзі алтын қырмызы.

Теңіздей шалқар жыр төгіп,
Көзін жұмды-ау ғұлама!
Көкейге өшпес гүл егіп,
Өмірден алған сыбаға.

Жасамай өтті-ау бір ғасыр!
Көктем көңіл дүлділ жан.
Халық досы шын асыл,
Қалаулысы бұлбұл ән.

Қош бауырым, әз аға!
Ұмытпан мәңгі атыңды.
Кезіккенше қазаға,
Көзіңдей көріп хатыңды!

1973 ж.

Жолмырза АЙМЫРЗАЕВ

СӘБИТ АҒАЙҒА

Алып таулар жетемін деп аспанға,
Мейлі қанша мақтанса да тасынып.
Жетпейді олар өзің жазған дастанға,
Қала алмайды өр тұлғаңды жасырып.

Асып аққан дариядай арнасынан,
Сөзің кетті жер жүзіне таралып.
Жатыр саған кіші өзендер жалғасып,
Бір өзіңнен таусылмайтын нұр алып.

Жетпіске де жеттің бүгін алқынбай,
Дос халықтың ортақ асыл ұлысың.

Бәйгеге де түсесің сен тартынбай,
Шапқан сайын кеңи түсер тынысың.

Туған жерің космодром алаңы,
Гагариндей жас қырандар түледі.
Олар әне ғарышқа ұшып барады,
"Оң сапар" – деп сенен бата тіледі.

Шешек атып құлпырып тұр жеріңде,
Желектерін жайды жасыл гүл-бағың.
Жаңға жайлы баяу ескен желің де,
Секілді бір сенің сыршыл жырларың.

Еш уақытта тот баспайтын асылдай,
Даңқын берсің Пушкин, Науаи, Абайдың.
Әдебиет майданында жасындай
Жарқылдайсың, мен сонынды қалаймын.

Күндіз-түні осы еді ғой тілегім,
Қалай сенен ойда жоқта айрылдым.
Есіткенде: "Тоқтады – деп, – жүрегің",
Ұша алмадым, қанатымнан қайырылдым.

Өзегімді тіліп өтті бұл хабар,
Боран бұрап, ішін тартты тынымсыз.
Қайғы құшты қарақалпақ тумалар,
Сәбеңді еске ап, осы бір сәт түк үнсіз.

Есте бәрі жүрген күндер сізбенен,
Айқұш-ұйқыш ізің жатыр жерімде.
Сәбит аға, мәңгі отырсың бізбенен,
Қарақалпақ отауының төрінде.

1973 ж.

Аманжан ЖАҚЫП

ҚАЙРАН, СӘБЕ!

Жазушы, ақын, сыншы, академик,
Күрескер – бұлардан тек арман биік.
Заманның, адамның зор мәртебесін
Әйгілі Сәбит атың алған жиып.

Алғы сап "ағалаған, Сәкелеген",
Артқы лек "аталаған, әке" деген.
Қашан да, қайран халық, ғазиз ана,
Өзіңді бастан сипап мәпелеген.

Қуанып, қунақ басып күлгеніңе,
Аландап, оймен қабақ түйгеніңе,
Шүкірлік етуші еді туған жұртың,
Томдарың жылда қолға тигеніңе.

Көзге ыстық құндыз бөркін кигеніңе,
Сәлем ап, басты төмен игеніңе,
Мәз едік ортамызда, уа, дариға,
Өзіңдей – бір алыптың жүргеніңе!

Мәңгілік айырылмайтын санамыздан,
Кеттің-ау, қайран Сәбе, арамыздан.
"Көл орны құр болмайды" десек-дағы,
Жанымыз жазылар ма жараңыздан!

1973 ж.

Вера ОЛЕНЧЕНКО

НЕЗАБВЕННОМУ САБИТУ МУКАНОВУ

Чтим о тебе скорбную память!
Перестало биться сердце в Вашей могучей груди!
Нет уж нам к Вашему дому пути!
Некому горе и радость теперь рассказать.

Не с кем в ранний утренний час, идя на работу,
Вас в прогулке повстречать и руку пожать.
Осталось лишь только нам
со скорбью у гроба слезы утирать.
В последний лишь путь,
как отца и писателя, нам провожать!

1973г.

Майра ЖАНСАЕВА

ҚОШ, ҚЫМБАТТЫ СӘБИТ АҒА!

Мезгілсіз қатал ажал келді қалай?
Кенеттен төбеміздің түскендей жай,
"Жетерлік жиған жүгім жазатұғын" –
Деуші еді, дамыл көрмей,тыным алмай.

Қиыр-шиыр іздері елі жүрген,
Ерінбестен інжудей талдап терген.
Қалды ғой кітаптарың том-том болып,
Үлгі болар ұрпаққа алтын сөзбен.

Халықтың қадырлысы, ардагері,
Арамыздан мәңгі-бақи кете ме енді?
Ақыл сұрап, әрқашан арқа тұтқан –
Қайысып, қайғы арқалап қалды елі.

Қайғырып қазаға ауыр біздер тұрмыз,
Шынымен сөнгені ме жарық жұлдыз.
Жан шығып, көз нұрыңыз сөнгенімен,
Ешқашан өшпек емес, сіз салған із.

Тағдырға "ажал" деген бар ма шара,
Қайғырмаған жан болмас, байлап қара.
Жас-кәрі, қауым түгел бас иеді –
Топырағың торқа болсын, Сәбит аға!

1973 ж.

МАЙ ЖЫРШЫСЫ

Халықтың қадірлісі, ардагерім,
Халқыңды риза етпеген бар ма жерің.
Аялап Сәбит деген әр есімді,
Ұмытпас мәңгі-бақи қалған елің.

Қайғырып қазаға ауыр біздер тұрмыз,
Шынымен сөнгені ме жарық жұлдыз.
Елімнің өрге тартқан өнерінде,
Еш қашан өшпек емес, Сіз салған із.

Бұл сұмға "ажал" деген бар ма шара,
Қайғырмаған жан болмас, ойлап қара.
Заманның жаршысы, Май жыршысы,
Топырағың торқа болсын, Сәбит аға!

1973 ж.

Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ

ҰРПАҚ ЖҮРЕГІ СОҒАР СЕН ДЕП

Көздің жасы көңілге сөз әкелмей,
Жан қиналған шағы бұл, аза меңдей.
Азынайды жүректе бір қара жел –
Жақын бар ма дүниеде өз әкеңдей?

Әке бар деп тайрақтап, мұңды шақпай,
Елуге де келіп ек құлыншақтай.
Бір-ақ күнде қартайып сала бердік,
Ұстараның жайдағы бірін таппай.

Көзім күйіп барады жастан менің,
Тағдыр, шіркін, тас па едің, тастан ба едің.
Қайран, Сәбе, суымай жатыр әлі,
Табаныңмен кеп-кеше басқан жерің!

Сәбеңе айтам деуші едік жесек таяқ,
Тұрмасаң да қола алып, кесек таяп.
"О, тәйірі алсын", "о, несі-ей!" деуші едің сен,
Бар шаруаны бітіре салып жай-ақ!

Қалай тосын, әкежан, жығылдың сен!
Неге айтпадың еліңе, біліп жүрсең?
Қазақтағы "жазушы" деген жалғыз
Өзі едің ғой жаңа бір ұғымның сен.

Бүгін айтып тауыспан, жылап тұрып,
Қадіріңді кім жатыр сұрап біліп.
Бәріне де білгізіп өттің ғой сен,
Жер бетінде жүргеннің құлақ түріп.

Жалғанмен тарихта қалмас ақын,
Сен шындық ең, большевик – алмас ақын.
Сен бір дәуір. Дәуірдің жанталасып,
Ешкім тартып ешқашан алмас атын.

Сәбит атың – қазақтың даласында,
Сәбит атың – қазақтың баласында.
Ол екеуі өмірде бар тұрғанда –
Жайнап, Сәбе, жасайсың сан ғасырға!

Әрқашанда халқың бар соған сенбек,
Қалдырдың сен бай мұра, ерен еңбек.
Томдарыңды қолтықтап бара жатқан,
Сан ұрпақтың жүрегі соғар сен деп!

1973 ж.

Ғали ОРМАНОВ

ҚОШ, БАУЫРЫМ!

Айтуға ауыз бармайды,
Жазуға қалам жасқанып.
Еңіреп ішім зарлайды,
Еріксіз көзге жас толып.

Өмірі тіпті сенбеймін,
Өзегің суыр дегенге.
Қалғысаң қалғы сен мейлің,
Қайратың әлі дененде.

Өлімге көнбейді ол өмір,
Өшпейді оты күл болып.
Өлмейтін мәңгі өлең-жыр
Қасында сені тұр қорып.

Қадірлі Сәбе, кия алман
Қайрылып деуге "Қош, бауыр!"
Жасымды және тия алман,
Жаныма қазақ сонша ауыр.

Халқыңмен бірге қайғырып,
Жүзімді жасқа бояймын.
Көкірегім қарс айрылып,
Көңілімді шерге ораймын.

1973 ж.

Дихан ӘБІЛЕВ

СОВЕТТІК СӨЗДІҢ ЗЕРГЕРІ

Мен өмірде көп көрдім,
Үлкенді де кішіні.
Көргемін жоқ Сәкеңдей
Жаны кең жақсы кісіні.

Мен өмірде көп көрдім,
Кішіні де ұлыны.
Биік еді-ау Сәкеңнің,
Алысшыл алтын тұғыры!

Халқын сүйген ұлының,
Өлім жоқ өмір салтында,
Әр кітабы ұлылық,
Әр кітабы сұлулық, -
Советтік сөздің зергері,
Сәкең тірі халқында!

Аяулы, абзал ұстазым,
Ақиық, адал дос, Сәке,
Ажал сұм етті-ай өз заңын,
Амал не, хош бол, хош, Сәке!
1973 ж.

Сырбай МӘУЛЕНОВ

ЖАҢБЫРЛЫ КӨЗІ ЖАСАУРАП

Қап-қара бұлттай көңілім,
Қап-қара бұлттай айнала.
Қап-қара бұлтты қанжардай,
Қақ айырар қайда аға!

Қап-қара бұлттар егіліп,
Көздерден тамшы төгіліп,
Жай түскен қара емендей,
Қабырғам кетті сөгіліп.

Өзіңсіз, Сәбе, еркіндеп,
Сырға да қалай барармын.
Қызғалдақ өскен желкілдеп,
Қырға да қалай барармын.
Тұрмын осы кез үнсіз,
Кеудеге қайғы-қақ тұрды.

Көрермін қалай өзіңсіз,
Аққөлден ұшқан аққуды.

Қараймын тұнып алды-артқа
Тебіренген бұлақ, тас аунап...
Жүзеді бұлттар жан-жақта
Жаңбырлы көзі жасаурап.

1973 ж.

Әбу СӘРСЕНБАЕВ

КӨРКЕМДІК БАҒБАНЫ

Қайран Сәке, "...жаралған бауыр, еттен..."
Қатыгез де ең, қарар ең жауыңа өктем...
Ұлы жаның көкөрім жас әлемге
Ақ жаңбыр боп көктемде жауып өткен!

Сен өртеңді жаныңмен суарудың,
Парыз тұттың, бағбан боп туа білдің!
Орманында жайқалар жас шыбыққа,
Тостың әр кез аталық шуағыңды.

Мейріміңмен өлшеусіз тасып аққан,
Үміт күтіп келешек жасыл бақтан.
Сыр тыңдауға асықтың әрбір әлсіз,
Балапандай балауса жапырақтан.

Үміт болды тәңірдей табынарың,
Сездің қатаң тағдырдың бағынарын...
Бізді орман ғып жайқалттың, міне, бүгін,
Алғыс саған, көркем сөз бағбаны!

Қош бол, аға, "...жаралған бауыр, еттен..."
Мен кешегі шыбықпын бауыңда еккен.
Арманым не келешек көкөрімге,
Ақ жаңбыр боп өзіңдей жауып өтсем!

1973 ж.

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

ҚОШ, СӘБЕ!

Аға едің, туған елдің мандайы едің,
Жүретін мәңгі тірі жандай едің.
Ойпырым-оу, абайсызда алдарқатып,
Кезікті бүгін бізге қандай өлім?!

Жүруші ең ерлік айтып, елдік айтып,
Кеттің ғой көңілімізді сен мұңайтып.
"Е, бала, халың қалай?" – деген сөзді,
Болдық-ау естімейтін енді қайтып.

Бір жайнап қалушы едік хал сұрасаң,
Қайырымды қария едің халқыңа сән,
Аларын айтпай келіп аңырататын,
Ажалды сабар едім қамшы болсам!

Еліңе болдың, Сәбе, туа мақтан,
Өзіңді жүруші еді қуалап таң.
Бар деуші ек Сәбитіміз қапаланса,
Біздерді арашалар қиянаттан.

Дос едің шұғыламен, көктемменен,
Жылыттың тоңғандарды от кеудемен.
Қиналсақ барушы едік алдыңа біз,
Қуанған шақта ұмытып кеткенменен.

Жолдастай көп кезікпей жан көксеген,
Беруші ек сонадайдан жайнап сәлем.
Қазақтың жанарынан жас болып сен,
Қайтейін, еріп түстің, қайран, Сәбем!

Өнердің өзің едің бағы нағыз,
Өлімге өкпелейміз, налынамыз.
Хош енді, қайран, Сәбе, біздер сені,
Жолаушы кеткен жандай сағынамыз.

Матай АЙНАБЕКОВ

АЛАТАУЫ ҚАЗАҚТЫҢ

Бұл не хабар, рас па?
Жүрек неге сыздайды?
Ысылдайды жыландай,
Улы тілді бір қайғы.
Мынау көктем бір сәтке,
Ызғар шашып өткендей,
Алатауым – ардағым,
Аласарып кеткендей.
Ақ алмасым шарт сынып,
Боз інгенім боздайды.
Жыр дауылы сап тынып,
Жүрек шерін қозғайды.
Асқар тауы қазақтың,
Жанартауы тілінің.
Жүрегінде халықтың.
Қатарында тірінің.
Халық өзі таныған,
Бойлап өскен шынар деп.
Өлді деуге қимайды,
Ұйықтап кеткен шығар деп.

1973 ж.

Титан ШЫНТЕМІРОВ

ЖҰЛДЫЗ БОП АҒЫП КӨКТЕГІ

Бақ жұлдызы басында
Жарқырап туған Сәбит ең.
Жылап тұр халқың басында
Шығарып жолға ақырғы ең.
Сыр шертісіп жасыңнан
Сыр пернесін басып ең.
Кеудең жырға тасыған
Таусылмайтын асыл ең.

Сұм ажал келіп тосыннан,
Кеттің ұшып сен қолдан.
Орын алдың бір шың боп
Алатаудың басынан.
Халық үшін туған ағасың,
Ұлы боп мәңгі қаласың.
Жұлдыз боп ағып көктегі
Жарқырап кетіп барасың.
1973 ж.

Қасым ТОҒҰЗАҚОВ

СУРЕТ СЫРЫ

Бүгінгідей!.. әлі есіме түседі:
Декабрьдің 31-еді. Түс еді.
Лениннің алаңында кездестік.
Сәбит аға серуеншіл кісі еді.
Деді маған:
- Әликсаләм! Жүр бері!
Суреттің бұл керек кезі – ілгері,
Осы алаңда түсіп, сақтап қояйық,
Мұның әлі табылады ділгері.
Келді айтқаны кемеңгердің, ірінің,
Енді өзім сол ділгердің бірімін.
Ұлы ағаның осы тұтас тұлғасы
Көңілінде көзі көрген інінің.
1973 ж.

Қабдыкәрім ЫДЫРЫСОВ

ЖАН СӘБЕ

Жан Сәбем! Қалай ғана айрылады ел сенен?
Асқар Алатауы едің ғой қазақтың,
Таусылмайтын тереңінің өлшемі ең...
Жан Сәбем! Жоқтығыңа қалай ғана мен сенем?
Бала кезден атағыңа мәз болып,

Зор тұлғаңды бір көруді аңсап ем...
Жан Сәбем!
Мәңгі айрылып қалғаным ба мен сенен?
Дуылдаған суық сөзді серпілтіп,
Думандатып ортамызға келсең сен...
Жан Сәбем!
Қалай ғана айрылады ел сенен?!
Сенбесем де өткеніңе өмірден,
Кетпесіңе бар көңілден –
Мен сенем! Жан Сәбем!

1973 ж.

Асқар ТОҚМАҒАМБЕТОВ

КҮНДІЗ АҚҚАН ЖҰЛДЫЗ

Жұлдыздай,
Түнде ақпадың, күндіз ақтың,
Мезгілсіз,
Көзін бітеп жыр бұлақтың.
Сумаңдап
Суық хабар ойда жоқта,
Қаусатты қабырғасын бар қазақтың.

Арман сөз,
"Өлді" деген бір жаңғырық,
Эфирді
Бойлап дем де жүр қаңғырып.
"Сәке!" деп
Талай боздақ бота көздер
Жылайды,
Жүрегінен от жандырып.
Мейірімді,
Кішіпейіл бала мінез,
Алдымнан
Шығушы еді бір жылы көз,
"Дұрыс!" деп

Бұрысымды көргенде де.
Жанымды
Жай жаптырған бұл ыстық сөз.
Уа, Сәке, неге асықтың,
Неге кеттің?
Езілтіп
Ет-жүректі дірілдеттің.
Тік тұрды,
Аза бойым қапелімде,
Шыдамай
Суығына қыркүйектің.

Өзімді
Өзің барда карт санамай,
Алдында
Жүгіруші ем жас баладай.
Сырқырап
Сай-сүйегім сала берді,
Орнынан
Бір тебіренді астана –жай.

Көтердің
Нар арқаңмен ауыр сынды,
Өмірде
Талай дүлей дауыл тұрды.
Жырладың,
Өз жеріңді, Отаныңды,
Жырлайтын
Мамыражай дәуір туды.

Жайқалған
Қалды артыңда жапырағың,
Баяғы бала күнгі батыр әнің,
Сұмырай
Сұм ажалға не айтармын:
Қош, Сәке,
Торқа болсын топырағың.

1973 ж.

Мұзафар ӘЛІМБАЕВ

ӨЛІМГЕ ҚАЛАЙ ҚИЯМЫЗ

Жан едің жаз күніндей жарқылдаған,
Нар едің ауыр жүктен тартынбаған.
Егілтіп, ойда-жоқта қамықтырып,
Қолыңнан ұшып кетті-ау алтын қалам.

Өмірге құштар едің, ғажап едің,
Сен нағыз коммунист ең, әз аға едің.
Басында табытыңның – бар оқушың,
Өлімге қалай қисын азалы елің!

1973 ж.

Игібай ӘЛІБАЕВ

ҚОҒАМШЫЛ, КӨПШІЛ ДАРҚАНЫМ

Қоғамшыл, көпшіл дарқаным,
Ардагер ұлы Арқаның,
Сәбит те өтті дүниеден,
Халқының ойлап бар қамын.

Сарбаз, Сәбе, кең едің,
Өлең-жырға майталман.
Шекспирмен тең едің,
Биіктерден байқалған.

Құрбыға қуат-күш берген,
Жастарға әман ақылшы ең.
Өрелі-үлгі істермен,
Теңіздей толқып жатушы ең.

Кеудесі толы қазына,
Таланты таудай нән еді.
Келтіріп сөзді сазына
Адал сөйлер жан еді.

Сұм ажал қайдан мезгілсіз,
Жүрекке оқ боп қадалған.
Түскендей ағып бір жұлдыз,
Естігендер таң қалған.
1973 ж.

Әшім МЕҢДІБАЕВ

СЕМСЕР СЫНДЫ САҒАДАН...

Айырылдық-ау Сәбит атты ағадан,
Алтын сапты семсер сынды сағадан.
Сенерсің бе, сенбессің бе, қалайша,
Қас-қағымда ғайып болды арадан?...
Жүрегіме мұздай суды құйғандай,
Дем-тыныссыз тұрып қалдым иланбай.
...Бұл ғасырдың ғұламасы еді ғой,
Көкірегіне күллі әлем сыйғандай...
1973 ж.

Мәлік МҰҚАНОВ

ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ

Сәбит аға!
Түстіктен жеткен тентек жел мынау не дейді?
Тұнжырап аспан ажарын неге бермейді?
Аға деп әзіз пір тұтып өскен адаммен,
Мәңгіге менің қоштасқым тіпті келмейді!
Сіз сүйген күміс Алуаның асау толқыны,
Жағаға бүгін бас ұрды келіп алқынып:
«Хош айта да алмай қалдым-ау қыран құсыммен,
Жағамнан ұшқан қияға қиын талпынып!»
Есіл ше, анау суретте көрген қиялдай,
Бұлқынып тулап, арнасына бүгін сия алмай.
Күңіренген даусы көмкеріп байтақ даланы,
Барады жылап өзіндей ұлын қия алмай.
Қимаймын, Сәбе, қимаймыз сізді, әз аға,
Орайы толмас аяусыз ауыр қазаға.

Алатау бүгін ойылып төмен шөгер-ау,
Шыдай да алмай жүректердегі назаға.
1973 ж.

Асқар ТОҚМАҒАМБЕТОВ

СӘБИТ МҰҚАНОВ ТУРАЛЫ СӨЗ

Шымшықтың көзіндей шық жапыраққа,
Тізілген, түскісі жоқ топыраққа.
Шықтан су, судан бу боп, қанат байлап,
Ұшқысы келеді бар атырапқа.

Күлімдеп, күліп шыққан күн шапағы,
Сиқырдай сан бояумен үн шашады.
Ақсары, қызыл-күрең сәуле төгіп,
Кербез таң нұр үстіне нұр қосады.

Сәбит тұр аң-таң қалып құбылысқа,
Әттең, тек сұлулықты күні қысқа.
О, Мәке, Мәриям! – деп шақырады,
Қарлыққан кәнігі үнмен асығыста.

Көрдің бе көзі жоқтың жылағанын,
Көрдің бе көкейдегі мұңлы арманын.
"Шынардың шыбығынан түспеймін" деп,
Шыққанын көріп тұрмын шықтан жалын.

– Таң сәрі, сағат жаңа бестен өтті,
Сәбит-ау, ұйқың сенің қайда кетті?!
Тау қалғып, тас та мүлгіп дамылдайды,
Сен де бір деміңді алып жатсаң нет-ті...

– Мәкем-ау, дем-ал! – дейсің, жатам қалай?
Жұмбақ сыр қас-қағымда өтті талай.
Дәл мұндай таңды сұлу мен көрмедім,
Таусылмас, көңілің тоймас алтын арай.

– Сәбит, сен айтасың-ау ойда жоқты,
Адамдай бүгін көрген жер мен көкті.
Жапырақ жылай ма екен, шық күле ме,
Қай шынар, қай заманда жасын төкті?

* * *

Сәкенді Мәкең келіп қолтықтады,
Айтты ма әлде жорта қорқытқалы.
– Қарап тұр: әне, Мұқан Төлебаев...
Айтуға одан әрі сөз шықпады.

– Неге олай, ол Мұқан ғой, мен Мұқанов,
Сөз келте кете алмады ой тұтанып.
Бура тау, бұйра бұлттар көз алдында,
Төсі жаз, төбесі қар жатты жанып...

– Немене, Сәбит сонша таң қалғаның,
Қалай сен күнде көріп аңғармадың?
Жүр үйге, қайтайықшы! – Қолдан тартса,
Мақтайды тағы Сәбит тау аңғарын.

* * *

– Осындай, айтшы, Мәке, гүл көрдің бе?
Шыныңды айт, шық ішінен күн көрдің бе?
Шыныңды айт, шынды жарып ойран салып,
Аспаннан ақтарылған су көрдің бе?

– Тулатып, толғандырған адам жанын,
Тыңдайық бұлбұл құстың ән салғанын, -
деп Сәбит "Төлебайды" төрт оралды,
Аңдамай көп жүргеннен шаршағанын.

Шындықты құтқарғандай ара түсіп,
Сәуледен қарады ол көзін қысып.
– Мәке, сен қалай ғажап, сұлу едің,
Жұлдыздай жүрегімде жүрген ұшып...

– Қой, Сәбит, тіпті саған не боп кеткен !..
Түскендей болып тұрсың тіпті көктен.

Дегенде тұла бойы тітіркенді,
Қалтырап сала берді буын біткен.

* * *

Дәл осы кезде сұлу мұртты, сыпайы жігіт кездесе қалды. "Ассалаумалайкәм, Сәке"– деп Сәкең мен Мариямның қолын алды. Аққөңіл, ағынан жарылған Сәкең ол жігітті танымады. Бірақ сонысын білдірмейін дегендей жанамалап сұрап жатыр.

– Қашан келіп қалдың?

– Қашаннан осы қалада тұрам ғой, Сәке.

– Осында тұратыныңды білем ғой, дәл осы жерге қашан келдің? – деді Сәкең жөткірінген болып.

– Сәбит білсе де қалжыңдай береді, қалжыңдап тұрғаны ғой, – деп Мәриям оны жуып-шайды. Сасқалақтаған Сәбең қарап тұра алмады.

– Келін бала аман ба? – деп тағы сұрады.

– Ойбай, Сәке-ау кешіріңіз, мен әлі үйленгенім жоқ, – деді ол.

– Оны білем ғой, әлгі үйіңдегі шешеңді айтам, ол да маған келін емес пе? – деп Сәкең жалт берді.

– Ой, Сәбе-ай! – деп Мәриям Сәкеңді ала жөнелді.

* * *

– Сәбит, сен қызықсың-ау, баладайсың,
Кейде тар, кейде дарқан даладайсың.
Бұл – әлгі Әлекеңнің баласы ғой...
Батыр-ау, неге тура қарамайсың?

"А, сол ма?" – деуден артық тілге келмей,
Аптығын басайын деп үйге де енбей.
Сәкіде сыртта отырып, көп сөйлесті,
Тап бүгін ала-бөле жыл көргендей.

* * *

Құлпырма, құндыз жаға өрнектелген,
Жағасын етек-жеңін зер көмкерген.
Сол шапан "Дос халқымның сыйлығы" деп,
Үстіне анда-санда бір-ақ киген.

Бейнесі, бет пішімі пайғамбардай,
Маңдайлы, маңғаз, марқа туған жандай.
Бурыл шаш, тақиялы бір шоң қазақ,
Үңіліп кітаптан тұр көзін алмай.

Қарайды, өткеніне кеткеніне,
Тоқтайды толып "Өмір өткеліне".
"Теміртас", "Жұмбақ жалау ", "Адасқандар",
Өзі өткен қарайды "Өмір мектебіне".

Кешегі шоқпыт бала, жалпақ бетті,
Бұл күнде академик!.. Ең құрметті.
Индия, Цейлон, Қытай, Гана елінің
Қақпасын қонағы боп ашып өтті.

Теңіздей ой өлшеусіз тереңделген,
Арнаның ашты көзін өлеңменен.
Бұл кезде романист, этнограф
Бір бабай, отыр жігіт, сөзі өлмеген.

Жан серік, жанға балар домбырасы,
Оятқан махаббатын "Сұлушашы".
Шертеді Тәттімбеттің "Саржайлауын",
Күйде бар қуаныш пен көздің жасы.

Қаламгер саусағымен мұртын сылап,
Қаздитып қағазына арабшылап.
Жазады, жаңылмайды жалғыз әрпін,
Қайтарып өзі жауап, өзі сұрап.

"Советтік сөзге қаламы,
Көрмеген әсте мұқалып.
Мұны жазған адамы -
Кәдімгі Сәбит Мұқанов".

Кітабын алып жатыр, бітер емес,
Әлі де аз сияқтанды қосқан үлес.

Өзіне ұстаз тұтқан Сейфуллиннен,
Көзіне түсті: "Тар жол", "Экспресс".

Өзі домбыра шертіп отырғанда, Сәкеннің домбыра тартқаны, сұлу сымбаты, ақындығы есіне түсті. Сәкен домбыраны баяу, қоңыраулата, әдемі шертетін еді, – деп отыр Сәбең.

Бұл ойдың арты суық, тарлан тартқан,
Тарғыл жол қабағында қасқыр жортқан.
Сәкенді ойына алып тұрды Сәбең,
Тоқтатып домбырасын үміт артқан.

Атыңнан айналайын, қайран, Сәкен,
Ұмытпан демім барда тұлғаңды әсем.
Ту ұстап, тұлпар мініп, қол бастаған,
Тар жолда тайғақ кешіп болдың көсем.

Домбыра бір бәсеңсіп, бір тулайды,
Құйылған екі шектен жыр тынбайды.
Аң-таң боп ортасында отыр Сәбең,
"Апырай, мұңды сазды кім тыңдайды?"

Серуенді, сері серпін, асау аға,
Сау болсаң қалмас едің тасада, аға.
Төрімде қадірлім боп отырар ең,
Төрелік әділ үкім жасап, аға.

Жан досы есіне алды Бейімбетті,
Көзінен ыстық жасы тамып кетті.
Көп томын бетін сүртіп қайта қойып,
Лепіріп тұрғандарды кейіндетті.

Көзіне тұрды елестеп Ілиястар,
Бұл кезде ақын жоқ па жырды ластар?
Құтырта "Құлагерді" оқып болып,
"Қош бол, – деп тұрды Сәбит – асыл достар!"

– Сәбит-ау, бар кітапты бұрқыратып,
Жан-жаққа неге сонша тұрсың шашып.
– Қыз жиған жүктей қайта жинағым кеп,
Тұрмын, – деп дүдәмалын қойды басып.

– Мә, Сәбит, хат келіпті Индиядан,
Жапоннан, Гана-сынды бір қиядан.
Асығып ашып оқып Сәбит күлді:
– Бұл өзі шаршамайтын қызық адам.

Пакистан, Ахмад Файз, достым Файз,
Сонау жыл танысып ек Ташкенде біз.
Ботакөз, орта бойлы, кең иықты,
Өжет ой, көңілі қайсар, мінезі қыз.

– Тұр сапқа! Орныңнан тұр, күн таянды!
Азат күн,
Азамат жыл жақын қалды!
Пакистан пәк ұлдары, бостандыққа
Ұмтыл! – деп жазғандарын ойына алды.

Түрмеде, қолда кісен шынжырымен,
Күресті келер күнге әр жырымен.
"Қолымды кессе, аяқты қанға малып,
Кісеннің өлең жазам сыңғырымен"

Деп еді ол. Өткір тілді Ахмад Файз:
– Жақында Алматыға барамыз біз, -
деп жазған, әлем білген атын түгел,
Ақындар жер жүзіне болған аңыз.

Жапари Әли Сардар, дауылпаздар,
Махмұт Дарвиш-сынды батыл жандар.
Сәбеңнің көз алдынан өтті бәрі,
Тамаша талай асқар, талай заңғар.

"Күш-жігер жазушының қаламында,
Сол күштер, білем, Совет Одағында.

Сіз соның біреуісіз, тұлпарысыз,
Біз жүрміз сордың азап тозағында.

Асықпыз жеткенше біз сіздің елге,
Сүйікті Мұхтар аға жүрген жерге.
Сәлем айт апортына, гүлдеріне,
Қош, Сәке, кездескенше сентябрьде...

Күлкінің толқыны ойнап миығында,
Таудай жүк тұрды ақынның иығында.
Тынбады ол. Күні-түні дем де алмады,
Жүргендей болар тойдың қызығында.

– Алло, кім, Ғалимысың, Әнуар ма?
Құлақ тос, трубканы қолыңа ал да.
Мұқаң ба, Ғабиден бе, Әбділда ма,
Уақыт тығыз боп тұр жолығарға.

Айта бер, айтарыңды біліп тұрмын,
Сен оған айт: келмесе былықтырғы.
Өзің кешке келе ғой, сөйлесейік,
Мен бе? Мен кітабымды жиып тұрмын...

Әй, Ғабит, сенімен бір ақылдасқым
Келіп тұр... десей онда ақыл қосқым?
– Қоссақ бірге қосайық, шын айттың ба?
Көңілінде дық қала ма жақын достың.

– Немене? Тау ма, тас па құлап түскен?!
Әй, Сәбит, бүлдірдің, – деп зайыбы іштен.
Жүгіріп шыға келді, сабыр тұтпай,
Аужайын болған істің түсінбестен.

Телефон жатыр жерде төңкеріліп,
Бата алмай Мәриям тұр сәл шегініп.
Қолдағы шынылары кетті түсіп,
Көлдетті үйдің ішін шай төгіліп,

– Ойбай-ау! Сәбит, саған не боп қалған?! -
(Өтті ме қас қаққанша мына жалған?!)
Көтерді жерден басын күйеуінің,
Сөйлеуге тілі келмей естен танған.

– Кімсің сен, кімің, менің… Мәкеңбісің?..
Мынау кім? Шүкей? Әлде әкембісің?
Тағы үнсіз… есін жиды, – ә, сенбісің?..

Жастағы балапан үн бала күнгі,
Ақырын бірте-бірте бәрі тынды.
Айбатты арыстандай , қайран, Сәбең,
Батырдай ойға шомған көзін жұмды…

* * *

Әр үйдің ашты есігін суық хабар,
"Сәбит өлді" дегенде қалай шыдар?
Кіндік қаны төгілген қара топырақ,
Қайғырды ел, қара киді "Жаман шұбар".

– Ой, тоба! Я болмаса жасаған! – деп,
Кемпір-шал күрсінуден босаған жоқ .
Жүректің қылын шерткен жазушыға,
Ғайбатшыл қастан гөрі дос адам көп.

Елде аз ба Ботакөз бен Сұлушаштар,
Елде аз ба әзиз аға, жан жолдастар?
Өмірдің өткелінен өткен бірге,
Жан қияр, жақын туыс, құрбы достар?!

Өнер мен көркем сөзді сүйген қауым,
Болып тұр құлатқандай Алатауын.
Иілді шалқақ кеуде төмен қарап,
Көл болды көзден аққан селді жауын.

Аға едің, әділдікке болған тұлға,
Майталман шаршамайтын өлең-жырға.

Сен жүзіп, сен кешпеген мұқит бар ма,
Құрдас боп өстің ерке бұл ғасырға...

"О, халқым, ақын ұл ғып мені тапқан,
Тағы да артсаң да жүк талай батпан,
Жолыңда сен беттеген коммунизм
Жүгіңді жерге қойып өлмей жатпан".

Дейтін ең, қайран аға, Сәбит аға!
Алдымда суретің тұр түскен жаңа.
Мен соған қадаламын, қарай берем,
Қайыр, қош, қош бол, аға, қош бол, аға!

Жұлдыздай түнде ақпадың, күндіз ақтың,
Мезгілсіз көзін бітеп жыр бұлақтың.
Сумаңдап суық хабар ойда жоқта,
Қаусатты қабырғасын бар қазақтың.

Мейірімді, кішіпейіл, бала мінез,
Шығушы ед алдымыздан бір жылы көз.
"Дұрыс" деп көңілімізді жықпау үшін,
Жылытқан жанымызды бір ыстық сөз.

Өзімді өзің барда қарт санамай,
Алдында еркелеуші ем жас баладай.
Қайрылмай, қайран аға, кете бердің,
Артында қалды жетім қос қарағай.

Сәбеңе берген сая қос қарағай,
Жабырқап, жасын төккен жас баладай.
Жел гулеп, жетім қалды жапырағың,
Ақынды күні-түні жоқтағандай.

Арулап, халқы шулап, гүлге бөлеп,
Шығарды, өлмес жыры қалды бөлек.
Жез таңдай шежіредей таусылмайтын,
Халқына бұл ескерткіш болды ерек.

Барасың сөзің қалып, өзің кетіп,
Жұлдыздай күндіз аққан жалт-жұлт етіп.
Өнеген өлмейтін бір антология,
Ұрпақтар айтып жүрер өлеңдетіп!.

1974 ж.

Сәду МАШАҚОВ

САҒЫНАМЫЗ

Өттіңіз тез, айтпай "қош" деп,
Ойлап кейде жабығамыз.
– Ол келмейді, орны бос, – деп
Жиын болса сағынамыз.

Абзал аға, биік шынар
Жиылушы ек жаныңа біз.
Ақтарушы ек қызық сырлар...
Лебізіңді сағынамыз.

Кішіпейіл ұлы едіңіз,
Сізді ұстаз танығамыз.
Адал жанға жылы едіңіз,
Мінезіңді сағынамыз.

Тоқтап қалды жүрек сөзің,
Қайысқандай қабырғамыз.
Тұр қаламың, жоқсың өзің
Ізденсені сағынамыз.

1974 ж.

Төкіш ТӘКЕЖАНОВА

АҒА ЕДІҢ...

Ала бұлт торлап аспанды,
Алатау қарын жастанды.
Қара бұлт төніп келеді.
Жүрегім неден жасқанды?

Ала бұлт торлап аспанды,
Алатау қарын жастанды.
Қаз бауыр бұлттар егіліп,
Күңіреніп құздан жас тамды.
Телегей теңіз ағын сел,
Ысқырып демде соғып жел.
Аққуынан айрылып,
Шулап жатты айдын көл.
Арқаның ерке желдері,
Ақ бұйра шатқал белдері,
Сәбеңмен мәңгі қоштасып,
Егілді маңғаз ерлері.
Ағалап барған адамға,
– Айналдым, – деп қарсы алған.
Кішіге қамқор көрсетіп,
Жақсы ісін айтып жар салған.
Ақылын айтып ағажан,
Кішіні құрмет тұтатын.
Жаныңа сусын әр сөзі
Әзілдеп сені ұтатын.
Қамқоршы еді жан аға,
Үлкенге де балаға.
Алғысын айтқан әр адам
Сәбеңдей ғалым ағаға!
Ала бұлт торлап аспанды,
Алатау қарын жастанды.
Топырағың торқа болсын деп,
Күңіреніп көзден жас тамды.

1974 ж.

Саттар СЕЙТХАЗИН

ҚАЙРАН, СӘБЕҢ!
(поэмадан үзінді)

Мен үшін зерттелмеген ол бір әлем,
Мен үшін жазылмаған ол бір өлең.

Мен үшін тұтқасындай дүниенің,
Әкемдей көрінетін қайран, Сәбең.

***

Сәби күннен бала сырды ақтарып,
Жетім болып, ата-анадан жас қалып,
О, әулием, жетіп едім саяңа,
Өзің барда жүруші едім мастанып.

Жетім деген сөз жадымнан ұмыт боп,
Көз алдында жетіп едім жігіт боп,
Аяласаң асқар тауым секілді-ең,
Үнемі алға жетелеуші-ең үміт боп.

Аяң сенің ауылым боп көрініп,
Абзалдығың ақ таңым боп төгіліп,
Аз айтқаның ақылым боп мәңгілік,
Арманыма жүруші едім жегіліп.

Қалың жұртың өте алмаған танымай,
Арманы бай, ғұмыры бай, жаны бай.
Бар мұңынды тербеткен тіршілік
Халқың үшін жүруші едің арымай.

Жалғыз өзің бір ауылға пара-пар,
Ақ ниетіңнен адамдықтың таңы атар.
Жабырқасақ жан өзің-ең жан ашыр,
Ардақ едің елді аузына қаратар.

Абзал едің ақ жарылған ақ көңіл,
Сүюші еді елің тұрсын басқа өңір.
Ту көтерген осынау ұлы заманның,
Саған мәңгі тілеуші еді жақсы өмір.

Кетіп едің сен де маған өмір боп,
Ақтарылып, көл дария көңіл боп,
Өзің барда көрмеп едім жұқарып,
Мың батпаның көрінетін жеңіл боп.

Асқар таудан адастырған, дүние-ай,
Көзден нөсер бір төгілді ұйымай.
Қысқа құлаш жетпей қалды-ау, қайтейін,
Елім деген зұлматыңның күйігі-ай.

Ол сұмыңнан жақын екен аспаным,
Жеңер едім зұлматыңнан басқаның.
Бәрін берсе, қайда кеттің, жан Сәбем,
Қайда кеттің, жазылмаған дастаным.

Шарт үзіліп кеткендей-ау арманым,
Қайда еттің, қайда кеттің қорғаным.
Сая болар мен өткенше дүниеден,
Қораңдағы терек құрлы болмадың.

Бар арманым аралап жүр ауылды,
Өткен өмір аңыз болған дауылды.
Болашағың сен өткенде дүниеден,
Ұмыта алмас көзден аққан жауыңды.

Ғабеңдермен үш шаңырақ атанып,
Кең көшеде солар менен қоса ағып,
Мақтаныш боп қалың елге үш алып,
Кетуші еді дүние деген жасарып.

Ауданыма балуан болып келетін,
Ауылымнан бала болып аттанып.
Аңыздардың алуан түрін төгетін,
Отыратын тыңдаушыға шаттанып.

Біздер жүрсек осы Сәбең ірі деп,
Ол кететін дүйім көптің бірі боп.
Кішілерге қария да болатын,
Жүретін-ді ел ішінде іні боп.

Біздің Сәбең жасуыңды білмейтін,
Тау құласа ашуыңды білмейтін,

Кішіге де, үлкенге де сіз дейтін,
Арнасынан тасуынды білмейтін.

Сөз болмайтын Сәбең сеніп нанбайтын,
Дүниені өзі шолып барлайтын,
Қажымайтын қазақ деген халық үшін
От болмайтын Сәбең барып жанбайтын.

1974 ж.

Жолмырза АЙМЫРЗАЕВ

ЕСІМНЕН КЕТПЕС ЕСІМІҢ

Алып таулар, асқар таулар аспандап,
Шыңдарға шың қосса-дағы мақтанып.
Тең келе алмас сен шығарған дастанға,
Кеудең биік, жүрегің тұр от жанып.

Толқын атып аққан дариядай,
Сөзің кетті бар ғаламға таралып.
Жаның асқақ, көңілің мөлдір айнадай,
Сүйсінгенбіз сипатыңа ағалық .

Жетпіс жасап, қадірлі аға атанған,
Дос халықтың ақсақалы өзің ең.
Шөл далаға өмір нәрін апарған,
Бұлақ едің төгілген бал сөзіңнен.

Туған жерің – космодром алаңы,
Жалын жүрек жас қырандар түлеген.
Ең бірінші ғарышқа ұшқан Гагарин
– Атажан! – деп сенен медет тілеген.

Бау-бақшалы, гүл жайнаған жеріңіз,
Самал желі достар жүзін өбетін.
Бір-бірімен бауырласқан еліміз,
Жырларыңды дұғамен тең көретін.

Пушкин менен Науаидың, Абайдың,
Бағы менен даңқын берсін өзіңе.
Жатталып қал жүрегінде талайдың,
Ұрпақтарың ынтық болсын сөзіңе.

Осы менің күні-түні тілерім,
Арамызда жоқ деуге әсте сенбеймін.
Бізбен бірге соғады әман жүрегің,
Талантыңа дақ тұрғанын көрмеймін.

Осы күні төңірегімді аңласам,
Сен еккен гүл құлпырып тұр жерімде.
Сәбит аға, отырасың әрқашан,
Қарақалпақ отауының төрінде.

1974 ж.

1980 - 1989

Сырбай МӘУЛЕНОВ

ТУҒАН ЕЛДЕЙ ТҰЛҒАЛЫ

Атақ даңқы болса-дағы асқардай,
Кіші болды буына елтіп мастанбай.
Қариялармен қарияларша кеңесіп,
Жастарменен сырласатын жастардай.

Сөзді сөзге соққанында сеңдердей,
Тыныштық тұнып мөлдірейтін көлдердей.
Тауларменен бір жаралып ол өзі,
Өзендермен бірге жасап келгендей.

Кейде жаны мың жастағы данадай,
Кейде жаны бір жастағы баладай,
Кейде жаны тебіреніп теңіздей,
Кейде жаны жайылатын даладай.

Жиын көрсе жүзі балбұл жанатын,
Жазғы бұлттай жауып-жауып алатын.
Өткен-кеткен ұлан-ғайыр тарихқа,
Халық болып қарық болып қалатын.

Сөздің кенін терең барлап жалықпай,
Бар жанрды қопарды ол алыптай,
Қаз-қалпында сақтап жаратылысын,
Болды өзі қарапайым халықтай.

Халық та оған еміренді ұлым деп,
Ашты бүкпей көңілдегі сырын көп.
Жүрген жері өз-өзінен той болып,
Таңнан таңға ұласатын дүрілдеп.

– Туған елге тимесе егер қайыры,
Жазушы да жазушы ма, тәйірі.
Қара басын күйттегеннен шықпайды,
Шығармалар бұл заманға сай ірі.

Ынтық еді оған жанын ашуға,
Ақындардың кәрісі де, жасы да,
Тұрды көп жыл сөз сардары – Мұқанов,
Жазушылар одағының басында.

Оны күтіп тұратұғын жұмыс көп,
Жұмысты ол түсінетін тыныс деп,
Кейде жырың ұнай қалса айтатын:
– Онды екен, осы бетің дұрыс – деп.

Дем біткенше қағаздан бас көтермей,
Еңбек етті жүз ақынға жетердей.
Сонда да ол сезінді өзін еліне,
Мәңгілікке қарыздар боп кетердей.

1980 ж.

ЖИЫРМАСЫНШЫ ҒАСЫР ЖЫРШЫСЫ

Өмірге арызы жоқ,
Қайтарар қарызы көп.
Жан еді Сәбең.
Жасайды енді,
Жалпақ жұрт аңызы боп.
Көп өмір сұрақтары,
Алда сан асу деген.
Бір келіп, бір аттады,
Жиырмасыншы ғасырменен.
Түссе де ауыртпалық ,
Шарқ ұрып шабыттанып.
Шыңыраудан тартты шыңға,
Сыр бермей арып-талып.
Кеш те емес, ерте де емес,
Туды өз уақытында.
Кез келді ертегі емес,
Октябрь бақытына.
Шабуылға шақырды күн,
Сөз – Советтік Армиясын.
Қазақтың ақынының,
Жинады ол кәрі, жасын.
Құшақ жайып барлығына,
Ортақтасты тағдырына.
Түрді құлақ жыр маршалы –
Маяковский жарлығына.
Жаңа ырғақтар дүрсілдеді,
Революция қарқынымен.
Жаңа адамдар мүсінделді,
Жаңа сөздер жарқылымен.
Төрге том-том толды роман,
Туған елдің тарихындай.
Атын айтпай болды олардан,
Мұқановты ел танитындай.
Мол екті дән қырына,
Көркемсөз ер диқаны.

Тулады тамырында,
Дауылпаз Горький қаны.
Тұр байтақ өзі өмірдей,
Асқақтап атақ-даңқы.
Есілдің өзеніндей,
Оған ел махаббаты!

1980 ж.

Оразақын АСҚАР

СӘБИТ ШЫҢЫ

Алтайдың бір биігі Сартауында,
Көрініп алыстағы барша ауылға.
Бір шың тұр асқақ қарап Сәбит атты,
Болашақ ғасырларды қарсы алуға.

Жалғасқан даңғыл жолы күллі әлеммен,
Сәбең бір уақыт тауып мұнда келген.
Сонда ел Ұлытауда ұлар ұстап,
Ат тартып, шапан жауып, шың да берген.

Ақыл, ой лайық деп тұлғасына,
Төрлетіп шығарыпты шың басына.
Бұлт жастап, гүлді төсеп күткен халық,
Ақ орда арнап тігіп күн қасына.

Ұшқындап жанарынан асыл жаны,
Шежіре шертіп жұртқа қасындағы,
Қараймыз қайта-қайта Сәбең бейне,
Сол шыңның отырғандай басында әлі.

Ортақ ұл диқан дала, малшы ауылға,
Сүйікті Сәбең ғой ол бар қауымға.
Шыңдарда ескерткіш боп аты қалған,
Қазақтың қайда барсаң әр тауында.

1980 ж.

Уахит ТЕМІРБЕКОВ

ТАРҚАМАС ТОЙ

Көлбей аққан көк Есілдің жағасы –
Сайрандайтын Сәбең орны тап осы.
Осында өтті жетпіс жылдық тойы оның,
Туған жерде ерекше артып бағасы.

Осы жерге күнде келіп кетемін,
Осы жерден күнде талай өтемін.
Асығамын тойда күтіп қалар деп,
Білсем-дағы Сәбеңнің жоқ екенін...

Ой түседі сол жағаға барғанда,
Жас жуады көзімді еске алғанда.
Бүгін тағы осы жерде отырып,
Қапаландым он жыл өтіп қалғанға.

...Көк Есілдің жағасында сайрандап,
Сәбең отыр ортамызда жайраңдап.
Мәрияммен екеуі ән шырқайды,
Біз отырмыз қуанышқа қайран ғап.

Жаз айы ғой: түрлі гүлдер жайнаған,
Түрлі құстар үнін қосып сайраған.
Жазғы күндей жадыраңқы Сәбең де,
Жетпіс жылдық мүшел тойын тойлаған.

Бүгін елі сексен жасын тойлаған,
Өзіңсіз той өтер кім деп ойлаған.
Оны іздейді көк Есілдің жағасы,
Оны іздейді жаздың айы жайнаған.

Төрт жас үлкен болса да ол замандас,
Алға ұстаған зор талантты қаламдас.
Кім кезсе де жердің шарын аралап,
Ондай асыл, адам, сірә, таба алмас.

Кейінгі ұрпақ талай жылдар еске алар, -
Сәбең қалай өз тойынан кеш қалар?!..
Ол өлген жоқ – келеді көк Есілге,
Жағасында жыл сайын той басталар...
1980 ж.

Қалижан БЕКХОЖИН

САҒЫНУ

Қайран Сәбе! Сағындым өзіңді мен.
Кетпейді өсиетің өзегімнен.
Жырыма қанат берген өзің едің,
Сонау бір албырт жастық кезеңімнен.

Бірісің – поэзия шыңдарының,
Мен өскен бауырыңдағы шынарыңмын.
Зердеме ұялады ұшқыр лебің,
Мен сенің ой-санаңмен суарылдым.

Кеудеңе Октябрьдің нұры тамған,
Сабаз ең той-таласта буырқанған.
Ойы жат қыңырларға шоғын шашып,
Жанында жалындаған жыр тұтанған.

Жасымда "Сұлушашқа" болдым ғашық...
Дауысың дәуіріңмен бір ұласып.
"Советтік сөз әскері" сапқа тізіп,
Алтай мен Көкшетаудан кеттің асып.

Сен мені сол бір сапқа жебеледің,
Өткіздім өз қолыңнан жыр елегін.
Өткірлік, турашылдық – берген үлгің,
Есімде – тайғанақта демегенің.

Саяңда алшаң басып өсіп едім,
Кейде бір соқса уақыт сұсты желін,
Қамқорым, қорғап мені нөсерлерден,
Басыма қалқаныңды тосып едің.

Жақты ма, әлде, саған ақпа лебім,
Жаратып бәйгілерге баптап едің.
Махаббат дастанымды оқығанда,
"Дұрыс!" – деп
арқамнан сен қаққан едің.

Бір мен бе? Ұстаз едің шәкірті көп.
Ақталды сен аңсаған шарт пен тілек.
Бұл шақта жас Шоқан мен Ботакөздер,
Жайқалып жаңа жырмен жатыр түлеп.

Өлеңнің өзің еккен бағындамын,
Әттең, тек артта қалды жалын шағым.
Достар көп, бірақ, Сәбе, өзіңдей ме,
Күрсінем,
ойлап сені сағынамын.

Сағындым сенің жайсаң мінезіңді,
Жаңғыртқан жиындарды ду кезіңді.
Сағындым ақылыңды, әзіліңді,
Сағындым мейіріміңді, ақ сөзіңді.

Алдында емін-еркін тыныстадым,
Ұнайтын кейде тіпті ұрысқаның.
Сен барда іні едім еркелеген,
Қазір "шал" деген сұрғылт бір тұстамын.

Сен қазір сол балуан кезіңдесің,
Әлі де бастап жүрсің сөздің көшін.
Тарихқа – мәрмәр тасқа кеттің жазып,
Халқыңның хикаялы шежіресін.

Көзіме елестейді ізгі тұлғаң,
Астың сен сөз көшімен құзар шыңнан.
Қуан сен,
ұстаз аға, күмбезіңде,
Келеміз жыр шалқытып біз артыңнан.
1980 ж.

Владимир ШЕСТЕРИКОВ

ЖАМАН – ШУБАР

Жаман – Шубар. Полынная тоска,
Белеет в солонцовых пятнах небо…
И там, где степь накрыла дастархан,
Стоит мальчишка и не просит хлеба.
Стоит босой и в порванных штанах,
Но маленьким провидцем в чистом поле.
Он верит в землю, верит, что она
Еще восстанет из огня и боли.
И смоет дождь следы его обид,
И доброта людей согреет в холод,
Ты извини нас, маленький Сабит,
Что мы не знали, что такое голод.
И уроженец этой же земли,
Другой судьбы взамен себе не требуя,
Как я с тобой хотел бы разделить
Твои неповторимые мектебы.
Чтоб бил потом высоких дум родник,
Летела мудрость птицею на волю.
…Не аксакал, а мальчик тот приник,
Спустя полвека к дорогому полю.
Он шел, не в силах взором отыскать,
Конца просторам хлеба золотого…
Жаман – Шубар. Полынная тоска,
Где прорастает теплым злаком слово.

1980 г.

Қ. БҰЛАҚОВ

АҚЫН АҒАҒА

Ту ғып ұстап есіңді жасымнан,
Мерей етіп, әулиедей бас ұрғам.
Сөз зергері – Сәбит ата қаламын,
Мен де бір сәт қару етіп асынғам.

Тарихы бар халық – ұлы деуші еді,
Сол тарихтың көзі дейді ел сені.
Қазағымды ағылшынша сөйлетіп,
Гималайдай көтеріп ең еңсені!

"Ақ аюды" жаттап өстім жасымнан,
Елім даңқын ғасырларға асырған.
Замананың сырлы күйін шертеді,
Ботакөз бен Бәтесіңдей асыл жан.

Жыр көгіне шығандаған қырансың,
Эльбрустай асқақ қарап тұрасың.
Сол биікке мен төменнен көз салам,
Неткен биік, неткен алып ұлансың.

Кеше жүрген іздеріңе үңілсем,
Ғасырлық жер көрінесің бүгін сен.
Әз ағаның сөзіменен айтқанда:
"Жете алмаймын, жалаң аяқ жүгірсем".

Өмірге өзің ғашық қылдың. Құныгып,
Өстік біз де жырларыңнан сыр ұғып.
Талай әже ертегідей айтатын,
Есіміңді аңыз қылып, жыр қылып.

Өлең-жырсыз ешбір таңың атпаған.
Шын жүйрік деп халық сені баптаған.
Өлең-жырдың бәйгісінің алдында,
Кім келсе де Сәбит атам деп қалам.

Дарқан жүрек соғып өткен ел үшін,
Өз халқыңның мақтанысың, демісің!
Әдебиет бақшасына сен еккен,
Көктей берсін, өсе берсін жемісің!

1980 ж.

Әділбек АБАЙДІЛДАНОВ

ЗАЙСАН КӨЛІ

Тебіреніп, көл тамшы тұрды бүркіп,
Тартқылайды толқыны күнді де іркіп.
Із қалдырып борозда-бұйра толқын,
"Спутник" келеді суды жыртып.
Келем көлдің қызығып суретіне,
Жалғыз ағаш, жалғыз үй тұр бетінде.
Көлдің өзі әдейі алып қалған,
Ескерткіш қып Тұғылдың құрметіне.

Толқындарды ширатып еседі жел,
Мал жатушы ед бұл тұста, деседі ел.
Қамыс тоғай түбімен қопарылып,
Арал болып көшіп жүр кешегі жер.
Қоңыр бұлтты көгіне шатыр қыпты,
Буырқанып көл деген жатыр мықты.
Қызыл жалау көтеріп көк айдында,
Балықшы жүр басқарып бар тірлікті.

Қуаныштан шаттық күй тартамыз да,
Бірде құлақ тосамыз қарт аңызға.
Астымызда – асау көл, үстіде – аспан,
Ақсақалы өлеңнің ортамызда.
Әр қимылды бағады көргіш халық,
Келеді ақын қалам боп желге ұшталып.
Ырза болып Сәбеңе, күліп жатыр,
Су да сұлу бетіндей оймыштанып.

1982 ж.

ҚҰРМЕТ ЖЫРЫ

Ассалоумағалейкө-өм! Армысың, Сәбе,
Аяулы аға, армысың!
Ақ тілеу етіп ұсынған мынау қолымды
қабылдармысың.

Ақ таяқ ұстап, ақырын басып,
келесің нені ауырлап,
Халқың жүк артқан, алысқа тартқан нармысың?
Оянып бірге
Жұмысшы қолы қалада жаққан оттармен,
Боз таңнан тағы табысып не бір кітаби қызық
шақтармен,
Бетің бе шыққан, амандық-саулық айтысып
Шартараптан келген хаттармен.

Ажары ойнап, гүлдері жайнап,
аспанның асты арайлап,
Сәбиін күтіп тұрғандай мынау ақ нұрға толы бар
аймақ.
Көшенің арғы бетінен тіпті басын бір иіп өтеді,
Алатау-сынды ақ басты қарт та қарайлап.

Көргенде сені көңілім шалқып,
биіктеп кетем бір қарыс,
Түрлі алғыс менің кеудемде толқып,
табады тосын ырғалыс.
Шаңытып ұшып лайнердің сонау
қанатымен жарқылдап,
Бірге ұшып мен де кеткендей болам
сиқырлы сәуле жырға алыс.
Алтайдың сонау алақанындағы Егізтөбе есте ме?
Тыңдап ед сені асылып құзға, қанатын жайған кеш
төне.
Аспани әлем... Қарқара шыңдар...
Әйтсе де жұрттың көзіне
Өзіңнен басқа көрінбеп еді ештеңе.
Ал содан бері қанша май көктеп,
қаншама сайда су ақты,
Мен сені көргім келеді,
Жанарыңнан таратып отырғанда шуақты.
Мен сені көргім келеді,
Жүргеніңде аралап егінші-малшы қауымды,
Кәдімгі бір Қыдыр-ата сияқты.

Мен сені көргім келеді,
Алдыңа бала алып отырғанында,
Мен сені көргім келеді,
Ең үлкен қонақ саналып отырғанында.
Мен сені көргім келеді,
Пайғамбар сынды қариялардың ортасында,
Өзің де солардан нұр алып отырғанында.

Әлде бір қалай көрінбей кетсең
қайдалап тұрар астана,
Ел-жұрттың барын есіңнен әсте тастама.
Сезгейсің нұрды, кезгейсің қырды
сары шапанды күзбенен,
Он екі қанат үй емес, саған аспанның асты –
баспана.
Кешкісін содан, кеудеңдегі дүркіреп аққан сел
тынып,
Бульварда отырғанында,
Алатау жаққа жанарынды сен тігіп,
Қолыңа торғын орамал алып, сергітіп біраз
желпуге,
Жетеді саған, Ақсуымнан шыққан
аңқылдақ самал ентігіп.

1982 ж.

Гүлмария АЙТМАҒАМБЕТОВА

СӘБИТКЕ

Дарқан едің бүкіл қазақ еліндей,
Пейіліңізге байтақ дала сыйғандай.
Кейбіреуше "биікпін" деп керілмей,
Күлкіңізбен жүрекке нұр құйғандай.

Сіз самғаған шыңдар түгіл төбелер –
Біреулерге үлкен мансап көрінер.
Ешкім жоқтай өздеріне теңелер,
Ісің түссе сөйлесуге ерінер.

Баламен де, шағамен де қолдасып,
Жататынсыз әр кездерде жайраңдап.
Өтсеңіз де нелер қиын жолды асып,
Өмір бойы өттіңіз ғой сайрандап.

Әрқашанда бақытты едің басқадан,
Күндеуге де батылы ешкім жетпеген.
Уақыттың өткеніне саспаған,
Қыс ызғары зәрін сізге төкпеген.

Сөнбес күндей жайнап тұрсың аға-жан,
Жарқын бейнең алауласын көздерден.
Ұрпақтарың сізді үлгі санаған,
Ескірмейтін асыл қазына сөз берген.

1985 ж.

Жәркен БӨДЕШЕВ

СӘБИТ МҰҚАНОВТЫҢ ПОРТРЕТІ

Үңіліп қай жағынан қарасаң да,
Сәбеңмен кімдер қалды таласарға.
Байырғы олпы-солпы қазақ шалы:
Қара ошақ, Қара қазан. Қара шаруа.

Дарыған шынайылық әр ісіне:
Ішкен – ас. Жұтқан – сусын.
Дәрісіне.Айтқан сөз.Сызған қағаз.
Жүрген жүріс. –
Табиғи, қарапайым, бәрісі де.

Қасына келеді оның жақын барғын,
(Сәбеңдей сұрай бермес затынды әр кім).
Әкесі секілді еді ақыл айтар,
Ақ берен астаналық ақындардың.

Сыйғызып ел тарихын шар басына,
Түндері, ойсыз өткен, бар ма, сірә.

Күнелткен қара сөзді талшық етіп,
Өнердің ұқсайтұғын шаруасына.
Күллі ұрпақ қойнауында қауышардай,
Қазақтың бар еді бір тауы сондай.
Көргенін, естігенін, білгендерін –
Өмірден өтті, жазып тауыса алмай.
1987 ж.

Дихан ӘБІЛЕВ

ДАУЫЛДА ТУҒАН

Әрине, туған жоқ ол алып болып,
Туды ол жатқанда ел талық болып.
Зор дауыл кәрі әлемді күйреткенде,
Халқымен туды Сәбит тарих болып.

Күн болып күркіреді толас жерде,
Намысты жібермеді талас жерде.
Тап тауын тәңіріндей биік ұстап,
Күресті ол...Сәбитімен санасты ел де.

Жас Сәбит бұрын көзге шалынбаған,
Секілді өзі де бір ағын заман.
Жыр болып жүрегіне құйылды елдің,
Қалтқысыз махаббатпен қабылдаған.

Емендей соқса дауыл иілмеген,
Бақ үшін бояма тон киінбеген.
Доскa – бал, дұшпанға – у жан сөзінен
Жанының жалын атқан күйін көрем.

Піл кеуде, жыр қазына дауылдаған,
Күні жоқ көтергенін ауырлаған:
Большевик, ары таза, жаны ірі,
Мұқанов ақын ұстаз, бауыр маған.

Отанын сүйіп өтті анасындай,
Ұрпағын сүйіп өтті баласындай:

Жатқан бір шежіре мен тарих еді-ау,
Қатпарлы Қазақстан даласындай.

Өмірдің мектебінде өтіп сыннан
Өзіне мәңгі ескерткіш құйып жырдан,
Дауылда, туған халқы құшағында,
Бір биік деп білемін шыңда тұрған.
1988 ж.

Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ

БІР ТОЛҒАУ – БАС ТОЛҒАУ

Ал, Бөдеш, бауырсақ пісір, қазаныңды ас.
Мен бүгін бір түс көрдім – ғажап рас.
Келіпті біздің үйге Сәбең, Ғабең,
Жайнаған кездері екен баяғы жас.

– Осы үйде ет көп – дейді Сәбең тұрып, –
Балконға қарап алып, мойнын бұрып,
– Бөдеште болмағанда, кімде болмақ? –
деп Ғабең жайғасады қолын жуып.

Мен – шампан
Мен – коньяк – десіп еркін,
Табақта саусақтары көсілетін
Баяғы әдісімен кірісіпті,
Соларда екі көзім, есіл-дертім.

Қол созар жая мен жал, қазыға да,
Қос арыс, екі бірдей ғазиз-аға.
Сәбеңнің оң жағында Мәкең отыр,
Ғабеңде Хұсни ма, Ғазиза ма?

Ол жағын аңғармадым, бұлдыр-сағым,
Менің де қызып алған бұл бір шағым.
Еркелеп баяғыша кетсем керек,
Кезім ғой ақыл шолақ , ойым шағын.

– Ал, Ғафу, "Ғайниге тарт!" – дейді Сәбең,
– Оны қой, "Дариғаны айт!" – дейді Ғабең.
Қысылдым қос босаға арасында,
Тарылды осы сәтте кең бір әлем.

– Байғұс-ай, енді қайттың, – дегендей боп,
Қарайды жаутаң-жаутаң Бөдеш те көп.
Тар жерден шығып кетер әдетім ед,
Жөнелдім, бұдан әрі бөгелгем жоқ.

"Ғайни қыз", дидарыңа болдым ғашық,
Баяғы күнім екен даусым ашық.
"Пәлі-ау!" деп қалды Сәбең қомпаң қағып,
Отырды Ғабең сәл-пәл басын қасып.

"Сәбеке" деген сөзін қалдым естіп,
Мен кеттім одан сайын желдей есіп.
Ғабеңе еркелігім басым еді,
Кеткенім мәселені бірден шешіп.

Ол соған, бәлкім, ырза болғандай ма?
Әжімі жиналмады кең маңдайға.
Отырды қабақ шытпай, сабыр тұтып,
Тағы бір басатын жер келді айқайға.

Жөнелттім аңыратып "Дариғаны",
Ғабеңнің тебіреніп қайран жаны.
Үйдегі өзімізбен ісі болмай,
Тербеліп қиялында сайрандады.

Содан соң қос данышпан қол соғады...
Әнге ән, күймен күреп жол салады.
Тағы да баяғыдай, бірақ түсте
Аттап жүр әулиелер босағамды.

Білмеймін олар яки мен сағындым ба,
Жүр екем екеуінің қоршауында.

Алпыста аруақтарым қайта соқты,
Ал, Бөдеш, қолда дәмің болса – қимылда!

Шақыр тез, Мәкең, Арыстан, Галя үшеуін,
Бүгінгі таңның асын бөлісемін.
Көзіндей екеуінің асылдарым,
Аман-сау жүргендерін көруші едім.

Мінекей, сол кездесу болды бүгін,
Жағасы дастарханның толды бүгін.
Бастаңдар өздерің боп, басын кәне,
Биылғы алпыс толар зор жылымның!

1988 ж.

СӘБЕҢ ЖАРЫ

Бар халықтан бақ, құрмет тапқан ақын –
Сәбең өзі семьясына мақтанатын.
Сан сапар жайындағы хикаясы:
"Қасымда Мәкең бар", – деп басталатын.

Ол сөздің мағынасын байыптамай,
Алайда оны және айыптамай.
Сөзіне ауыз ашып, тыңдайтынбыз,
Қайтадан тарихтарға барып талай.

Дейтін ол: – сөзге түнеп, жырға қонған,
Дүниеде талай ұлы тұлға болған.
Солардың көбі әйелден серік таппай,
Жандарын жастайынан мұңға малған.

Құдайға шүкір, біздің Мәкең! – дейтін,
Қолыма заты болсайшы әпермейтін.
Мен әке, мен баламын, мен данамын –
Жерім жоқ "мынау ісім қате" дейтін.

Бұл Сәбит отағасы – отым Мәкең,
Қасымда күнде маздап отыр Мәкең.

Сол оттан шашыраған қалың сәуле –
Балалар барда бақыт олқы ма екен?

Сендерге айтар адал бір шындығым,
Құрметтеп жатса мені жұртым бүгін.
Еңбектің арқасы емес жалғыз ғана –
Ол – менің семьяда бүтіндігім!

Етемін соған тәубе, соған шүкір –
Сондықтан сөздерімде менің бүкіл,
Шұбырып Мариямның аты жүрсе –
Ағайын, сен онымды заңды деп біл!

Дер еді жайсаң Сәбең жарықтығың,
Сол сөздің енді білдік анықтығын.
"Сәбит!" – деп оянады күнде Мәкең,
Жата алмай жалғыз өзі алып тыным.

Дүниеде ең мол нәрсе – теңіз дейді,
Теңіз де өзіне жар, тең іздейді,
Өмірінің бар мағынасы – Сәбең болса,
Сәбеңді Мәкең іздемей кім іздейді!

Сұрайды қаладан да, ауылдан да,
Үкіметтен, ағайын-дос, бауырдан да:
"Сәбитті көрдіңдер ме? Қайда байғұс?",
Жоқ едім қасында оның ауырғанда.

Қап тәңірі-ай, шөлдеп қалды-ау, енді қайттім?
Барма деп жалғыз жолға талай айттым? –
дер Мәкең, қайран Мәкең, қайдан білсін,
Сұмдығын ажал деген ғаламаттың.

Дариға-ай, Мариям – ана жоқтауындай,
Жоқтауы болмас, сірә, әйел заттың.
Және де одан да артық кісі білмес,
Опасыз екендігін дәулет, бақтың!

Болмаған бұдан ерге мықты зайып,
Оны біз әулие десек, тіпті лайық .
Сондықтан Мәкең үшін, ана үшін
Бас иіп, орнымыздан тік тұрайық!

1988 ж.

1990 - 1999

Б.КЕНЖЕТАЙҚЫЗЫ

ТОҚСАН ЖЫЛ ТУҒАНЫНА

Көкірегің елімнің жайлауындай,
Терең жырың сезімнің қоңырауындай,
"Аққан жұлдыз", "Ботакөз", "Сырдария",
Санамызда өнердің маржанындай.
Жырларыңды қанша оқысам талмаймын,
Биігімсің ұрпақтардың самғайтын,
Алғыр қиял жүйрік ойды аулайтын,
Кәусар бұлақ мөлдірімсің қанбайтын.
Әдебиет төрінен орын алған,
Қайталанбас ірі тұлғаң сомдалған.
Аруағың риза болар ма еді,
Есіміңді айшықтасаң ауданға.
Өлді деп дұшпан айтпас дос түгілі,
Әр сөзің өз қадірін қосты бүгін.
Тоқсан жыл туғаныңа толған күні,
Ақ көңілден өлеңнің тостым гүлін.

1990 ж.

Жұмабек ЖАНДІЛДИН

ҚЫДЫР ҚАРТ

С. Мұқановтың Торғайда соңғы рет болуы туралы баллада

Бір мың тоғыз жүз жетпіс екіде, Торғайда,
Сырбай ақын мерейлі тойы болмай ма.

Асқар бір таудай арқасын сүйер Сәбеңді,
"Той-ағa бол" деп қолқалайды ғой ондайда.

Қажытты ма екен ауасы әлде қаланың?
Аңсады ма екен, Алыбым әлде даланы?
Әйтеуір, Сәбең бір сөзге келмей Торғайға,
Жетіп-ақ келді шақыруымен "баланың".

Торғайды Сәбең аңсаған екен, шамасы,
Аэропортта көп тұрды жұтып ауасын.
Сол сәттен бастап күшіне енді той деген,
Думанға бөлеп Торғайдың шексіз даласын.

Әкімге қарап, торғайлық жігіт саспаған,
Содан да оның тойы да ұзақ басқадан.
Бұл жолда солай аптадан асты думан-той,
Біледі мұнда күнде тумасын жақсы адам.

Сырбай тойы думанда болды бір апта,
Созылар еді, одан да ұзақ, бірақ та,
Бір күні Сәбең айтыпты жұртқа деседі
"Барайықшы – деп, Аққөлге жатқан жырақта".

"Бұл жерде Сәбең не айтам десе ерікті,
Барыпты содан Аққөлге әсем көрікті.
Аққөлді көріп, қария көңіл еріпті.
Дүние-ай, шіркін, нар тұлға неден егілді?
Жиналған қауым не күтті, Сырбай нені ұқты?

Түсіну мұны оңай да емес расы,
Қай пенде батып Сәбеңнен нені сұрасын...
"Кәркесте көкірек түйгені көп қой, – деп бір шал
Басу айтыпты, – тарқатсын шерін, жыласын".

Егіліп, еріп нар Сәбең бір кез басылды.
Түнерген бұлт та, Күн көзін беріп, ашылды.
Сәбеңнің ойы тұңғиық болса, білгені –
Ұшан теңіздей, ал сөзі – шіркін жасын-ды.

Соны білетін жиналған қауым дүрліккен,
Алыптан ғана сөз күтіп, тыншып, басылды.

Бұл Аққөл туған алып бір ұлды ертеректе,
(Дүние-ай, шіркін, ғұмыры болды келтерек).
Айтқызбай қойды еңбегі түгіл, есімін,
Әйтпесе талай ол жайлы сырды шертер ек.

Білімі – терең, ойы да ерен салмақты.
Ағамыз еді, данамыз еді ардақты.
Кешегі сойқан жылдардың билеушілері,
Осындайларға салды ғой басты қармақты.

Қазағы үшін күрессе бір ұл – сол еді.
Айтқандарынан айта алмағаны мол еді.
Бұл тойда мені атқосшы қылып ерітіп,
Той-аға болу тек соның ғана жолы еді.

Кәріліктен бе, көп ойлай берем ол жайлы,
Бар қазақ үшін оның жоқтығы мол қайғы.
Ұстазым еді, ақылшым еді, Алыбым,
Ұстазсыз адам, ұстазсыз шәкірт болмайды.

Ал менің кейбір кемшілігім болса жазғанда,
Соның жоқтығы. Ұстазсыз шәкірт "оңбайды".

Өткеннің бәрін саралап енді берер кім?
Тек қана үміт – келер ұрпақ пен келер күн.
Деп жүруші едім: "Мінәжат етіп Ақаңның,
Туған жеріне – Аққөліне бір күн келермін".

Әлгі бір сәтте қартайған жүрек егілсе,
Ахаңды аңсау белгісі ғой десем сенер кім?

Білмеген тарих, көрмеген жердің қырын-ай,
Есіңде жүрсін осы айтқандарым, Сырбай.
Торғайға келсең, уақытың бөліп, қарағым,
Аққөлге – Ахаң жеріне соғып жүр ұдай.

Заман да әлі, адам да талай өзгерер.
Денсаулық болса бәрін де соның көз көрер.
Қоғамға титтей кінәлі емес, тарланым,
Ақталып шығып ортаңа қайтар кез келер.

Сондайда, қалқам, Асылды сыйлай алмасақ
Атағы құрсын, адамдығымызға сөз келер.

Бұл жолғы сапар сапарлар соңы шығар-ау,
Зерделі көңіл емеурінімді ұғар-ау.
Ертең-ақ Ахаң Аққөлдің емес, Алаштың
Ардақтысы болып, асқақтап тұрар-ау.
Парыз болмасын, осыны жеткіз ұрпаққа,
Келешек бізден бәрін де бір күн сұрар-ау…"

Деп тоқтап Сәбең жиналған жұртқа қарайды.
Шуласты халық: "Жарадың, Сәбе! Жарайды!"
Сырбай тойы ұласып тағы бір тойға,
Жиналған қауым шалқып та тасып тарайды.

Өртеп бір жүрген бүтіндей бір ел өзегін,
Жеті қат жердің астында жатқан сөз еді.
Соны енді Сәбең шығарды сол күн жарыққа,
Ал онда нағыз "тоқырап" тұрған кез еді.

Қорықпады бірақ нар Сәбең нарлық жасаудан,
Әрине, ол да тәттісін өмір сезеді.

Бұрыннан онда атақ пен бедел – асқар да,
Ал бұдан кейін одан да кетті аспандап.
Ахаңды көрген торғайлық қарттар Сәбеңді,
Көтеріп кетті жанарларынан жас парлап.

Ақыры Сәбең айтқаны келіп араға,
Жылдарды салып оралды Ахаң – дана да.
Содан ба әлде Торғайда осы Сәбеңді
"Қыдыр қарт" дейді кәрісі түгіл, бала да.

1990 ж.

Игібай ӘЛІБАЕВ

СӘБИТ МҰҚАНОВҚА

Жоқ еді-ау көңілде алалық,
Жоқ еді-ау, шіркін басқалық .
Бірге өтті жастық, балалық,
Өмірден көрмей жасқанып.
Адамның болдың аққуы,
Үлкен-кіші демедің.
Басыңа қонып, бақ туы,
Нашарды жебеп, еледің.
Өлсең де "мөлдір махаббат",
Өлген жоқ, жүрек пен нұры.
Бола білдің ақиқат,
Еліңнің сүйген жақсы ұлы.

Коммунистен жаралып,
Коммунистше өттің өмірден.
Қамқоршыңнан нәр алып,
Халық үшін терің төгілген.
"Өлді" – деп сені кей ақымақ,
Отырған шығар күлімдеп.
Бақсыларша жалтақтап,
Қалш-қалш етіп, дірілдеп.
Өмірге құштар адам боп,
Өмірді сыйлай білдіңіз.
Әркашан досқа алаң боп,
Әр қашан доспен жүрдіңіз.
Сәбит ақыры өзіңді,
Таба алмай міне, шаршадым.
Ақжарқын, асыл сөзіңді,
Тыңдай алмай, аңсадым.

Сәбит келді дегенде,
Шеру тартып, барушы ем.
Толқыған әнді кеудемде,
Шалқыта, шырқап салушы ем.

Қауышатын шағымда,
Құшақтап қарсы алушы ем.
Айрылысар шағымда,
Қиялмай, зорға қалушы ем.
1990 ж.

СӘБИТТІҢ ДОМБЫРАСЫ

Иә, Сәбит Мұқановтың домбырасы,
Қалдырған маған арнап мол мұрасы.
Сыйлаған: "Саған мәңгі тапсырдым", – деп
Ұмытпас үлкен сыйлық болды, расы.

Бұл күнде домбырасын шертемін мен,
Саздарын астана мен өлке білген.
Сәбеңмен сырласқандай сияқтымын,
Шырқаймын шырайланып көркем күнмен...

Сәбеңнің мен тартқанда сүйіп жаны,
Ондайда ән дегенің құйылады...
Жүсіпбек, әсіресе Манарбектің,
Сәбеңе ұнайтұғын биік әні.

Өзі де әсем шерте білетұғын,
"Дұрыс", – мәз қылықпен күлетұғын.
Ән-күйге әуелден-ақ жаны құштар,
Домбыра десе құлақ түретұғын.
1990 ж.

Т.КӘРІБОЗОВ

СӘБЕМЕ

Табым! – деп тапжылмастан тартып қалам,
Болдың-ау бала жастан жұртыңа алаң.
Ол арман Октябрьде орындалып,
Ленин!...деп, Партия! – деп өсті санаң.

Осы жол өмірдегі дұрыс жол! – деп,
Ұраным, құраным да жұмыскер! – деп,
Тар жол мен тайғақтарды өткізді аман,
Дегендей ол Сәбеңде ұлы істер көп.
Салт-ғұрпын қазағымның талай зерттеп,
Атама, "Аққан жұлдыз" бердің ерттеп.
"Ботакөз" ырғағымен ұл-қыз өсіп,
Бұрқанып "Сырдария" жатырептеп.
Жер бетін түгел дерлік араладың,
Танысқан барша адамға қарайладың,
Мап-майда самал жұпар сөзіңменен
Үлкенді, кішіні де арайладың.
Ақжарқын, бала мінез күлімдеген,
Шындықтың, бостандықтың гүлін терген.
Осындай өз жұртының өз Сәбесін,
Өтті деп кімдер айта алар өмірден.
Бірлік – деп күндіз-түні қиялданып,
Ой кештің Алатауда қыранданып.
Сол үшін мына жұртың аялап тұр,
Сөзіңе, ісіңе де құмарланып.
Қалмасын Ұлы отауды Жәкем кейіп,
Тәуба! де, талай қиял жүр ғой еріп,
Аруағы көтеріліп жүрсін десек,
Ауданның жаңа атын Сәбең дейік.

1990 ж.

Қ.ӘУЕЛБЕКҰЛЫ

С.МҰҚАНОВ АУЫЛДАСТАРЫ АРАСЫНДА

Сан жылдар сартап өмір өткелінде,
Қашан да Сәбең біздің көппен бірге.
Осынау ақсақалдар бейнеленген,
Сан тарау, "Өмірінің мектебінде".
Сағынап қарсы алатын елің сені,
Сағынып елің сәлем беруші еді.
Сағынып ауылының кәрі, жасын,
Жыл да бір астанадан келуші еді.

1990 ж.

Қанапия ДӘРІБАЕВ

ӘЛІ ЕСІМДЕ

Қайран, Сыр, қандай сұлу! –
Көрме дерлік!
Елегізіп көлдегі аққу, дөңдегі елік.
Мұқанов келе жатыр дегенді естіп,
Менімен бірге ұшқандай дөңгеленіп.

Жолдағы бұла бұлақ – ақ тұмада,
Кездесті бір өзімдей бір атты бала.
Ертеңгі той жайында жүргенімді,
Балаға түсіндірдім нақты ғана.

Сәбитті көрмеп едім өмірімде,
Сонда да түрі жатық көңілімде.
Түнімен кірпік ілмей өлең жаздым,
Өзімше теңестіріп оны күнге.

Осылай тұңғыш өлең қанаттанды,
Асықтым таң атқанша таң атпады.
Ол күні табақтағы тамақ қалды,
Тапсырма – үйге берген сабақ қалды.

Ағарып алыстағы қия белес,
Таң да атты-ау...
Жеткізбеген киял, елес.
Клубқа ұшып жетсем халық нөпір,
Мен қайда, қамыс сұқсаң сияр емес.

Күйдіріп қызыл шоқтай жанарыңды,
Жанып тұр сахнада дала гүлі.
Жасырып тосын көзден оқып қоям,
Түндегі өзім жазған парағымды.

Ел гу-гу. Болжамы көп, сенері көп,
Біреу жүр «Сұлушаш та келеді» деп.

Ботакөз біреулердің есіл-дерті,
Келе ме, келмей ме, әзір дерегі жоқ.

Бұл қалай? Төрағасы бір заманда,
Шықты да сахнаға, күллі адамға:
– Келмейді!... Сәбең алыс сапарда екен,
Жақсыға жұмыс аз ба бұл ғаламда.

Келмейді! Гулеп барып халық тынды,
Бұл хабар мені қамықтырды.
Көзімнен ығып шығып ыстық жасым,
Тамшылап қағазыма тамып тұрды.

Ақыры ыстық жас та ағып тынды,
Сол сәтте көрдім нағыз алыпты ірі.
Боз жорға сауырынан су төгілмес,
Сәбең жоқ. Көз алдымда халық тұрды!

1990 ж.

Зейнолла ӘКІМЖАНОВ

ӨЛМЕЙТІН АДАМ

Нар тұлғасы кең байтақ даласындай,
Бауырмал жан – атаң я нағашыңдай,
Бір қарт отыр күлімдеп, жұртты жиып,
Өгейсінбей, жатсынбай, баласынбай.
Жанарында ойнаған нәрлі күлкі,
Қарт болса да емес ол сәл бүгіңкі.
Атпал төсті, кең иық, байтақ мүсін,
Ал дауысы жарықшақ, қарлығыңқы.
Қарап тұрды өзіне тынбай халық,
Екі көзі барады нұрдай жанып.
Адам емес, әлгі адам осы жерде
Көз алдымда кеткендей шыңға айналып.
Ұлы Сәбит болды бұл, ұғынғаным,
Тал бойында таппадым, шынында, мін.
«Бар қазақтың ардақты баласы ғой,

Бар қазақтың... Сәбең» деп сыбырладым.
Осы екен-ау, шіркін-ау, Сәбең деген,
Құлақ түріп, барша жұрт еленделеген.
Тұрсың, міне, қасқайып, таудай болып,
Ұлылығын қазақтың сенен көрем.
Осы екен-ау, шіркін-ау, шалқар нұрым,
Қандай адам өзіңе артар мінін?!
Сәбеңді көр дер едім мен баршаға,
Білгің келсе қазақтың дарқандығын.
Естіп тұрмын мен бүгін тамаша үнін,
Қарашы, көрші мына жарасымын.
Сәбеңді көр дер едім мен баршаға,
Білгің келсе қазақтың жанашырын.
Тіледім мен – Сәбеңдей болсын ұлың,
Есеп қылар жан емес ол шығынын.
Сәбеңді көр дер едім мен баршаға,
Білгің келсе қазақтың молшылығын.
Артықсынбай нөпірді үймелеген,
«Жүр, кәнекей, қонақ бол үйде!» деген.
Адам көрсе көшеде жаны сүйген,
Қолтықтап ап үйіне сүйрелеген.
Дақпырт үшін жасамай ол ондайды,
Барша жанға жаны ашып, аландайды.
Дәл осыған келгенде ешбір қазақ,
Дәл Сәбеңдей ешқашан бола алмайды.
Осы жерде жарық қып айналаны,
Жақын көріп, іш тартып, айналады.
Бір сәбиді алдына отырғызып,
Бір кемпірді құшақтап аймалады.
Қарамады маңайға, шуға мына,
Ақтарады қызықты сырды ағыла.
Болса да бар қазақтың мақтанышы,
Мен қуандым нақ бізде туғанына.
Неткен нұрлы, шырайлы, ғажап өңі
Сәбит демей, «Сәбе!» деп қазақ оны,
Аялап алақанға салғанында
Жеңбейтіндей көріп ем ажал оны...
Бәрі сүйіп, бәрі де ұнатуда,

Жеңілмейді еш неден мына тұлға!
Тау сияқты, ғұмыры аласармас,
Болмайды оны жығуға, құлатуға!
Жылы жүзді, нұр-дидар, қарыс маңдай,
Асқар тұлға, алып күш арыстандай.
Еш қиындық маңына жолай алмай,
Қарайтындай Сәбеңе, алыстан жай.
Қыран қанат талмастан ұшады да,
Көнбейді ол ажалдың тұсауына!
Бар тұлғамен, тау соғар мүсінімен,
Еніп кетер халқының құшағына.
Бұрын сүйіп қойғандай бір ғасырды,
Замананың үнімен сырласуды.
Отыр Сәбең – ғұлама, дана адам
Тау шыңынан соғылған тұлға сынды.
Көзімді алмай мен сонда келбетінен,
Көкейімде осы ойды тербетіп ем...
«Сен өлмейсің, о, Сәбе, мәңгілікке,
Соңғы қазақ жойылмай жер бетінен!»

1990 ж.

2000 - 2007

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

СӘБЕҢДІ ҚҰТТЫҚТАЙЫҚ ЖҮЗ ЖАСЫМЕН

Сонымен, Сәбит аға, жүзге кепсің,
Ұрпаққа кәне, мені ізде – депсің.
Басталған көктемдегі ұлы тойың,
Сарғайған сары жапырақ күзге жетсін.

Көбейсін іздеушілер, сұраушылар,
Жырлансын ұлы дастан жырау шыдар.
Жалғанмен жағаласып сен келесің,
Қалғанмен ұмытылып ұраншылар.

Сол қалпың, Сәбит қалпың, сен биіксің,
Емендей соғып өткен желге ұйыпсың.
Сынбады бір бұтағың ұлы сында,
Шыңдады тұрпатыңды тұңғиық сын.

Көңілің жаз, көзіме ыстық өмірің абат,
Шығардық төрімізге сені қалап.
Еліңнің жүрегіне кіріп үнсіз,
Кеттің бе тәтті ұйқыға тәңірім қалап.

Ер аға, Есіл аға, Ертіс аға,
Желпілде, шабытыңды сен тұсама.
Еркінде ерте соққан жел боп есіп,
Еліңмен тағдырыңды бір деп сана.

Емессің жолда қалар жаман арық,
Тұлпарың көз ұшында барады ағып.
Қаламның қуатынан таулар құлап,
Өзендер кері ағарын шамаладық.

Көрген жоқ сенсіз ішіп былай да асын,
Кім сенің тұнығыңды лайласын.
Ойнаса бізбен ойнар аққан жылдар,
Мұқанның Сәбитімен неге ойнасын.

Қашаннан құнарлы еді топырағы,
Сондықтан сарғайған жоқ жапырағы.
Тұрады ол ескерткіш боп әр қалада,
Әр үйдің ең төрінде отырады.

Халықтың қуанышын арқалаған,
Думан ол басталған соң тарқамаған.
Бейне мен бірге онымен жүргендей-ақ,
Айт дейсің Сәбең жайлы, қалқа, маған.

Сәбеңнің өр тұлғасын, батыр түрін,
Ешкімнен жасқанбайтын батыр тілін.

Айтамын ұрпағына, өйткені оның,
Ертеден көңілі түскен шәкіртімін.

Кім еді ол бүгін емес, ертең емей,
Жүріп пе ек, ағамызға еркелемей.
Жиырманың ішіндегі бір інісін,
Жұлдызға кім теңеді, ол теңемей.

Кімім ол, менің туған өлкем емей,
Өлкеме қалай жүрем еркелемей.
Бір сөзі жалған емес, барлығы шын,
Сертінен танған емес серке кедей.

Жел ғана сайрандайды құз басымен,
Ер биік дәмдесімен, тұздасымен.
Қазақпен бірге жасай беретұғын,
Сәбенді құттықтайық жүз жасымен.

Бәріне беріп жұрттың түгел сәлем,
Тұрған бір кейпін көрсең бір жасар ең.
Атшабар, балуандар да күш сынасар,
Солардың арасында жүрер Сәбең.

2000 ж.

Кәкімбек САЛЫҚОВ

СӘБИТ АҒА

Сәбитті айтсақ Есілдей бір есіліп,
Мадақтасақ Алатаудай көсіліп,
Мақтан етсек, бәрі өзінің еңбегі,
Өзін өзі кетті ерекше өсіріп.
Толқып жатса, "Сырдария" бір жолда,
Шоқаны тұр жарқыл қағып бір қолда,
"Балуан Шолақ" сексен көлден қарсы алса,
Жетісудан шыға келер Нұрмолда.
Айта білсек Сәбит сыры сан алуан,
Ел күш алды жалындаған алаудан.

Орыс шықса "шинелінен" Гогольдің,
Барша қазақ шықтық "Жұмбақ жалаудан".
Мәңгі сөнбес кең жүректің жарығы,
Ол – телегей шексіз мұхит анығы.
Елу томдық еңбегі бар Сәбеңді,
Дер едім мен алыптардың алыбы.
Мұхтар, Сәбит көркем сөздің көшіне,
Әкелгендер мәңгі ортаймас несібе.
Теңеу іздеп қиналғанда түседі,
Пушкин және Лермонтов есімі.
Демесем де бар шынына машықпын,
Сәбеңді оқып өлеңге жол ашыппын.

Беу, ағайын! Ақ жарылсам бұл тойда,
Ботакөзге ес білгелі ғашықпын.
Сол бейнеде шын сұлулық мол еді,
Жан мерейі бал ләззатқа бөледі.
Аққу құстай асыл туған қыз-қиял,
Бір дәуірдің Қыз Жібегі сол еді.
Қызылжардың қызы маған өрт салдың,
Бір мені іздеп Мәскеуге де кеп қалдың.
Алғашқы рет, Мәриям, сізді көргенде,
Астапыралла! Ботакөз бе деп қалдым.
Жүзге жетсе Сәбеңдердей ойшылым,
Бұл біздің той, бізге ақтарар мол сырын.
Бұл ұлы той, тойы бүкіл қазақтың,
Президенттің де, кеншінің де, қойшының.

2000 ж.

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ

ЕСІЛДЕЙ ЕСКЕН ЕСІЛІМ *

Есілдей есіп аққан көңілі бар,
Сәбеңе өкпелейтін қай антұрған?..
Қасым.

Шабыттың құсы бақшаңа қонып,
Басталар күнде бақ шабар жорық.

Есілдей ескен есіл көңіл-ай,
Аңқылдай соққан ақ самал болып.

Жұлдыз боп күтсе жарқылдап Арман,
Керуенді көш бар артында қалған.
Қасым ағамдай қорғаймын сені –
Өкпеге қияр антұрғандардан.

Жаумайды күнде асылдар көктен,
Асылды күткен ғасырлар көптен...
Қасқа жолдарға қараймын жиі,
Сәбеңдер кеткен, Қасымдар кеткен...

Тұлпар біткендер тағасыз қалған,
Қала сазарып, дала сызданған.
Сәбеңмен бірге сәніміз кетіп –
Ақындар елі ағасыз қалған.

Жайсаңым болдың жайдың да нұрды,
Қабырғамдағы қайғым қалың-ды...
Ар болып, аға, аяла тағы,
Аққуы қашқан айдындарыңды.

Жанбасам жырдың несін жазамын,
Сәбеңнің көлін кешіп жазамын.
Ес болдың елге есіміңменен –
Есілдей ескен есіл Қазағым!..

СӘБЕҢ ДЕГЕН...

Қызылжардың қайыңды құба белі,
Шұғылаға шомылған шуақ елі.
Жыр сәлемді жұртына жолдау үшін,
Бір Сәбеңді ғасырдан сұрап еді.

Заманының зарына заман шыдар,
Көз алдында тербеліп ғалам шынар.

… Жеті жасар жетімді жетегіне ап,
Жылап кетіп барады "Жаманшұбар".

Тірлік мынау керуен көш үзбеген,
Біз де келе жатырмыз осы ізбенен.
"Дос көлінің" қауырсын қанаттысы-ай,
Дос іздемес додадан дос іздеген.

"Жұмбақ жалау" көргені бала жастан,
Ат оздырған ағам-ай, бар Алаштан.
Сәбең деген – қазақтың бір дәуірі
Ақ, қарасы… қызылы араласқан.

Көктем көрген көңілдің сазын ұғар,
Ата жұртта арыңның қазығы бар.
Сәбең деген – қазақтың кең даласы,
Өткелі бар, өрі бар, жазығы бар.

Муза елінде мұзбалақ зор құсым ба ең?
Артылатын орның бар он кісіден.
Сәбең деген – халқымның нар қасқасы,
Етек-жеңі туғаннан мол пішілген.

Ағаға сыр ағытам, ініге жыр,
Арыстарын аңсайды бүгін өмір.
Ей, жігіттер! Сәбеңді тану үшін,
Жүрегіне жұртыңның үңіле біл…

* *Бұл өлеңдер 2000 жылы С. Мұқановтың 100 жылдығына арналған мүшәйрада Бас жүлде алған.*

Бақытжерей ЫСҚАҚ

СӘБИТ АТАМА

Жылдар жылжып, күн өтті зымыраумен,
Сәбит-аға! Қол жетпес заңғар тау ма ең?
Ұлан-ғасыр кітабың – ой байлығың,
Түбі терең сарқылмас шыңырау ең.

Жалғасу да жазғаның шығар таңға,
Жетіп жатыр сан миллион оқырманға,
Рухани тұтастық кеңістігің кең даладай,
Тілге бай шығармаң да!

Аққан жұлдыз секілді арманым-ай,
Ақтарылған ақ жүрек, бармағы май.
Көрген сәтте қалушы ек қуанысып,
Солтүстіктің сыңсыған орманындай.

Өмір мектеп санаға салады іздер,
Тайғақ кешкен, жанталас, бала кездер.
Оқыдық, біз де "Мөлдір махаббатты",
Асылдан-ды Сұлушаш, Ботакөздер.
Белге байлап, еліңнің ар-намысын,
Балуан Шолақ секілді жатқан күшім.
Асыл мұра қалдырдың шежірені –
Ұлттық биік, оқитын Мақтанышым!

Мақтанышым – өзіңсің, кең даламдай,
Мағжан, Ғабит өсірген жерің қандай!
Білім, төзім, тәрбие беруші едің,
Қоршауды бұзып шыққан Генералдай!

Жарасымды киіп ап тақияңды,
Жол сапарға, бірге ертіп Мәрияңды.
Аспан, теңіз жолымен жүруші едің,
Аманаттап, аллаға жанұяңды.

Аласартпай сол Есіл аспан бағын,
Мәдениет жылы деп бастап таңың,
Өзіңіздей болсын деп келер ұрпақ,
Жайды ғасыр, өнердің дастарханын!

Заман үні жарыққа жарып шығар,
Кемелденіп ақылды ой толықтырар.

Түскен не бір иыққа, ауырлықты,
Жақсылық іс бір күнгі ұмыттырар!

Тұр көтеріп бар жүкті туған ауылы,
Тұлпар аттар кермеде тұр жараулы.
Кісілігін қадірлі алып ұшар,
Арғымақтар даласы, аспан таулы!

Шапқан сайын арғымақ жаяр жалын,
Жатқызбайды тіршілік арман – жанын.
Кең даламда Рухы – ақ төрімде
Жүрегінде Елінің – Қайран дарын!

2000 ж.

Есләм ЗІКІБАЕВ

СИЫНУ

Асылдар туған, ғасырлар тұнған бұл жерде,
Төрт құбылам тегіс айналып
шаңқан күнгейге,
Айдары – алтын, айналам жарқын нұрланып,
Тебіреніп-толқып, тұрғандай
шалқып жыр – кеуде.

Қуантатындай, мұңайтатындай күнде елді,
Жарық жалғаннан кім өтті, тағы кім келді?
Ел көретіндей өсірсе дейсің еңсемді,
Өмірдің нәрі, көңілдің бәрі өлшеулі,
Қанағат тұтпайсың көптің бірі боп жүргенді.

Елің кім деген, тегің кім деген жандарға,
Өзіңнен ғасқан еш пенде жоқтай
жалғанда,
Барларыңды айтып, нарларыңды айтып айбынып,
Мені көр, ДҮНИЕ, көк тіреп
төбем қалғанда,
Өлсем тар мекен, өлшем бар ма екен арманға!

"Елім-айды" айтқан бабаларыммен мақтанып,
Сырымды жырдай, жырымды сырдай ақтарып,
Мағжан бабама, Сәбит ағама жалғассам,
Жақыным тұрмақ, жат танып,
Төбесіне биік көтеретіндей көп халық.

Кім тежей алар сезімнің төзім-тағатын,
Соқтырса төңірім өмірдің сәтін, сағатын,
Көгімде шырқау қақтырып жырдың қанатын,
Қырында қалқып қиядан көзі шалатын,
Сызылтып үнін, құбылтып гүлін жеткізер,
Бастауым мөлдір – Сегіз Сері мен
Шал Ақын!

Мағжанға жалғас, Сәбеңе жалғас тудым деп,
Өрге шапшыған өлеңнің жолын қуғым кеп,
Қиялға шомып, көкірегімді жыр арбап,
Ойға құлдилап, қырға да шықтым шығандап...
Адасып қалып жөн таппай
жонда тұрдым көп.

Менсіз де мына кең дүниеде білгір көп,
Ұлылар жолын жалғастырардай кіммін деп,
Атымның басын басқа бағытқа бұрғым кеп,
Торыққан сәтте аламан топқа кіргізді,
Бойымда қалған намыстың отын бірге үрлеп!

Ғайыптың жолы не деген даңғыл кең еді,
Маған да бәлкім сол болды ма екен керегі?
Жасымасын деп жанымды желеп-жебеді,
Ырысым молдан – адастың жолдан, – демеді,
Намысымды от қып, жігерімді
қайрап келеді.

Күдік, үміт пе, арбасып сезім тұрар сан,
Ұлы рухтары рухтанып қайта құп алсам,
Баладай балқып, данадай шалқып қуансам,

Қуанды бірге, ризамын асыл аруақтар,
Мен бақыттымын үміттеріңді ақтап
шыға алсам!

Шарлайды қиял шет-шегін қиян-қиырдың,
Тегін емес-ау құбылып тұрған құйын – күн.
Нұр болып кейде, жыр болып бейне құйылдым,
Жеткізе алар ма өлшемін көңіл күйімнің,
Бәрі де, бәрі қиыны екен қиынның,
Бабаларымды, Даналарымды тербеген
Ұлы ЖЕР сенің
Ұлы ниетіне сиындым!
Ұлы құдіретіне сиындым!!!
2000 ж.

АР БОП ТУҒАН АНАДАН

(Сыр толғау)

Сәбит өтті –
Жиырма жеті жыл толды-ау.
Ойлап едім,
Көкірегіме мұң толды-ау.
Бәрін-бәрін жүрегімнен өткеріп,
Өне бойым мың ысыды, мың тоңды-ау.
Сол үшін де керек пе екен сыр толғау,
Жазсам ба екен жыр-толғау.

Абат бақтай Сарыарқаның елінде,
Тағат таппай Жаңаарқаның жерінде,
Әр Арқаның,
Бар алқаның белінде,
Алтай, Атырау...
Ән ортаның төрінде,
Өлшеміндей мына байтақ Әлемнің,
Мақтан қылып айта жүрер бәрі елдің,
Қиял десе, қиял-ақ...
Жан пендеге жасамаған қиянат,
Кәрі-жастың көңілінде ұялап.

Қалған мәңгі нары елдің,
Сайрап жатқан іздерін-ай Сәбеңнің.

Бар ма, бәлкім, бір туыстық тегімде,
Жақындығым ұстап кетіп тегінде,
Ақындығым ұқсап кетіп менің де,
Қалам алдым қолыма,
Түсіп жырдың дара-даңғыл жолына,
Аға жайлы тебіренейін дедім де.

Іниге тән парызымызды атқарып,
Кіл тоңдарды,
Жыр-томдарды ақтарып,
Елдесім деп,
Жерлесім деп мақтанып,
Мақтанғаннан масаюға шақ қалып,
Дана Адамды дана ғып,
Аштым десем жан ашпаған жаңалық,
Әрі жайсаң, әрі алып,
Ұлылығын Сәбеңнің,
Ауызында маған дейін әр елдің,
Ақиқаттай кеткен екен жатталып!
Жаңа ғана жатқандаймын хат танып...
Бір ұққаным,
Шын ұққаным бүгінде,
Мұқановты танымаған жоқ халық .

Атылғандай болды сол сәт аспанымнан жәй тіпті,
Мен емесін, сен емесін,
Ол емесін айтыпты...
Бәз біреудей көкірегіне нан пісіп,
Сылаң қаққан "Сері" емесін айтыпты.

Қарапайым халқым деген қалпымен,
Елді сүйген,
Ерді сүйген салтымен,
Хан, патшадан кем емесін айтыпты,
Бәрін-бәрін көкірегім қайта ұқты.

Сол тұстағы Алаш таңын айтыпты,
Жол тапқанын,
Адасқанын айтыпты.
Жақсылармен жанасқанын айтыпты,
Жас талантқа жол ашқанын айтыпты,
Қиналғанда жоқ жітікке қол созып,
Кемтарларға қарасқанын айтыпты,
Иіп келіп қарқарадай ХАН басын
Жалпақ жұртпен жарасқанын айтыпты...

Айтыпты, иә айтыпты,
Асқар таудан әрі асқанын айтыпты,
Қас тұлпардай таң асқанын айтыпты,
Шындық үшін отқа күйіп шырылдап,
Бірлік үшін таласқанын айтыпты!..
Көп айтыпты. Дөп айтыпты, айтыпты...
Бұлт шалмаған шаңқан күнін айтыпты,
Намыс үшін жанғандығын айтыпты,
Естен талай танған күнін айтыпты,
Сырт айналып шын сеніскен достары,
Жүрегіне салған мұңын айтыпты.
Бүр жармаған арман гүлін айтыпты,
Жанда шемен, қалған жырын айтыпты,
Айтуына шын келгенде адамдар
Ортаймайтын дария дерсің –
Бай тіпті. Әттең, әттең ұлылығын ұлының,
Өрде отырған ҰЛЫҒЫҢНЫҢ қайсы ұқты?

Жүрген жері – кіл жарасым, келісім,
Қыдыр болып кезе берген Ел ішін.
Адамдықта, адалдықта, кеңдікте...
Мұқановтың болмағандай теңі шын.
Асса биік көрінетін өрі – шың,
Қайда барса, даңғыл екен жолы шын.
Тәшкент барса, Бұхар барса – өзбек ,
Әккәлаған құшақ жайып өзі кеп.
Қазан барса, татар бауыры тік тұрып,
Мәскеу барса, қарсы алатын орысың.

Дүниеде Сәбеңдей жан аз шығар,
Төрт құбыласына тегіс жайған өрісін.
Қалың қазақ мақтанатын сол үшін!
"Кемел еді!" – деген еді бәрі де,
Жайсаңдығын айта береді әлі де.

Айта алмасам қайтіп, қалай мақтанам,
Ұрпағыма сыр ғып, жыр ғып ақтарам,
Бәрі, бәрі бір адамдай мақтаған.
Басқа биік – дәнеңе емес, дәнеңе…
Елдес болу, жерлес болу Сәбеңе
Құдай берген БАҚ маған!

Ойы сара. Жолы дара, даңғылдай…
Көктен нұр боп, төккен жыр көп жаңбырдай,
Бәрін менен бұрын айтқан мына ел,
Еліменен еңселеніп тұрады ер.
Көкірегімде толқып талай күй атты,
Айтарымды айта алмасам ұят-ты,
Күн көсемге тең таппаған Жамбылдай.

Ақынмын ғой, жақынмын ғой мен енді,
Қайтсем екем, айтсам екем нені енді?
Кіл айтқыштар айтып-айтып қойыпты-ау,
Айналасы алқалы еді дегенді,
Арқалы еді дегенді, дарқан еді дегенді.
Қара басын қорғап, ығып бұқпайтын,
Халқымыздың қалқаны еді дегенді…

Ойлар, ойлар арпалысып келелі,
Көп айтылған, айта бергім келеді.
Күй сандықтай көкірегі кең еді,
Ақтарылған ақық, асыл кен еді,
Хан боп туған қарадан,
Әз халқына АР боп туған Анадан,
Бар боп туған ЕР еді,
ЕЛ–АНАҒА да осындай Ұл керегі!
2000 ж.

КӘДІМГІ СӘБИТ МҰҚАНОВ

Дала да бүгін Сәбең деп,
Қала да бүгін Сәбең деп,
Ғаламат ойдың алыбын
Іздеп тұрғандай елеңдеп.
Ана да бүгін Сәбең деп,
Бала да бүгін Сәбең деп,
Дүние тұтас нар ұлын
Іздеп тұрғандай елеңдеп.
Сарқылмас саналы ойлары,
Тарқалмас тамам тойлары...
Жалпақ жұртына жұмбақтай
Соңғы сәт кім нені ойлады.
Қанатын бәлкім қомдады,
Ұшуға өзін қамдады,
Қиял-қанатын самғады...
Жұмбақ боп кете барады-ау,
Адамның ақтық арманы.

Ойлауға солай себеп көп,
Сұрасаң "Сәбең не дет деп",
Айтады бірге болғандар
Деп еді Сәбең соңғы рет
"Тау жаққа шыққым келет!" – деп.
Дүниені думан, ән қылып,
Жетердей үні жаңғырып.

Елінің биік төрінде,
Жасайтын ұмыр мәңгілік.
Байлықтың басы – Сәбең боп,
Барлықтың басы – Сәбең боп,
Сіңгендей сәби санаға
Бір өзі байтақ әлем боп.

Ерлігін айтсақ ерен көп,
Еңбек еттім деп сенен көп.
Кім мақтана алар, уа, Сәбе,

Ізгілік іздеп адамға
Тұратын әрнеге елеңдеп.

Ұшқыннан от боп тұтанып,
Көрмеген ойы мұқалып,
Бәйгені бастап көбінде,
Жүргендей жырдың көгінде.

"Кәдімгі Сәбит Мұқанов!"
Жылдарда-дағы жұт, арық...
Көрмеген жүдеп, құты арып.
Барлық пен Байлық өлшемі –
"Кәдімгі Сәбит Мұқанов!"

2000 ж.

СӘБИТ ТАҢЫ

"...Жолында өзім ерген ұлы көштің
Бір талай мен қалдырған мүлік жатыр"
Сәбит Мұқанов.

Айта салған сөзім емес дәлелсіз –
Танығанға Сіз бір байтақ әлемсіз!
Жерді айналап күндер, күндер... тоқтаусыз
Өтіп жатыр, өтіп жатыр Сәбеңсіз.

Ойым әсем өрнектелмес мәнерсіз,
Қате дерсіз, бәлкім, жөн-ау, иә! – дерсіз.
Жиырма жеті жыл өтіпті-ау зымырап,
Сәбең алар, Сәбең берер сәлемсіз!

Ертіс, Есіл кетпесе де кері ағып,
Алыптарсыз кім не берді, нені алып?
Ғасырлардың қайраңында ең алып,
Бір кемеміз тұрып қапты-ау дем алып.

Көңіл шіркін кей-кейде өстіп бұзылар –
Тағдыр – тайғақ, жанды қарыр сызы бар.

Тәуба дейміз ӨМІР атты айдында
Мұқановтың мыңды айдаған ізі бар!

Артығырақ кеттім бе деп мына мен,
Орыстан да, қазақтан да... сұрап ем.
Бір кісідей кәрісі айтты, жасы айтты,
Деген сөзді "Сәбең – тұтас бір Әлем!"

Шындық айтсақ жия тұрып ұятты –
Төбеміздің жұлдыздар ғой жиі ақты.
Шоқ жұлдыздың бірі – Сәбит Мұқанов,
Ұлтымыздың баламасы сияқты.

Келді, міне, қос ғасырдың тоғысы,
Қазақ емес, емес тіпті орысы...
Шалғай жатқан бізден ата қонысы,
Мекен-тұрақ жайылымы, өрісі...
Талайлардың өкілі айтты –
Дегенді: "Сәбит – Ойдың жүйрік бәйге-торысы!"

Нұр боп, жыр боп қона салар бақ қандай –
Шаттандым-ау таңым шалқып атқандай!
Еркін елдің ерке ұлындай жарқырап,
Сәбең болып, Әлем болып көгімде
Ғасыр таңы атып келе жатқандай!
2000 ж.

СӘБЕҢ КЕТІП БАРАДЫ

Өмір – жарыс,
Бірде озып, бірде қалып...
Бірде шалқып қуанып, бірде налып,
Жүрген жансыз сырт көзге сыр алдырмай,
Өмір заулап барады – күндер ағып.

Сарқылмайтын дария – жыр әлемі,
Жыр әлемі – сұлулық, сыр әдемі.

Жарқыраған жан-жағың жанарды арбап,
Қиядан қылаң берген Құлагері,
Бәйгеңе қос, - дейтіндей, - сына мені!

Өзің құдай, өзің пір, өзің пырақ,
Пенделіктен шалғайда сөзің жырақ.
Дүниенің келбетін дөңгелеген
Көріп үлгере алмастай көзің бірақ.

Бәрі алдамшы, боласың түсінгендей –
Бір сұмдықты сезеді ішім нендей?
Көңілімде көлбеген елес-арман
Көлеңкесін кеудеме түсіргендей.

Бір күн ашық сөйлесе, мың күн ымдап…
Тұрған тірлік көңілдің шырқын ұрлап.
Жанындағы жарынды ұға алмайсың,
Іші тұрмақ адамның сырты жұмбақ.

Былай демен, қашан да алай демен,
Ойлай берсем түршікпес қалай денем.
Сырты – жұмбақ, қым-қиғаш қайшылығы –
Салғастырам Сәбеңді Абайменен.

Жолы – соқпақ, бұдырсыз даңғыл демен,
Сан қилы өмір кешемін әр күнде мен.
Сәбең – тағдыр қат-қабат ғұмыр кешкен,
Ұқсатамын кей-кейде Жамбылменен.

Бірде озып бәйгеде, бірде қалып,
Шалқып бірде қуанып, бірде налып…
Толассыз толқынымен қақпақылдап,
Өмір заулап барады, күндер ағып.

Өр қалпымен қараған әлемге тік,
Адамшылық рухы тәмем жеттік.
Ғасырлардың тоғысқан толқынында,
Сәбең кетіп барады, Сәбең кетіп!..

Сескенесің, әлде шын қорқасың ба,
Өмір – талқы сала ма жорта сынға.
Сәбең кетіп барады арпалысқан,
Бұйра жал толқындардың ортасында!..
2000 ж.

МАҚТАНЫП ҚАЙТТЫМ ЕЛДЕН...

О, Сәбе, айналайын рухыңнан,
Мың ұтып тіршілікте, мың ұтылған.
Желпініп ел сәлемін жеткізгенде,
Қуанып қарсы алғандай ұлы тұлға!

Тұнжырау тас мүсінде ұлы тұлға,
Кеудесінде ғасырдың мұңы тұнған.
Қасқайып қарсы жүзіп ағыстарға,
Танбаған ел жүрегін жылытудан.

Тірліктің несібесін күнде теріп,
Жүрсек те соңымыздан міндет еріп.
Аспаған асуымыз бардай еді,
Тастадың бел-белеске бір көтеріп.

Құлпырып көзді арбардай қызығар маң,
Айдындай көңілдерде жүзіп арман.
Торқалы туған жердің топырағын,
Сүйіп қайттым өзіңнің ізің қалған.

Ілесіп ұлы думан көшке міне,
Еліңнің шын қуандым өскеніне.
Ұлы Сәбең шомылған зәмзәм көріп,
Аққу боп жүзіп қайттым Дос көліңе.

Мәз болып, әзілдесіп, күлісіп ек –
Қалың ел бірінен соң бірісі кеп.
Қасиетті құшағына орап алды,
Сәбеңнің ізін қуған інісі деп.

Шаттықтан бір нұрланып, бір қызарып,
Сәуледей көкірегіме кірді жарық.
Жетпіс мың – жетпіс тиын өз алдына,
Мақтанып қайттым елден Жұлдыз алып!
2000 ж.

КІМ БІЛІПТІ ОСЫ

Қара сөздің де, өлең сөздің де пірі боп,
Жүрсең де, Сәбе, айта алмай қойдық ірі деп.
Қайдам-ау, бәлкім, қиналар ма едік бүгін де,
Ортамызда жүрсең Жамбылдың жасына тірі кеп.
Білесің, біздің Есіл бойында татар көп,
Татарға туыс жандардың таңы атар ма ед?
Аңдамай қалып шығарып алсақ төбеге,
Түсіреміз деп "компромат" іздеп жатар ма ек?..
Жасырмай ойынды айтқан кездерде өр, өктем…
Шатастырды деп керек еместі керекпен.
Арпа, бидайды ажырата алмай кебектен,
Екшеген болып өткізбей келдік електен.
Болмаса-дағы олжамыз содан табар көп,
Озып кетсеңіз өртеніп іштей жанар ма ек?!
Бір-біріміздің алдымызды орап жүрмесек,
Кім біледі осы, ҚАЗАҚ бола алмай қалар ма ек?!
2000 ж.

Темірше САРЫБАЕВ

МӘРИЯМ МҰҚАН КЕЛІНІНІҢ МОНОЛОГЫ

Алмасса да неше күз, неше көктем,
Секілдісің қасымнан кеше кеткен.
Сағындым ғой, Сәбем-ау, аңқылдаған,
Сенен хабар келмейді не себептен?!

Сарғаяды бұл күнде санамда мұң,
Ақтаруға асығам саған бәрін.
Қазір келіп қалардай қысыламын,
Жинайтыным – қағазың, қаламдарың.

Сүртетінім – кітабың, сауыттарың,
Қажетіңнің тыншымын тауып бәрін.
Күн батқанша күйбеңдеп, сілелеймін,
Сезем сосын,
Алдымда қауып барын!..

Көз алдымда күлгенің, шаттанғаның,
Шаттанғаның – шалқып сыр ақтарғаның.
Елесіңмен күн кешем ертелі-кеш,
Кәрілікке дауам сол – тапқан дәрім!

Тілеп алып әлі де басыма әлек,
Қарайлаймын қазанға, асыма көп.
Дастарханның бір шетін ала отырам,
Сен шынтақтай кетердей қасыма кеп.

Мен де аунармын, рас-ау, Ақтанкерден,
Үмітім бар өздерің жатқан белден.
Арманым жоқ, атыңды ардақ тұтар,
Халқым үшін мың тоба, мақтан көрген!

Опа берер кісіге ой қаншалық,
Кейде күдік кетеді ойран салып.
Қолтығымнан демей бер, рухыңмен,
Асқар тауым, айбыным – қайран, Сәбит!

2000 ж.

Серік ТҰРҒЫНБЕКОВ

САҒЫНАМЫН СӘБЕҢДІ

I.

Біле тұрып адал жолдан аттаса,
Күле тұрып кіл өтірік мақтаса,
"Поэмалар", боямалар қаптаса,
Кей ағалар арқамыздан қақпаса,
Сол бір сәтте сағынамын, Сәбеңді.

Өзі түгіл өзге есебін білмесе,
Көре тұрып көзге сені ілмесе,
Ғайбат сөйлеп "оны қой" деп тілдесе,
Бірге отырып шәй ішпесе бір кесе,
Сондай сәтте сағынамын, Сәбеңді.

Жаңылыссам әдетімнен, ғұрпымнан,
Іздегенде құмарлықты құлқыннан,
Бір бұлақтың көзін бітеп бұлқынған,
Бәз біреулер сатып кетсе сыртымнан,
Сондай сәтте сағынамын, Сәбеңді.
Кей біреуге оғым болмай атарға,
Кейде тамшы нәр таба алмай татарға,
Бәрін ойлап ұйқым келмей жатарда,
Жалғыз шығып кеткен кезде сапарға,
Сағынамын, сағынамын, Сәбеңді!!!

II.

Пейілің бар даладайын,
Мінезің бар баладайын,
Табысуға, танысуға,
Қажет емес ара ағайын.
Бала күнгі ізіңді іздеп,
Қызылжардың қарағайын,
Тынбай кезіп аралайын.
Дауысыңды сағындым ғой,
Жанға жақын, жан ағайын!

2000 ж.

Ғазиз ЕШТАНАЕВ

ТАҒДЫРЫНДА ТАРИХ БАР

...Құдай-ау, мыналар енді Сәбитке де тыныштық бермейін деді ме...
(Қасен қарттың сөзі).

Сайқал ойлар тағам дейді саған мін,
Білместігін кешір, баба, балаңның.

Ақ, қараны айыра алмау әдеті,
Саясаты салғыласқан заманның.

Көшелі ойлар айналғанда күңкілге,
Жасандылау шығады екен күлкің де.
Итің-итің ит тірлікте айтшы өзің,
Итбайлардан ұрпақ қалмау мүмкін бе?

Қас жауыңа қайратыңды сес қылдың,
Енді таптап кете алмайды көшкін – күн.
Қамшы үйіріп, ат ойнатар басыңа,
Көзі жоқ деп айта алмаймын Кошкиннің.

Секемшілдер сені де жүр сынаққа ап,
Ебін тапса ер тұлғаңды құлатпақ.
Амалым не?!
Адасқандар жүр әне,
Ақиқаттың ауылынан жырақтап.

Санамызды алмаған соң сілкінтіп,
Жақсылық боп жарытпайды ғұрпың түк.
Қиқым терген қыли көзді Қитарбай,
Сейфолланың Сәкенін де жүр тінтіп.

Бар мүлкіңді байтақ елің мұра ғып,
Өлтірмей жүр, өнеген боп тұр анық.
Шынар ағаш шайқалады – сынбайды,
Соны ұқпайды түйсіктен тұл мына қырт.

Аяз қарып, жауратты рас сан ызғар,
Ақпаны бар тіршілікте тамыз бар.
Өзің жайлы бүгін жазған естелік,
Ертеңгі күн айтылмайтын аңыздар.

Шырылдатып санасы да бұлтақ күн,
Бақытыңды байтақ елмен бір таптың.
Жайсаң баба, жадында атың жазылды,
"Сұлушашты" жатқа айтатын ұрпақтың.

Сәл сабыр ет, ел естісі кеңессін,
Қырттың сөзін жұрттың сөзі демессің.
Тағдырыңнан тарих тани алмасақ,
Оған Сәбе, сен кінәлі емессің.

Келдім мен де, көңілде күй, жыр–ақық,
Дос көліне хош көңілді құлатып.
Төрден орын ұсынып тұр, төре – жұрт,
Бағаңды айтар анау емес, Уақыт.

2000 ж.

Бауыржан ҚАРАБЕКОВ

БОТАКӨЗ

Балауса кезім есімде,
Қойлы ауыл, құмы Қызылдың.
Даламның дарқан төсінде,
Қызығып қызға бұзылдым.
Жастықтың ғажап сезімін,
Ұқтырған еді "Ботакөз".
Көңілдің шыңдап төзімін,
Нық тұрған еді "Ботакөз".

Қосылып достар айтатын,
Жырымыз болды "Ботакөз".
Тербеліп тасып қайтатын,
Сырымыз болды "Ботакөз".
"Есею жылдар..." естегі,
Әніміз болды "Ботакөз".
Қып-қызыл іңір кештегі,
Сәніміз болды "Ботакөз".

Сол күннен оқып Ар болған,
Жұлдыздың аты "Ботакөз".
Мәңгілік маған жар болған
Бір қыздың аты Ботакөз.

2000 ж.

Тұрсынай ОРАЗБАЕВА

МҰҚАНОВ ЖАЙЛЫ СЫР

Керек пе, біреулердің мақтағаны,
Әлек боп адал жанды ақтағаны.
"Қараша елдің ақаусыз жыршысы – ол",-
Деп айтар айырған жан ақ-қараны.

Даладай ұлылық бар тұлғасында,
Мұрасы сыймайтындай бір ғасырға.
Өзі өлгенмен, өлмейтін сөзі қалды,
Айналып мәңгі елінің сырласына.

2000 ж.

Темірақын ЖАҚЫП

КӘДІМГІ СӘБИТ МҰҚАНОВ

С.Мұқанов, ұлттық контрреволюциялық топтың белсенді мүшесі, оның қолтығына су бүркуші әрі буржуазиялық ұлтшыл ретінде КП(б) КАК-і Фрунзе бюросының шешімімен партия қатарынан шығарылды.
("1937-1938 ж.ж. Қазақстандағы саяси репрессиялар", 1998, ж., 181-бет).

Көбейіп көңіл алаңы,
Жүргенде жүйке жұқарып...
Баураған сөзі сананы,
"Ұшқыннан – жалын" тұтанып.
"Советтік сөзге қаламы,
Көрмеген әсте мұқалып.
Мұны жазған адамы
Кәдімгі Сәбит Мұқанов..."
Қазақы сөздің құты анық,
Кәусарын ғана жұталық.
Шау тартпас шалқар шабытты
Сәбеңді қадір тұталық!

II

Таныпаған тап ісінде көмескі үн,
Шарықтаған шағаласы Кеңестің –
Сәбең, сірә, бәзбіреудей бүгінгі,
Бұлаң құйрық – түлкі мінезді емес-тін!
Бір берілсе, шын берілер Ер еді,
(Жұрт мұны да бойына мін көреді).

Биіктігі – зеңгір көкпен ұштасар,
Тым тұңғиық түсінгенге тереңі...
Дархандығы – даладай,
Аңғалдығы – баладай...
Нар тұлғалы нағыз қазақ Сәбеңді,
Қиянатқа қалай қиям қарадай?!.

III

Асылымның сынығы,
Айдынымның тұнығы,
Шежіремнің шырыны,
Шаңырағымның уығы,
Тұлпарымның тұяғының дүбірі,
Сұңқарымның қиығының суылы!...
Көзге елестеп: көзі тірі қарт Абыз,
Құлағымда күмбір қағып тұр үні...
2000 ж.

Айжан РАШЕВА,
Петропавл қаласындағы классикалық
гимназияның 10-сынып оқушысы

СӘБИТ АТА

Сәбит ата, қайта тумас сіздей ақын,
Сіздей адам, сіздей ұлы, сіздей хакім.

Жалшылықта, жоқшылықта өлең-жырлар,
Қолдаған жылдар бойы қазақ халқын.

Ата, мәңгі сізді жүректер,
Сақтайды ұрпақ пен өрендер.
Даңқың, өлең, атақ отың,
Қайта жағамыз, сөнсе егер.

Үлгі алып, сіздің айтқан сөзіңізден,
Ешқашан шықпассыз сіз есіміздең.
Жас дауысым жерден көкке дейін,
Ақыныма ұшып жетті деп, сенемін мен.

2000 ж.

Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВ

ТАУ ТҰЛҒА

"Жол таптым бар қазақтың жүрегіне"
С.Мұқанов.

Дарқандығы қазақтың даласындай,
Даламен егіз туған жарасымдай.
Жол тапқан бар қазақтың жүрегіне,
Жазушы некен-саяқ дәл осындай.

Баламен де тілдескен, данамен де,
Бұрды алғаш бүйрегі қара өлеңге.
"Сұлушаштай" аңыздан дастан туды,
Жазушы боп танылды бар әлемге.

"Адасқандар" сырына асты құлақ,
Аялады албырт шақ, жастық ұнап.
"Жұмбақ жалау" тұманда желбіреді,
Кәусар сезім көздерін ашты бұлақ.

"Сырдария", "Теміртас", "Есіл" – деді,
Осы шығар көп түйін шешілгені.
Әр шығарма өзіне арна тапты,
Өзендердей Сарыарқа төсіндегі.

Өткен ғасыр құрдасы, сырласы да,
Тәңір берген бақ, талант бір басына.
Тәмамдады "Өмірдің мектептерін",
Өз халқының айналды тұлғасына.

Шоқан болып ойлады халық қамын,
Ардақтайды өсер ел алыптарын.
Ғылымның көгіндегі "Аққан жұлдыз",
Мәңгілігін ғұмырдың анықтады.

Қарайлады "Қазақтың қауымына",
Сөз арнады туысқан, бауырына.
Мойымады Мұқанов қай кезде де,
Иыққа артқан жүктің ауырына.

Жауынгер де күрескер сөз ұнаған,
Туа бітті шыдам мен төзім оған.
Сәбеңнің бойындағы бір қасиет –
Өз қатесін түзеткен өзі ғана.

Сыр іздеді сынтас пен сағанадан,
Ауылдарды жалықпай аралаған.
Мұқановты әйгілі Әуезов те:
"Жолы кең жазушы" деп бағалаған.

Даладай даркан адам, биік кісі,
Қалың елі қазақтың сүйіктісі.
Елдік мұрат сөз болса – қадірмені,
Ұлттық мүдде сөз болса – ұйытқысы.

Мұқановты мына жұрт біледі де,
Қара сөзде санайды тірегіне.
Халықтың дәл өзіндей қарапайым,
Жол тапты бар қазақтың жүрегіне!

2000 ж.

Баянғали ӘЛІМЖАНОВ

КЕДЕЙДЕН ШЫҚҚАН КЕМЕҢГЕР

Даналарын жинасаң да бар елдің,
Ортасында орны бөлек Сәбеңнің.
Шежіресі әрі көркем суреті,
Қазақ дейтін жұмбақ сұлу әлемнің!

Тұлғасы зор, қуаты мол, таудай тың,
Байырғының шалдарынан аумайтын.
Аппақ кәстөм-шалбарын да аямай,
Қараша үйдің киізіне аунайтын.
Май тамызып арғы-бергі аңыздан,
Сөз аспанын самұрықтай шарлайтын.
Жан адамды жатырқамай, жарқылдап,
Жақсылықпен жүректерін жаулайтын.
Академик-жазушыны бақыршы,
Батырақ деп айтқанға ешкім нанбайтын!
Көкке жетем деген аз ба биіктер,
Мұзарттарды жақын көріп сүйіп пе ел?
Өз бойына өлшем таппас өрендер,
Мәрт қазақтың мол шапанын киіп көр!

Қинағанда тағдыр – тарих халықты,
Қоян-қолтық елмен бірге қалыпты.
Ашаршылық аран ашқан уақытта,
Сапар шегіп туған жерге барыпты.
Қайткенде елді аман алып қалам деп,
Бар беделін, күш-қуатын салыпты…
Ауылдағы бір ағаның үйіне,
Сәлем беріп бірде түсе қалыпты.
Жеңешесі қайнап жатқан қазанын,
Жасырмақ боп қақпағымен жауыпты!
“Ақ ордадай босағаңнан аттадым,
Қолы ашық деп өзінді әр кез мақтадым.
Дептi Сәбең, не күн туды басыңа,
Қазаныңның жабатындай қақпағын?!”

Аштық елдің түгін қоймай жалмапты,
Талшық етер аша тұяқ қалмапты.
Алдандырып балаларын қазанда,
Су қайнатқан жеңгей сонда зарлапты.
Жал-жаяны кертіп жеген жайсаңдар,
Түз тағысын аулап жүрек жалғапты.
Қазы-қарта қайнататын қазанда,
Асқан екен нәпақа ғып тарғақты!
Сонда Сәбең жұбатыпты жеңгесін:
"Сына көрме, жан едің ғой ардақты!

Амал бар ма аштық деген құқайға,
Тәкаппарға талшық болар тұқай да.
Қазанымнан құт кетті деп қамықпа,
Сый табаққа тышқан салар Қытайда!"

Төмендетпей, рухтандырып ауылын,
Бірге көріп заманаңың дауылын.
Бірге жепті бір жілігін тарғақтың,
Қайран Сәбең, бұлтаңдатып ауызын!
Қарапайым, кең жаралған кім мұндай?
Адам жанын ұға білген мұңлық-ай.
Тоқшылықта тең сыйласқан жандардың,
Жоқшылықта кеткен сағын сындырмай.
Сол Сәбеңді сынағанша ағайын,
Сәбең құсап ұлы істерді тындырғай!

Сезіп, білген байлық пенен кемдікті,
Кезіп көрген бойлық пенен ендікті.
Өмір бойы жырлап өтті айнымай,
Адамзаттық теңдік пенен елдікті.
Шалқып жатқан мұхит – мұра толқытар,
Небір маңғаз марғасқаны ең мықты.

Жазған құдай маңдайына Сәбеңнің
Даламыздың дәл өзіндей кеңдікті!
Өсер әлі не бір ойлы өрендер,
Өткендерді бірақ оңай деменде.

От пен суды, мадақтауды адам боп,
Кешіп өткен Сәбендей бол, берендер,
Сөзі болып, өзі болып қазақтың,
Көгінде тұр кедейден шыққан кемеңгер!
2000 ж.

Кәкімбек САЛЫҚОВ

«ЖҰМБАҚ ЖАЛАУ»

Мол болатын кең жүрекке сиғаны,
Сол болатын – тілі, діні, иманы.
Ел мен жердің айтты бейнет, зейнетін,
Сәбит аға том-том етіп жиғаны.

Аласапыран күндерде ой тотыққан,
Елендедік, көп тебірендік толқып қан.
Сәбең еді, «Жұмбақ жалау» желбіреп,
Бар қазаққа қалың роман оқытқан.

Асау тайдың терін ерте төкпек пе,
Інісіне жанашырлық етпек пе?!
Сәбит жазған «латыншаны» үйретті,
Ермек тәтем бармай жатып мектепке.

«Жұмбақ» сырын өз таңдайым тата ма,
Рахмет айтам көп оқытқан атама.
Есен жүрсем жер бетінде жарыдым,
Сол күндерде талай алғыс, батаға.

Оқып бердім салқын үйде неше қыс,
Түтін жұттым от басында неше күз.
Ұшқыр жерін жатқа айтып тамсантсам,
Жарты кәмпит сыйлаушы еді шешеміз.

Тап осылай ашқан ұлттың санасын,
Сәбит аға тарлан еді жаны асыл.

Атам, әжем «Жұмбақ жалау» сырымен,
Толтыратын бес намаздың арасын.
Алдымызда басталардай бір тойы,
Қарт атамнан жақсылықта жүрді ойы.
Оқытатын сыйлы қонақ келгенде,
Шәйі қорек, бір мызғу жоқ түн бойы.

Сәбең шеккен білдік «Өмір мектебін»,
Көкіректерге көктеп пісер екті егін.
Байқап жүрдім жаным ашып бір түрлі,
«Жұмбақ жалау», «Ботакөз» деп кеткенін.
«Адасқандар» Алматыда жүргендей,
Мың толғандым көргеніме бір сенбей.
Елестейтін Ботакөз бен Асқар да,
«Оқжетпеске» жаңа жалау ілгендей.

Қызыл ала шарпып өтсе жолды алау,
Қиянат қой сөз қисынын қолдамау.
Құдай салған дана Сәбит аузына,
Шын мәнінде жұмбақ екен сол жалау.
2000 ж.

МҰХТАР МЕН СӘБИТ

Мұхаңды айтсақ Сәбең еске келеді,
Сәбеңді айтсақ Мұхаң кеңес береді.
Ұлттың рухын қос кемеңгер көтеріп,
Тереземді озық елмен теңеді.

Әсем әзіл олар жайлы көп мейлі,
Естіген жан ерсі көріп сөкпейді.
Көркем сөздің жасап алтын дәуірін,
Өтті екеуі десем тарих жөптейді.

Кейбіреулер үрлеп қойып сөз желін,
Үкім жасар сайлап сиқыр безбенін.
Дау-дамайға мінгестіріп кетеді,
Мінбелерден айтқан жарыс сөздерін.

Ауыл аулақ Алматыда «пыш-пыштан»,
Менің де жоқ осындайға ішқұстам.
Тіл тигізу қос қыранға жараспас,
Арпалыста Айға ұмтылып бірге ұшқан.

Дүлдүлдердің барлап алтын іздерін,
Арнай алсақ жырдың айқын тізбегін.
Таршылықтағы тайталасқа малтықпай,
Жақсылықтарын келе берер іздегім.

Екеуі де өтті талай қысымнан,
Екеуін де күндер болды ықсырған.
Сәбең еді даралығын Мұхаңның,
Марапаттап зор атаққа ұсынған.

Бірі Алатау, бірі Қаратауымдай,
Әр күндері өтті тынбас дауылдай.
Сәбеңді де Мұхтар аға сыйлады,
Бір майданда білек қосқан бауырдай.

Дүлдүлдердей тізгіндесіп жарысқан,
Бейнелерін елестетсем ғарыштан.
Екі саңлақ көрінеді көзіме,
Қос жұлдыздай кең аспанда табысқан.

Екі мұхит толқын жалғап тасыды,
Тереңдерден терген шексіз асылы.
Мұхтар, Сәбит мұрасымен көрікті,
Қазақтардың жиырмасыншы ғасыры.

2000 ж.

ҚАЗАҚ БАЛЬЗАГЫ

«Сәбеңді ұрпақтар ұмытпақ емес. Бұл – қазақ Бальзагы».
Мұқағали Мақатаев. «Күнделіктен».

Ауыр күндер өткеннен соң кездестік,
Ашық сырды ұқты ескен жел де естіп.

Мұқағали Сәбеңді үлкен сөз етті,
Арамызда жүрмеуші еді сенбестік.

– Қайтыс болды он сегізінші сәуірде,
Қарайлады құрдасына дәуір де.
Деп бастады алғыр ақын айтарын,
Қимастық бар әр сөзінде, әр үнде.

– Жиырма екінші сәуір күні қоштастық,
Мың, мың гүлшоқ, халық сансыз, көп бастық,
Кеңейгендей тар жолдары «Кеңсайдың»,
Табиғатпен мұң бөлісіп достастық.

Сарыарқалы әрең жеткен сан қырдан,
Жел құтқарды тым жылауық жаңбырдан.
Қаралы күй жан-жүректі жайлады,
Орман, тоғай дауыс қосты жаңғырған.

Бақи жолын бастап кетті ол енді,
Топырақ салдық басып талай елеңді.
Кей «дөкейлер» мұқатқанмен,
Мұқанов, мұқалмастай зор құрметке бөленді.

Батыр тұлға естен кетпес нұр жүзі,
Қалды артында сөздің нәркес құндызы.
От төсіне жұлдыз тақпай кетсе де,
Болды өзі барша қазақ жұлдызы.

Қоштасарда Мәскеу сөзін мөрледі,
Өзбек достым өз тілінде шерлі еді.
Сафаров та аталы сөз арнаса,
«Біздің Ғабең тым сыпайы сөйледі».

Уақыт солай... Ол да тұрды-ау қамығып,
Жатты Сәбең тірлік сырын жаны ұғып.
Үлкен жүрек күрт үзілсе шаршаған,
Тірілерге тіреледі бар үміт.

Не десе де дей берсін пақырлар,
«Сәбит үлкен дүние» – деуге хақым бар.
Нар тұлғамен қош айтысты нөпір жұрт,
Тап осылай аттанады-ау асылдар.

Азаматтық ар-намыстың заңғары,
Ұлтжандылық ұлылығы тағы бар.
Шежіресі жиырмасыншы ғасырдың,
Қазынасы мол Сәбит – қазақ Бальзагы.

Деген сөзі қалай бойға тарамас,
Тыңдап тұрған секілденді бар Алаш.
Қос жанары жарқ еткенде Алатау,
Төңкерілді ақша бұлттар аралас.

2000 ж.

Мыңбай РӘШ

АСЫЛ АРМАН
(баллада)

"Әлара" дейтін шағында,
Болған ем талай бұрын да.
Көз жауын алған маңына,
Кеп қалдым тағы Қырымға.
Қыркүйек кезі болатын,
Қызуы солғын күннің де.
Шағала шаңқыл қағатын,
Машықты сол бір үнінде.
Дөңбекши кейде дауылда,
Лақтырар таудай толқынын,
Жабырқап бүгін жауында
Тапқандай теңіз мол тыным.
...Бишігін оттан ойната,
Осқылап бұлтты нажағай,
Кемпірқосағын жайната,
Ашылған күннің ғажабы-ай!
Ашудан теңіз, тез кейде,

Айығар пендем секілді.
Жарқырай қалар лезде,
Құбылып күнмен не түрлі.
Чеховтың мұражайынан,
Мәриям жеңгей қасында.
Күн сүйіп торсық маңдайдан,
Басқыштан басып асыға,
Қыраулы мұртын сипалап,
Жарқ етті бірде жан Сәбем.

Білдіріп бізге ишарат:
Сендерді, – дейді – аңсап ем!..
Руставели Шотаның
Барып ем мүшелтойына...
Ыстық қой жерің – Отаның,
Қазақтар түсті-ау ойыма!

Сағындым "Қызылжарымның"
Үскіре соққан боранын,
Мыңғырған малын ауылдың,
Жайқалған дәнін даланың.
– Балақай, қайда тынығып,
Жатқаның жайлы айтарсың.
Келіңдер бізге қыдырып,
Ыстық шай ішіп қайтарсың!..
Сондағы қайран Сәбемнің,
Қазақи жағын сағындым.

Жомарттығын әлемнің
Жаятын жанын сағындым!
Қарияларға, кішіге –
Қарапайымдылығын сағындым,
Пейілін төгер кісіге –
Дара пайымдылығын сағындым.
Бұрқырата жазатын –
Жан үнін ғажап сағындым.
Адамдық оты маздайтын
Дарынын ғажап сағындым!

* * *

Жағажайда бір күні,
Толғанып Сәбем отырды.
Жағаны сүзіп мың түрлі,
Тулады теңіз толқыны.
– Ассалаумағалейкум! – деп,
Інілік сәлем беріп ем,
– Отыра ғой бертін, – деп,
Сұхбатын құрды менімен.
– Һым… қалай, бала, ахуал,
Бала-шағаң аман ғой?..
– Бір күйше сол бір тату хал,
Құбылып тұрған заман ғой!..
…Қарадым ұзақ сүзіле,
Күйбеңді күндер кездері –
Жұмбақ мұң бардай жүзінде –
Жарасқан әжім іздері…
– Һым – деді ол – ортақ өгізден,
Артық қой бұзау оңаша!
"Тәуелсіз елім" дегізген,
Келсе ғой заман тамаша!..
...Сәбеме және қарадым
Тереңдей түсті әжімі.
Сол сәтте оны аядым,
Тағдырдың ғой деп жазымы.

* * *

Отыз жыл өтіп кетіпті-ау.
Сәбемнің сол бір арманы –
Ақиқат болып бекіпті-ау,
Жайқалып жасыл орманы,
Көгілдір туы желбіреп,
Көтеріп жеке шаңырақ,
"Ботакөздері" мөлдіреп,
Қолдапты баба – аруақ!

Тәуелсіз Қазақстанның
Дауысын тыңдар бар ғалам!
Тарқады, Сәбем, құштарың –
Арманың елге арналған!

2001 ж.

АТТАСТАР

Болатын күн бұлыңғыр кешке таман,
Бөрідей ұлы соғып тұрды боран.
Мұз Мұхит жағалауы қалған шалғай,
Жолығар жолаушылар қараң-қараң.

...Аңшылар "быт-быт" мотор шанасы бар,
Жүргінші бұғы жеккен "модасы" бар.
Бір сәтте шыға келді түйе жеккен,
Мұндайда кімнің нендей шаруасы бар.

Қар қасына, мұртына боран қатқан,
Ай жүріп мұз мұхитты тастап артқа.
Арулап жегіп алған "Ақ аюын",
Кәдімгі келе жатқан Сәбит қарт та.

Тар көпір... теке тірес қалыптағы,
Жөн-жосық жолаушылар анықтады.
– Әу, жол бер! Әйтпесе... деп сес тастады,
– Сен кімсің?
– Атаңмын ғой тарихтағы...

Бергісі келмей жолды Досанов тұр,
Ақ аю да ақырып қасарып тұр.
– Ау, сенің аты-жөнің кім болады?
Тар көпірге таласпа жасанып құр!

– Атым Сәбит әйгілі Досановпын.
– Дұрыс! Бопты... мен дағы хош алыппын!
Әу, тұңғыш кескен мен едім тұсауыңды
Сездің бе енді? Мен Сәбит Мұқановпын!

"Ақ аюды" Әуезов мақтағанда,
Анаң сені толғатып таппаған да.
Кешіремін, әрине, байқамадың,
Қарсымын мен кейістік сақтағанға!

– Солтүстікте болғанмен басы қыстың,
Кешір, Сәбе, жасадым қапылыс тым.
Сіздің тойға үлгермей қалам ба деп,
Жолға шығып кетіп ем асығыс тым.

Кешір, Сәбе, бір жолға кешіріңіз,
Екеуміздің аттас қой есіміміз.
Мүшел тойға кеп қалар Алматыдан,
Мәриям әжем, Сіз сүйген жесіріңіз!

Досановтың түйесі барқылдады,
Шегінді де жас Сәбит жарқылдады.
– Е, бәсе, – деп қарлыққан дауысымен,
Қайран Сәбең күлкімен қарқылдады.

– Жолың болсын ал енді, бала Сәбит!
– Әлей болсын ұстазым, дана Сәбит!
Екі Сәбит жарасты әзілдері,
– Жазғандарың, Сәбем-ау, өшпес тарих!..

– Мұрт қойыпсың тап менен айнымаған,
Емессің бе осы сен менің балам?!
Кәне, кеттік Қызылжар қайдасың деп,
Күтіп отыр ЮНЕСКО – тойлы қалам!

ЖҰЛДЫЗДЫ ЖАРЫС

Ат жарысы! Адам ағыл-телегей,
Құнан жарыс қоздырады делебе.
Мұхтар, Қаныш, Ғабит келген бұл тойға
Шухов отыр қағып қойған шегедей.

Түр-түстерге тасталынды жеребе,
– Қай ат шығар екен, шіркін, мәреге!
Қарш-қарш шайнар ауыздығын тұлпарлар,
Сілтер тұсы тұяқ басқан кәдеде.

– Біздің күрең келіп қалар бұйырса, –
деді Әбділдә құйғытатын құйынша.
– Ал, мен қосқан қасқа шаңын көрсетпес,
Ырғитын кеп қарағайдан тиінше,
Деп қояды, Қалижан да қалыспай,
– Қойыңдаршы алдын ала жарыспай,
Тұр Ғабиден насыбай сап ерніне,
Сіздікі ше? – деп Сәбеңе дыбыстай.

Бурыл мұртты, беті қызыл шырайлы,
Күлімсіреп бір шолды да маңайды,
Сәбең-дағы сөйлеп кетті бөгелмей,
Әңгімемен ұмытып тұрған талайды.
– hым… құлағын қамшылаған қамыстай,
Мен қосқан ат жаралғандай жарысқа!
"Аққан жұлдыз" деп айдарын тағып ем,
Мен секілді басар, бәлкім, намысқа!…

Ә, дегенше кетті жарыс басталып,
Қай ат озар?.. – Жатыр назар тасталып.
Жетінші де айналымды көре алмай
Көбіктері талайлардың бос қалып…

– Торы төбел тарланым-ай, әнекей!..
– Менің жирен саңлағым-ай, әнекей!..
– Үшінші боп келе жатқан, япыр-ау,
Біздің шабдар! Қарай гәр-ей, бәлекей!

Сәбең сұлық, көрмей қосқан жүйрігін,
"Не деп болар бір алланың бұйрығын?.."
Күтеміз де соңын тосып ағайын,
Үміттерін, айтындаршы, тыйды кім?" -

Тұрған еді Сәбең сәл-пәл жабырқап,
Сәлден соң-ақ берді тәңір жарылқап.
– "Аққан жұлдыз" алға шықты жарандар!..
Көрермендер шүйілісті таңырқап.

Сәтті болды соңғы оныншы айналым!
"Аққан жұлдыз" – Шоқанымнан айналдым!
Атты аспанға Сәбең бастан бөрігін,
Көзбен көріп армандаған байламын.

...Бала Шоқан жетектеді жүйрігін,
Бас жүлдегер – алды Сәбең сыйлығын!
– "Аққан жұлдыз!" Мақтан жұлдыз! – деп тұрды ел,
Мамырдағы сәулесін мол құйды Күн!

2001 ж.

Еслəм ЗІКІБАЕВ

ҚОС ЖҰЛДЫЗ

(Баллада)

Жазира, жаздың майда бір кеші еді,
Шалғынмен жүрген адам гүл кешеді.
Сарыарқа самалымен сусындаған,
Көңіл-ай, жас сәбидей күнде өседі.
Тумаса осынау жерде Сәбит, Ғабит –
Тап мұндай сұлулықты ел білмес еді.

Жәннат жеп қайда да көп көзді арбаған,
Жанынды соның бәрі қозғар ма эман.
Қаншама асыл жайында шежіредей –
Аңыз боп айтылардай сөз қалмаған.
Бабалардан жалғасып балаларға –
Басынан талайлардың озған ғалым.

Ірім бе деп ойлаймын, пірім бе деп...
Сиынсам, көтерердей жырымды ерек.

Екеуі екі шыңындай Алатаудың –
Елестету, сірә да, мүмкін емес.
Қос шырақтың бірінен бірі бөлек.
Айыра бастағаннан ақ, қараны,
Жазғандарын келеміз жаттап әлі.
Сәбиті бар елміз деп, Ғабиті бар...
Бар қазақ ұлдарымен мақтанады.
Айбынды екі арысы, екеуінсіз
Ашылмай қалар ма еді бақ-таланы?..

Арқаның жел тербеген дала гүлі,
Көзді арбар көркем өлең – тау, адыры...
Көктемдегі көшкіндей көз алдымда,
Тоғысып жатыр жөңкіп бар ағыны.
Айналып оралғандай бала күні –
Отырды ойға батып қайран, Ғабең,
Қас қағымдай екен-ау – қандай қысқа,
Сексен менен сегіздің аралығы.
Алыстағы сағымдай мұнарланып,
Біртүрлі шұбарланып бара ма үні?..

Байқап ем келген бойда-ақ, бағана мен,
Сағыныш сарғайтты ма сананы әрең...
Қаншама қауышса да қаламенен,
Көңілі қалғып барып оянды ма,
Адасып тапқандай-ақ Ананы әрең,
Балаға қандай ыстық Ана деген,
Данаға қандай ыстық дала деген!
Қызығып кереметтей келбетіне,
Аққудай айдындағы тербетіле...
Жұлдыздың жанарымен қарады әлем.

Шарқ ұрып сан қиялдың жетегінде...
Шарлаған алыс, жақын шет елін де.
Енді ұқты таңданудың бекерін де,
Меккеге күнде барып қайтса-дағы,
Өткізген бір сәтіне жетпейді екен
Қасиетті ата-баба мекенінде.

Шын ұққандай құдіреттің не екенін де!
Ол, бәлкім, ойлады ма осы сапар,
Қоштасып ақтық рет кетерін де.
Әсіре әшекейге төзбес әман,
Айтулы маңғаз қалпы, сөзге сараң.
Сол кеште ақтарылды-ау жұрт көзінде,
Біз білмес шыға келді өзгеше адам.

Қоймайтын жамандыққа жаны ұялай,
Сыр тербеп отырды бір қариядай.
Ай, жұлдыз аспандағы құлақ түрді,
Жұрт кейде күңіренді, жылап, күлді...
Армансыз ағылды-ау бір дариядай!
Сырдың кеші ұласып жыр кешіне –
Көрінді сән ұядай, ән ұядай.
Ақтарылды Сәбең мен Мұхаң жайлы...
Қай кеуде, көр болмаса, тұтанбайды.
Көгілдір сөгілгендей көбесінен,
Гүлдің де мөлдіреген бүрі ашылды,
Көмілген көмбелердей мұра сынды.

Қанша жаз содан бері, қанша көктем...
Емен де бүршік жарды, арша көктеп.
Артта алыс жылдар қалды жұмбағы көп,
Құбылып көңілдерді дел-сал еткен.
Қоштасып отырды ма туған жермен,
Шет жайлап өмір бойы аңсап өткен.
Тағдырының тылсымын іздейтіндей,
Әр жаққа алып ұшқан әр себеппен.

Аялап сал сезімін құсбегіндей,
Сексенде серпін атып,
күш кемімей...
Ұшқындап ойларынан от өргендей,
Бал сезім жерден басын көтергендей,
Бір сөзі бір сөзінен түскен үдей.

Қызығын тіршіліктің шеттеп көріп,

Із-түзсіз бәз біреудей кетпепті өліп.
Тірлігінде-ақ айналған аты аңызға,
Жүргендей әлі күнге ортамызда,
Ауыл, көше, сәулетті мектеп болып…

Аспанмен астастырып биіктігін,
Әр сөзінен даланың жиып гүлін,
Қойғандай Кеңсайға емес, қалың елі,
Қастерлеп жүрегіне сүйікті ұлын.
Ғабеңнің оттай ыстық құшағына –
Бәріміз жүргендейміз сыйып бүгін.

Жасаған қиянаты жоқ біреуге,
Қиянат – осы өмірден өтті деу де.
Қара сөзден кеткендей қамал соғып,
Алауы басылмайтын отты кеуде –
Данадай даңқы биік Көк тіреуде!
Тебіренбей жүре алар ма ел дегенде ер,
Еміренбей тұра алар ма ер дегенде ел.
Сәбең менен Ғабеңді қатар туып,
Ән-бесікте аялап тербеген жер,
Тербеген жер, көңілімде көлбеген жер!

Мұнартып көз алдымда өрден сағым,
Тұрардай ауып әр кез елге аңсарым.
Ғабеңді әз анадай тербеген жер,
Мені де тербейтіндей келген сайын,
Ай жүзі ажарланып көрген сайын.

Сәбит, Ғабит! Бірі – іні, бірі ағадай,
Ғасырмен қатар туған ғұламадай.
Екеуін тербеген Жер – Алтын Бесік,
Екеуін өсірген Ел Ұлы Анадай!

Тілден терең, тұңғиық теңіз жоқ деп,
Егіз туған жандардай, егіз көктеп…
Ел мерейін көтерген бірге жүріп,
Өнерге де өлместей егіз боп кеп.

Жинасам сол Анаға ғалам жырын,
Сыйласам жер-жаһанның тамам гүлін,
Тебіреніп, жас баланың күйін кешем,
Аз болып көрінердей маған бүгін.

Ақын ба толқымаған, шалқымаған...
Шабыттана бермейді әр күні адам.
Қос жұлдыздай туа қап бір мезгілде,
Қазағының көгінде жарқыраған.

Ақ сарайдай алдымнан ашылатын,
Ақша нұрдай әр қырдан шашылатын,
Дос түгілі, дұшпан да бас ұратын,
Сәбит, Ғабит ғасыры десек еді,
Қос жұлдыз қатар жанған ҒАСЫР атын!

2002 ж.

ҚАЗАҚТЫҢ ҮШ АСЫЛЫ

Сөзі Кәкімбек САЛЫҚОВТІКІ
Әні Мұратхан ЕГІНБАЕВТІКІ

Сәбит, Ғабит, Ғабидендей алыптар,
Қазағымның сөз кестесін анықтар.
"Жұмбақ жалау",
"Қарағанды",
"Ұлпандар",
Жер, жаһанда мәңгі-бақи шарықтар.

Қайырмасы:

Сәбит, Ғабит, Ғабиден,
Жанға намыс, ар үйген,
Қазақтың үш асылы.

Қатарласқан қостары,
Мұхтар аға достары,
Жайлаған бір ғасыры.

Сәбит, десең Есіл, Көкше желі еспек,
Ғабит десең ғашық бейне кеңеспек.
Ғабиден мен Қарағанды егіздей,
Бәрінен де тұрар қазақ елестеп.

Қайырмасы.

Үш теңізім, үш дария, үш тауым,
Басылмайтын үш бұрқасын, үш дауыл.
Ата-баба аруағы қолдаған,
Үш жайлауым, үш ардақты қыстауым.

Қайырмасы.

2002 ж.

Бақыткерей ЫСҚАҚ

ҚЫДЫР АТА – СӘБИТ МҰҚАНОВҚА

Өткеннің қыр мен ойын ой кезеді,
Тәлім ап, заманға сай бой түзелді.
Тарихын ұмытқан жан, кең ойланбас,
Жүрген жол келер күнге кіргізеді.

Елдік жоқ, тектілік жоқ ұмытқанда,
Бұзылған санасы оның ұрық, қанда.
Тарих болашақты адастырмас,
Өткен күн ойға түсер зарыққанда…

Өзіңмен, Сәбит ата, сырласамын,
Ақтарып томдарыңды жылда ашамын.
Парақтап ашқан сайын сомданасың,
Қазынасы секілді жыр қазанның.

Шықпайды биік шыңға тегін адам,
Тер төгіп кедейліктен кегін алған.
Әкеден алты жаста, сары бала,
Шешеден жеті жаста жетім қалған.

Жалшы боп ауыл үйдің арасында,
Ойнапсың домбыраның сағасында.
Қосында қойшылардың бақыршы боп,
Жүргенде хат танысың шаң астында.

Он төртте өлең жаздың "Жалшы зарын",
Қорқыпты тілі ащы деп қарсы жағың.
Көксепті "Бостандық" деп іштегі кек,
Көтерді төбесіне қоңсы табың.

Жер бар ма қызыл оттан өртенбеген,
"Сұлушаш" қаламында өркендеген.
Кедейдің өмірін айт осы өлеңмен,
Жаса таптық шығарма!" – деген Сәкен!

Кеңесін кеңге жайып орындапсың,
Алдың кең арғымақтай арындапсың.
"Адасқандар" өмірін бермесін деп,
"Жұмбақ жалау" көтеріп жалындапсың!

Ғабит, Асқар, Ғабиден, Әбділданы,
Жетектеп топқа қостың алғырларды.
Әзілхан, Сафуан мен Тайыр ақын,
Жепті алғаш өз үйіңнен дәмді нанды.

Келмейді еңбек сіңбей атақ тегін,
Арманның ұялатып ақ кептерін.
Горькиймен кездескенде ой бөлісіп,
Жазыпсың "Өміріңнің мектептерін".

"Сырдария", "Алыптың адымдары",
"Балуан Шолақ" өнердің ағындары.
"Аққан жұлдыз", Шоқанның жұмбақ жолын,
Таңдапсың шығарам деп сағымдағы.

Япыр-ай, ұшан-теңіз неткен еңбек,
Жан баурар, қызыр жайлап шерткен дерек.

Елін сүйген жүректің мейірімі,
Бізде болса тоқтаусыз өркендер ек…

…Жастарды жиып әкеп алыс қырдан,
Ұстазға шапағат қол табыстырған.
Дарынын туған елге сарқып беріп,
Жақсыны жайсаңдармен таныстырған.

От жұтып, тас шайнаған өршіл жүрек,
(Кей пысық өсектеді-ау күншіл бөлек).
Мұрасын қолмен жазған, мына бізге,
түгелдей оқу үшін жүз жыл керек!

Елін сүйген – Сәбеңнен бастап оқыр,
Шындық Алатаудай асқақта тұр.
Өмірдерек мұражай шаңырағын,
Мәриям – алтын әжем ұстап отыр.

Бір жұтып ыстық, суық даласынан,
Бірге өткен жер мен көктің арасынан.
Төрт түстік, ұл мен қызы тәлім алған,
Қазақтың Мәриямдай анасынан!

Сәбеңнің бар бейнесі ел есінде,
Көріп ем, талай жиын кеңесінде.
Әзілі жарасатын "дұрыс" сөзі,
Атымтай – Жомарт мінез тек өзіне.

Жөн сұрап тарғыл үні сәл қырылдап,
Тегіңді тарататын ақырындап.
Қазақтың шежіресін жатқа айтатын,
Барған елде бір атқа тақымын сап.

Тұрмайды өмір тұрмыс бір қалыпты,
Мал-жанмен алдау қиын бұл халықты.
Жазғанын мына әлемде кім білмейді,
кәдімгі Академик Мұқановты!

Үстіне кимесе де жабағы алтын,
Ұлы Адам, ұмытпайтын ата салтын.
Ғафу ақын үйінде естен кетпес,
Қыдыр – Ата қолынан ет асадым!

Қаншама содан бері жылдар өтті,
Жер тартып, тас тарпыған жырлар кетті.
Жай отын шатырлаған бойына ұстап,
тіреп тұр өзіңіздей шыңдар көкті…

Аз бүгін өзіңіздей азаматтар,
Есімін қадір тұтып халық жаттар.
Аспаннан түскен бәрі "Ғайсамын" дер,
Астына мініп темір қазанаттар.

Бозарып, күн шығысын атар таңның,
күтіп тұр алды тұман "Батырағың".
Түндіксіз туырлықтар желпілдейді,
Байлаған қызыл уық шаңырағың!

Не жетсін өзіңіздей алыптарға,
Құрт түсті, қолқа, бауыр қалып шаңға.
Бастар ең тірі болсаң халқыңды ертіп,
Тап-тап боп, түстік көне қалыптарға!

Аспан, Жер, тілемеймін сенен сауға,
Ащы үнім, айналмасын ұлан дауға.
Мәді боп Сәбең рухы көтерілсе
Мақсат, талап бастар ед жағалауға…

Дауысым жарып шығып қапырықтан,
Самғасын, шыңдықты тәнір ұққан.
Өнер мен мәдениет жылы болып.
Төгілді ғасыр нұры шаңырақтан!

Дүние дүр сілкініп ойланды ақыр,
Сәбеңсіз өнер, жеңіс қайранда тұр.

Шілдехана жасаса өткен ғасыр,
Бұл ғасыр, дана даңқын тойлап жатыр!
2003 ж.

Есет ӘУКЕБАЕВ

ЕКІ АЛЫП

Мақтан боп сахараға туа білдің,
Сенімен қатар жасау қандай бақыт!
Сәбит Мұқановтың Мұхтарға арнауы.
30 қаңтар, 1946 жыл.

Сен Сәбитті Мұхтарға шағыстырма,
Алыпты екі аяла, қағыстырма!
Болса бірі – "Абай жолы" – жол анасы,
Бірі – "Өмір мектебі", қалыс тұр ма?!

Мұхтар, Сәбит талант сомдап, демеп нұрдан,
Көркемсөз екі шыңы ерек туған!
Болғанда бірі – заңғар, бірі – зәулім,
Жанаспай емес жалғыз бөлек тұрған!

Жүр ғой біреу бірін даттап, бірін мақтап,
Бөлшектеп ұрса бірін, бірін сақтап.
Ұра берсе, шыңдар да шағылады,
Сонда кім қазақтың бұл тілін таппақ?!

Мұхтар, Сәбит – көркемсөз арлы жаны,
Мұхиттың бергі жағы, арғы жағы.
Жеткізер арғы жаққа, жаққа бергі,
Екеуі кеменің Күн капитаны!

Жүр ғой біреу бірін жалған, бірін шын деп,
Жыртса бірін жағаның, бірін түр деп.
Жыра берсе, мұхит та тартылады,
Сонда, кім әлемнің бұл сырын білмек?!

Екі алып! Бұған тарих таласы жоқ,
Таласы жоқ – жоқ құласы, аласы жоқ!
Екеуін Құдай қатар жаратқандай:
"Көсілсін бүкіл қазақ данасы боп!"

Уа, Құдай! Ұрпақтың жас бер тілегін,
Жалын атсын! Мұхтар, Сәбит бер жүрегін!
Талантын бер, туған туа саф алтындай,
Болған ғашық сұлулардың бер білегін!

Бер, аяма, бер азамат, адамдығын,
Бер сөзіне, бер халқына адалдығын!
Шабытын бер телегей теңбіл теңіз,
Болсын десең, жазарда сөз қалам мығым.

Ойын бер ел тағдырын ойлап өткен,
Шалдығып, бірде шалқып, тойлап өткен!
Бер бірлікке, бер достыққа созған қолын,
Тәтті не бар дүниеде оған жеткен!

Сабырын бер ұшып-қонып жүгірмеген,
Бер намысын, қайсарлығын бүгілмеген.
Үмітін бер жастарға, үмітін бер,
Безініп өмірден еш түңілмеген!

Ұлылығын сақта, Құдай ұлылардың,
Жарқыраған жүрегінде күні бардың!
Ұлысы жоқ халық – мешел, ұрпақ – керең,
Демеймін: "Өлеңді бұл ұғынар кім?!".

2005 ж.

Садық НҰРЫМБЕТОВ

ШАПАНЫМ

Бірін Ғафур Ғұлам тойында жапты,
Бірін Сәбит жорам үйінде жапты,

Екеуі де маған жақын сияқты,
Қос халықтың ескерткіші шапаным.

Бірі қазақша да, бірі өзбекше,
Екеуі де еленерлік ерекше,
Кім де болса таңғалғандай демекші,
Менің үшін қымбаттысың, шапаным.

Біреуіңді тіккен Ташкент шебері,
Біреуіңде – Алматының өнері.
Мені халық құрметіне бөледі,
Достар берген қасиетті шапаным.

Сені көрген кім берді деп тіл қатар,
Дыбысыңды жеткізермін бірқатар,
Құтты болсын айтып бізді қуантар,
Кисем жарасар сұлу шапаным.

Есіткеннің көргісі де келеді,
Ұнатады сәулетіңді келелі.
Талай адам қолмен ұстап көреді,
Қызығады тігісіңе, шапаным.

Деп бергендей бұл сыйлар дос үніндей,
Жайнап тұрсың достықтың бір гүліндей.
Тату өскен қазақ, өзбек дос елдің
Белгісіндей көрінетін шапаным.

Екеуің де үлкен елдің сыйлары,
Алпысымда тарту етіп сыйлады,
Сені көрсем екі халық дидары
Көз алдымда елестейді, шапаным.

МАЗМҰНЫ

Ә.Қайырбеков. Сәлем сөз.....3

1940 – 1949 жылдар

Қ.Аманжолов. "Сәбитке".....5
"Ақындар бесжылдығы" (Достық әзіл).....5
Е.Омаров. "Сәбитке".....5

1950 – 1959 жылдар

Ж.Сыздықов. "Сәбитке".....6
Ғ.Жұмабаев. "Сәбит ағайға".....7
Қ.Аманжолов. "Тыңдаңыздар, артқы іні, алғы аға".....7
С.Мәуленов. "Сәбитке".....8
М.Хакімжанова. "Ақынға".....8
Ә.Сәрсенбаев. "Көктемгі тасқын".....10

1960 – 1969 жылдар

К.Әзірбаев. "Сәбитке".....11
В.Рождественский. "У озера Балхаш".....12
Т. Молдағалиев. "Сәбеңе".....13
Н.Сейілхан. "Сәбит аға".....14
Б.Жұмағұлов. "Алпыстағы атама".....15
Е. Ибраһим. "Поэзия маршалының бірісің".....16
Ұйғын. "Өлеңнің көгіндегі қырандайсың".....17
Қ. Маликов. "Ағаға".....18
Ж.Сапаров. "Қарақалпақ сәлемі".....19
К.Әзірбаев. "Ініме".....20
Ғ.Игенсартов. "Өмір академигі".....20
Ғ.Орманов. "Ақын аға, Сәбитке!".....24
Т.Жароков. "Сәбитке".....24
Д.Әбілов. "Поэзия алыбы".....25
С. Мәуленов. "Сәбит ауылында".....26

"Сарғайып таң атқан шақта"....29
Т.Мұқанов. "Інілік ізгі тілекпен"....30
"Тост көтерерде"....33
М.Әлімбаев. "Құрмет лебізі"....34
Т.Молдағалиев. "Шәкірт сөзі"....34
Ж.Сыздықов. "Қаламдас доска"....35
К. Райбаев. "Сыйлығым"....36
Ғ.Әбілов. "Біздің Сәбит"....37
Н.Оразов. "Ел ағасы"....37
Н. Ерғалиева. "Халық ардақтысы"....38
І.Зікібаев. "Жасай бер!"....39
Ғ.Жұмабаев. "Жүз жаса"....40
С. Анисимов. "Жаңа роман, жақсы жырдың авторы"....42
Б. Батырбекова. "Сәбит ағайға"....43
С. Машақов. "Шашуым"....44
Қ. Нығманұлы. "Құттықтаулар жүр бүгін"....45
С.Жиренов. "Іні сөзі"....45
З.Жүнісов. "Сөз зергері Сәкеңе!"....46
Ж. Нұртасов. "Көркем сөз ұстазына"....46
Г. Сейілжанова. "Сәбит ағаға"....47
Ғ. Қайырбеков. "Дала жартасы"....48
С. Кудаш. "Казахская степь"....49

1970 – 1979 жылдар

Ә.Омаров. "Дәу азамат"....50
А. Нұртазин. "Өнегелі өмір"....51
Т. Бердияров. "Сәбеңе"....51
К.Әлімбеков. "Сөзі қауһар, тілі бал"....52
М.Ементаев. "Қазақтың даласындай көңілі бар"....53
Ғ. Қожабаев. "Миллиондар махаббаты"....54
М. Қалдыбаев. "Қыран құсша самғаған"....55
Б. Ысқақов. "Сәбит атама"....56
М. Әшірбеков. "Сәбитке"....57
О. Аймағамбетов. "Сәбеңе"....58
А.Тоқмағамбетов. "Ұстаз аға"....59
Ғ. Малдыбаев. "Ағасың"....61
И. Әлібаев. "Қауһар дерсің"....62
С. Машақов. "Шынардай биік"....62
Қ. Баймағамбетов. "Аға тілегі"....63
С. Асанов. "Дұрыс"....64
Н. Абилева. "По делам – почет"....65
М. Әшірбеков. "Алғыс"....65

К. Алтайский. "Батыр с пером в руке"....66
Е. Ибраһим. "Жетпіске келген Сәбеме"....67
Ф. Оңғарсынова. "Жалғыз жалау"....68
Қ. Жүсіпов. "Сәбитке"....69
Т. Құрманғалиев. "Биік тұр елдің тілегі"....71
Қ. Алтынбаев. "Сәбит Мұқановқа арыз"....71
К.Әзірбаев. "Қош,Сәбит!"....74
С.Сауытбеков. "Ұмытпан мәңгі атынды"....75
Ж. Аймырзаев. "Сәбит ағайға"....76
А. Жақып. "Қайран, Сәбе"....78
В. Оленченко. "Незабвенному Сабиту Муканову"....78
М. Жансаева. "Қош, қымбатты Сәбит аға!"....79
"Май жыршысы"....80
Ғ. Қайырбеков. "Ұрпақ жүрегі соғар сен деп"....80
Ғ. Орманов. "Қош, бауырым!"....82
Д. Әбілев. "Советтік сөздің зергері"....82
С. Мәуленов. "Жаңбырлы көзі жасаурап"....83
Ә. Сәрсенбаев. "Көркемдік бағбаны"....84
Т. Молдағалиев. "Қош, Сәбе!"....85
М. Айнабеков. "Алатауы қазақтың"....86
Т. Шынтеміров. "Жұлдыз боп ағып көктегі"....86
Қ.Тоғұзақов. "Сурет сыры"....87
Қ. Ыдырысов. "Жан Сәбе"....87
А. Тоқмағамбетов. "Күндіз аққан жұлдыз"....88
М.Әлімбаев. "Өлімге қалай қиямыз"....90
И.Әлібаев. "Қоғамшыл, көпшіл дарқаным"....90
Ә. Меңдібаев. "Семсер сынды сағадан"....91
М. Мұқанов. "Қоштасқым келмейді"....91
А.Тоқмағамебтов."Сәбит Мұқанов туралы сөз"....92
С. Машақов. "Сағынамыз"....101
Т. Тәкежанова. "Аға едің..."....101
С. Сейтхазин. "Қайран Сәбең" (поэмадан үзінді)....102
Ж. Аймырзаев. "Есімнен кетпес есімің"....105

1980 – 1989 жылдар

С. Мәуленов. "Туған елдей тұлғалы"....106
"Жиырмасыншы ғасыр жыршысы"....108
О. Асқар. "Сәбит шыңы"....109
У. Темірбеков. "Таркамас той"....110
Қ. Бекхожин. "Сағыну"....111
В. Шестериков. "Жаман-Шубар"....113

Қ. Бұлақов. “Ақын ағаға”.....113
Ә. Абайділданов. “Зайсан көлі”.....115
“Құрмет жыры”.....115
Г. Айтмағамбетова. “Сәбитке”.....117
Ж. Бөдешев. “Сәбит Мұқановтың портреті”.....118
Д. Әбілов. “Дауылда туған”.....119
Ғ. Қайырбеков. “Бір толғау – бас толғау”.....120
“Сәбең жары”.....122

1990 – 1999 жылдар

Б. Кенжетайқызы. “90 жыл туғанына”.....124
Ж. Жанділдин. “Қыдыр карт”.....124
И. Әлібаев. “Сәбит Мұқановқа”.....128
“Сәбиттің домбырасы”.....129
Т. Кәрібозов. “Сәбеме”.....129
Қ. Әуелбекұлы. “С.Мұқанов ауылдастары арасында”.....130
Қ. Дәрібаев. “Әлі есімде”.....130
З. Әкімжанов. “Өлмейтін адам”.....132

2000 – 2005 жылдар

Т. Молдағалиев. “Сәбеңді құттықтайық жүз жасымен”.....134
К. Салықов. “Сәбит аға”.....136
Ғ. Жайлыбай. “Есілдей ескен Есілім”.....137
“Сәбең деген”.....138
Б. Ысқақ. “Сәбит атама”.....139
Е.Зікібаев. “Сиыну”.....141
“Ар боп туған анадан” (Сыр толғау).....143
“Кәдімгі Сәбит Мұқанов”.....147
“Сәбит таңы”.....148
“Сәбең кетіп барады”.....149
“Мақтанып қайттым елден...”.....151
“Кім біліпті осы”.....152
Т. Сарыбаев. “Мәриям Мұқан келінінің монологы”.....152
С. Тұрғынбеков. “Сағынамын Сәбеңді”.....153
Ғ. Ештанаев. “Тағдырында тарих бар”.....154
Б. Қарабеков. “Ботакөз”.....156
Т. Оразбаева. “Мұқанов жайлы сыр”.....157
Т. Жақып. “Кәдімгі Сәбит Мұқанов”.....157
А. Рашева. “Сәбит ата”.....158
Ә. Қайырбеков. “Тау тұлға”.....159
Б. Әлімжанов. “Кедейден шыққан кеменгер”.....161

К. Салықов. “Жұмбақ жалау”.....163
“Мұхтар мен Сәбит”.....164
“Қазақ Бальзагы”.....165
М. Рәш. “Асыл арман” (баллада).....167
“Аттастар”.....170
“Жұлдызды жарыс”.....171
Е.Зікібаев. “Қос жұлдыз” (баллада).....173
М. Егінбаев, К.Салықов. “Қазақтың үш асылы”.....177
Б. Ысқақ. “Қыдыр ата – Сәбит Мұқановқа”.....178
Е. Әукебаев. “Екі алып”.....182
С. Нұрымбетов. “Шапаным”.....183

КӘДІМГІ СӘБЕҢ


Сәбит Мұқановқа арналған жырлар

Құрастырған әрі жауапты редакторы Ә. Қайырбеков

Редакторы Г. Жетпісқызы
Техникалық редакторы З.Жайлықанқызы
Компьютерде терген Р. Отарова
Корректоры М. Қасен

Теруге берілді 03.03.08. Басуға қол қойылды 22.10.08.
Пішімі 84 х 100 1/ 32. Қағазы офсеттік. Әріп түрі Times New Roman.
Шартты баспа табағы 11,09. Есептік баспа табағы 12,00.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс 1029

ЖШС РПБК «Дәуір», 050009, Алматы қаласы,
Гагарин даңғылы, 93. Тел: 269-40-35, 242-47-69, 242-07-90


`kz_худ-Кадимги Сабен.Кайырбеков А.&170620922
Цена 1120